

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК
КГКП «Костанайский политехнический высший колледж»
Управления образования акимата Костанайской области**

**ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН
УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ КОМПЛЕКС ПО ДИСЦИПЛИНЕ /
ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ МОДУЛЮ**

БМ 01 «Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану»/
БМ 01 Применение профессиональной лексики в сфере профессиональной
деятельности

Мамандығы 0902000 "Электрмен қамтамасыз ету" (салалар бойынша)
Специальности 0902000 "Электроснабжение" (по отраслям)



Қостанай, 2021 ж

УДК

ББК

Рецензент:

Каркинбаева Гаухар Алтаевна

«Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану»: 0902000 "Электрмен қамтамасыз ету" (салалар бойынша) мамандығы бойынша оқу-әдістемелік кешен / Каркинбаева Г.А. – Қостанай. – «Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК

ISBN

Бұл оқу құралы техник –электриктерді Қазақстан Республикасының қазіргі ақпараттық кеңістігінде кәсіби коммуникацияларға практикалық оқытуға арналған. ХХІ ғасырдағы білім берудің басты құндылығы-диалог пен коммуникация үшін ашықтық. Оқу құралы кәсіби қоғамға және оның барлық салаларына өзін-өзі ұйымдастыру мен қарым-қатынастың жаңа формаларын енгізеді. Жұмыс пәнаралық сипатқа ие, мемлекеттік және кәсіби қазақ әдеби тілдері мен арнайы пәндер қиылысында құрылған.

**УДК
ББК**

Каз

№ ____ ____.20__ ж Қостанай жоғары политехникалық колледжі әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілген

ISBN

© Каркинбаева Г.А.,2021 ж

АЛҒЫ СӨЗ ПРЕДИСЛОВИЕ

Бұл оқу құралы кәсіби бағытталған және 0902000 "Электрмен қамтамасыз ету" (салалар бойынша) мамандығы, техник-электрик біліктілігі бойынша білім алушылардың аудиториялық және өзіндік жұмыстарына арналған.

Оқу құралының негізгі мақсаты-кәсіби бағытталған қазақ тілінің барлық формаларының дағдыларын жетілдіру, сонымен қатар болашақ техник-электриктердің коммуникативті мәдениаралық күзiреттiлiгiн дамыту.

Оқу құралының мiндеттерi:

- iздеу, зерттеу сипатындағы қарым-қатынас дағдылары мен бiлiктерiн дамыту

- кәсiби қарым-қатынас үшiн оқу, ауызша сөйлеу және арнайы терминологияны меңгеру, сондай-ақ студенттердiң лексикалық, грамматикалық бiлiмдерiн кеңейту, олардың мәдениетi мен бiлiмiн арттыру.

Оқу құралы келесi бөлiмдердi қамтиды:

1. теориялық материал
2. кәсiби мазмұндағы мәтiндер
3. кәсiби сөздер сөздiгi
4. бiлiмдi бақылауға арналған тесттер
5. глоссарий

Оқу құралында 0902000 "Электрмен қамтамасыз ету" (салалар бойынша) мамандығын ескере отырып, кәсiби бағыттағы мәтiндер таңдалды. Негiзгi кәсiби терминдер анықталды, тiлдiк материалды терең кәсiби түсiнуге ықпал ететiн тұжырымдамалық аппаратпен жұмыс қарастырылған.

Тұжырымдамалық аппаратты қалыптастырумен қатар, грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық және пунктуациялық дағдыларды қалыптастыру бойынша жаттығулар ерекше орын алады.

Оқу құралында кәсiби терминдердiң жүйелi сөздiгi, бақылауға арналған материалдар бар.

Оқу құралы қазақ тiлiнiң оқытушыларына, 0902000 "Электрмен жабдықтау" мамандығының техникалық және кәсiптiк бiлiм беру студенттерiне, техник-электрик бiлiктiлiгiне арналған.

МАЗМҰНЫ

№ 1 Бөлім. Тіл туралы мәлімет.

Тақырып 1.1 Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.....	6
Тақырып 1.2. Қазақ тілінің тарихы.	8
Тақырып 1.3 Сөз мәдениеті.	11
Тақырып 1.4. Заманауи қазақ тілі.....	14
Тақырып 1.5 Мәдени мұра: Тілдердің үштұғырлығы.	16

№ 2 Бөлім. Менің мамандығым.

Тақырып 2.1 Менің оқу орным. Электротехникалық бөлімі	18
Тақырып 2.2 Мамандық түрлері. Мамандық таңдау мақсатым.....	21
Тақырып 2.3 Менің болашақ мамандығым - техник- электрик.....	24
Тақырып 2.4 Техник –электрик маманының лауазымдық қызметі.	26
Тақырып 2.5 «Электрмен қамтамасыз ету» мамандығының пайда болу тарихы.....	29
Тақырып 2.6 Өндірістік тәжірибеде.....	32
Тақырып 2.7 Электрик бейнесі. Мәтінмен жұмыс.	34
Тақырып 2.8 Менің жұмыс орным.....	37
Тақырып 2.9 Маманның еңбек қызметі.	40
Тақырып 2.10 Техник –электрик маманы туралы.....	42
Тақырып 2.11 Электрмен қамтамасыз етудің сапасы.....	46
Тақырып 2.12 Электрмен үздіксіз қамтамасыздандыру жүйесі.....	48

№ 3 Бөлім Кәсіптік білім берудің негіздері.

тақырып 3.1 Никола Тесла - электротехника және радиотехника саласында өнертапқыш.....	52
Тақырып 3.2 Электр энергиясының маңызы.....	55
Тақырып 3.3 Электр энергиясының даму тарихы.	59
Тақырып 3.4 Электр энергиясы сапасының негізгі көрсеткіштері.....	62
Тақырып 3.5 Электр энергиясының қасиеті мен қолданылуы. Кәсіби терминология.....	67
Тақырып 3.6 Электр энергиясын өндіру мен тарату.....	70
Тақырып 3.7 Электр энергиясының көздері.....	73
Тақырып 3.8 Электрэнергетикалық жүйе.....	76
Тақырып 3.9 Электр өрісі туралы бастапқы ұғымдар.....	80
Тақырып 3.10 Электр тоғы және заряды. Терминдер.	82
Тақырып 3.11 Электр тізбегі. Терминдер және сөз мәдениеті.	85
Тақырып 3.12 Электрлік өлшеу бірліктері. Мәтінмен жұмыс.	88
Тақырып 3.13 Электр желісі	91
Тақырып 3.14 Электр стансасының түрлері.	95
Тақырып 3.15 Электрмен қамтамасыз ету жүйесінің жіктелуі	98

№ 4 Бөлім. Кәсіптік -бағдарлық мәтіндері.

Тақырып 4.1. Қазақстан электр энергетикасының қалыптасу кезеңдері	101
Тақырып 4.2 Қазақстан энергетикасы қорының жағдайы мен болашағы.....	104
тақырып 4.3. Қостанай энергоорталығы	107

Тақырып 4.4 Қайталау- қорытындылау сабағы.....	110
1 бөлімге арналған тест тапсырмалары.....	112
2 бөлімге арналған тест тапсырмалары.....	115
3 бөлімге арналған тест тапсырмалары.....	119
4 бөлімге арналған тест тапсырмалары.....	123
5 бөлімге арналған тест тапсырмалары.....	127
Тест тапсырмаларының жауаптары.....	131
Терминдер сөздігі (ГЛОССАРИЙ)	132

№ 1 Бөлім. Тіл туралы мәлімет

Тақырып 1.1 Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

1-тапсырма. Шахмат аты секілді жүріп отырып, Ғ.Мүсіреповтің ана тілі туралы айтқан ұлағатты сөзін оқыңдар.

Ана	үзеді	ұмытқан
адам	болашағынан	халқының
өткенін	тілін	қол
да	өз	де

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және мазмұнын түсіндіріп беріңіздер.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Бүгінде Қазақстан Республикасында тұратын орыстар, украиндер, түріктер, немістер, кәрістер, тағы басқа ұлт өкілдері қазақ тілінде сөйлей бастайды.

Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Тәуелсіз елдерінің Достастық мемлекеттерінде отыздан астам тіл түркі тілдер тобына енеді. Атап айтқанда: қырғыз, татар, әзірбайжан, өзбек, ұйғыр, башқұрт, кабардинбахар, тува, т.б.

Қазақ тілін білу осы мемлекеттегі жергілікті халықпен сөйлесуге, түсінісуге мүмкіндік береді.

Ертеректе қазақтар таспаға жазу үлгісін пайдаланған. Кейінірек арап харпін, сосын латын әліпбиін қабылдады. 1940 жылдан бері орыс жазбасына негізделген таңбалар тұрғысында жаңа әліпбиді пайдаланып келеді.

Ал қазақ әліпбиін орыс таңбасы негізінде құруда ағартушы – ұстаз Ыбырай Алтынсаринның еңбегі зор. 1879 жылы жазылған «Қырғыздар хрестоматиясы» кітабына орыс ағартушының тәрбиелік мәндегі шығармалары мен орыс ертегісі енгізіледі.

Сондықтан қазіргі қазақ әдеби тілін дамытуға Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың зор еңбегі сінді.

3-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, қазақ тіліне аударыңыздар:

Казахский язык является национальным языком казахского народа, проживающего в Республике Казахстан, в республиках Средней Азии: Узбекистане, Туркмении, Киргизии, а также в других странах ближнего и дальнего зарубежья: Российской Федерации, Азербайджане, на Украине, Литве, Эстонии, Афганистане, Иране, Турции, Швеции, Нидерландах, Иордании, Саудовской Аравии, Пакистане, Австралии, Швейцарии, Норвегии, Сирии, США, Англии, Синьцзян- Уйгурском автономном районе КНР и Монголии.

Казахский язык является государственным языком Республики Казахстан.

Казахский язык принадлежит к северной-западной (кипчакской) ветви тюркских языков.

4-тапсырма. Тілге байланысты мақал-мәтелдердің жалғасын табыңыздар.

1. Тіл - достықтың
2. Тілі өлген ел -
3. Өз тілің - бірлік үшін,
4. Тіл сүйексіз болса да,
5. Аузы құлып сандықты тіс ашпаса,
6. Аңдамай сөйлеген
7. Шебердің қолы — ортақ,
8. Бас кеспек болса да,
9. Піл көтермегенді
10. Ана сүті бой өсіреді,

5-тапсырма. Мемлекеттік, қазақ тілі, республика, әліпби, қыпшақ сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.

Грамматикалық материал

Орфографиялық норма

Орфография дұрыс жазу нормаларын белгілейді. Орфография (грек. orfos – «дұрыс», grapho – «жазамын») – жазба тілінде пайдаланылатын жазудың тарихи қалыптасқан жүйесі, біркелкі жазуды қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайтын және зерттейтін тіл білімінің саласы. Қазақ тілінің орфографиясы үш принципке негізделеді:

1. Морфологиялық принцип.
2. Фонетикалық принцип.
3. Тарихи-дәстүрлі принцип.

Морфологиялық принцип – сөздің морфологиялық құрамын ескеріп, морфемалар (сөз және қосымша) құрамында болатын дыбыс алмасуларын ескермей, бастапқы қалпын сақтап жазу. Мысалы: жамбады, жаңғанда түрде айтылатын сөздерге ортақ түбір – жан, сондықтан жанбады, жанғанда деп жазылады. Жазса, жазшы (айтуда жасса, жашшы) сөздерінде түбір (жаз) сақталып жазылады.

Фонетикалық принципте сөздер айтылуы бойынша жазылады, әрбір әріп фонеманы емес, дыбысты білдіреді. Амангелді, Ботагөз, кітабым (кітап+ым), тарағы (тарақ+ы), сексен, биыл түрінде жазылады да, фонетикалық транскрипцияға жуықтайды.

Тарихи-дәстүрлі принцип – сөздің бір кезде жазылып қалыптасқан, дәстүрге айналған түрін сақтап жазу. Мысалы, бұған қазақ тіліндегі хат, хабар, халық, қаһар, жаһан сияқты сөздерге х, һ әріптерін пайдалануды жатқызуға болады. Қазақ тілінде сөздерді дұрыс жазуда орфографиялық сөздікке сүйенеміз.

6-тапсырма. Берілген сөздерді орфографиялық принциптерге бөліп жазындар, ережесін түсіндіріңдер.

Морфологиялық принцип	Фонетикалық принцип	Тарихи-дәстүрлі принцип

Жазса, сенбі, фестиваль, түнгі, қашанғы, жарқабақ, орынбасар, көзбе-көз, тауып, қан қызыл, құлағы, бозжусан, көк дөнен, жүрегі, белбеу, керек екен, қолғап, самауыр, шәйнек, пәуеске, бөрене, пайда, хат, ес жоқ, жеребе, халық, шкаф, гауһар, бес жыл, он қап, жиһан, қаһарман, колхоз, гео- метрия, ауа, сәнқой, Досжан, жанкешті, тасжол, стақан, дүй- сенбі, қарлығаш, ашудас, сөзжасам, бозкөде, бозша, бүгін, жаздыгүні.

Тақырып 1.2. Қазақ тілінің тарихы.

Қазақ тілі тарихы – қазақ тілін зерттейтін ғылым саласы. Қазақ тілі тарихы шартты түрде: а) ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең; ә) ұлттық тіл білімі қалыптасқан кезең болып екіге бөлінеді. Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең 19 ғ-дың 2-жартысынан басталады. Қазақ тілінің граммат. құрылысы туралы алғашқы мәліметтер Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргиз-казахского наречия» (1860–61) деген еңбегінде ұшырасады. Бұл – қазақ тілінің кейбір ерекшеліктерімен таныстыруға арналған тұңғыш еңбек. Кейін М.А.Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875), П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» (1894, 1897), В.В.Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка» (1897), т.б. еңбектер жарық көрді. Қазақ тілін таныстыру мақсатын көздегендіктен бұл еңбектерде белгілі бір категориялардың сырын ашу, оның ерекшеліктерін анықтау жағы қарастырылмаған. Олар негізінен қазақ тілінің заңдылықтарын, орыс тілімен салыстырып, сол тілдің негізінде түсіндіруге тырысты. 19 ғ-дың 2-жартысында қазақ тілінің лексикографиялық жұмыстары қауырт қолға алынып, дами бастады. Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезеңде 40-қа жуық сөздік жарық көрді.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, өздеріңізге белгілі сөздерді орыс тіліне аударыңыздар.

2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беру

Өте ертеде бір дана қария өмір сүріпті. Ол дүниеден көз жұмар алдында қасына ұлын шақырып алып:

- Балам, менің мына дүниемен қоштасар күнім жақын. Өзіңе қалдырып бара жатқан бір асыл қазынам бар. Сен соны іздеп тап, ұқыпты пайдалан, ұқыпты қолдан,- депті....

Күндердің күнінде бала әкесі қалдырған қазынаны іздеймін деп әбден шаршайды. Бірақ әкеден қалған қазына таптырмайды. Амалы таусылған бала ел ішіндегі көпті көрген бір қариядан сұрайды.

- Әкеңнің сөзі рас, балам. Оның саған қалдырған мұрасы – тіл. Сенің әкең сөзге шешен кісі еді ғой. Бәріміз де сөз асылын сол кісіден үйрендік. Тілден қымбат қазына жоқ,- деп ақылгөй қария аталы сөздің шешуін айтып беріпті.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру:

1) Әкесі баласына тілді неліктен мұра етіп қалдырған? (Халықтың талай ғасырлар барысында жасаған материалдық байлығы мен рухани мәдениетін, әдебиетін, ұлттық дәстүрін ұрпақтан - ұрпаққа жеткізетін тіл. Қарияның баласына қалдырған асыл мұрасы - тіл арқылы жететін өнер - білім, мәдениет, ғылым, өткен - кеткен тарих, ата - баба дәстүрі.)

2) Тілден қымбат қазына жоқ дегенге келісесіңдер ме? (Әр халықтың тілі - өзіне тән қымбатты да қимас қазынасы)

3) Ана тілін неліктен қымбат қазынаға теңейді?

3-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша өзара диалог құрастырыңдар.

1. Қазақстанның мемлекеттік тілі қандай?
2. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебесін қай жылы алды?
3. Тіл туралы Заң қай жылы қабылданды?
4. Заң неше тараудан, неше баптан тұрады?
5. Сен қандай тілдерді білесің?
6. Қандай тілдерді игергің келеді?

4-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Алаш зиялыларын тіл мәселесі не себепті алаңдатқанын, бұл мәселенің әлі де күн тәртібінен түспеу себебін талқылаңыздар.

Алаш зиялыларының саяси және рухани күресінің негізгі мақсаты ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау болды. Әрине, осындай ұлан-ғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлері тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды.

А.Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта, адамы құрымай, жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл», – деп, ұлттық рухтың, бол-мыстың негізі де, арқауы да тіл екендігін алғаш аңғартты.

Ахаңның осы сөзіне орайлас пікірлерді Алаш зиялыларының көпшілігі білдірді. Айталық, Ғұмар Қараштың «Тілді сақтау-ға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз»; Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл»; Халел Дос-мұхамедұлының «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл –


күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек»; Мағжан Жұмабаевтың «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілінің болуы» деген жанашыр ойлары – біздің заманымызға үндес, өзекті пікірлер. Егемен елдің, дербес мемлекеттің мемлекеттік тілі бола тұра, тіліміздің өзінің тұғырына толық қонбай жатқанын ескерсек, Алаш зиялылары өсиетінің бағасы да, маңызы да еселеп артады.

Алаштықтар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі ретінде қарастырып, әсіресе жас ұрпақ тәрбиесінде алатын орнына ерекше назар аударды. Қазіргі кезде ана тіліміз өрісті тақырыптардың біріне айналып отырса, олардың алғашқы үлгілерін дүниеге келтірген де Алаш қаламгерлері болатын. А.Байтұрсынұлының «Туған тілім», М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі», С.Торайғыровтың «Туған тіліме» өлеңдері – қазақ әдебиетіндегі тіл тақырыбында жазылған тұңғыш көркем туындылар еді.

Алаш қайраткерлерінің тіл турасындағы осы көкейкесті ойлары азаттық алған бүгінгі қазаққа да жолбасшылық етуде.

(Ербол Тілешовтің «Алаш зиялылары және ұлт тілі» мақаласынан)

Грамматикалық материал



5-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінінде көтерілген мәселе бойынша өз ойларыңды дәлелдеп, әдеби тіл нормаларын сақтап, келісу/келіспеу эссесін жазыңдар.

6-тапсырма. Берілген тәуелденген сөздерді септіңіздер.Тілім, елім, қазынам.

Тақырып 1.3 Сөз мәдениеті

1-тапсырма. Тор көздерден Кей-Қабустың сөз мәдениеті туралы пікірін оқи ала- сыңдар. Төмендегі сұрақтарға берген жауаптарыңды Кей-Қабустың пікірімен салыстырыңыздар.

			сөз	Жақсы сөйлей			
		білген жөн.	сөйлей білу.	білуге үйрен:	өйткені		
	сөз өнері	Адам-заттың	Сөзді	сыпайы,	қандай	әдет-тенсең,	
Барлық өнерден	жақсы екенін	ең асыл	өз орнымен	анық сөйлеуді	сөзді	тіл	соны айтады.
		қасиеттерінің бірі –	сөйле.	әдет қылғайсың,	айтуды		

- 1.Сөз мәдениеті дегенді қалай түсінесіңдер? Адамдар ара- сындағы қарым-қатынаста сөз мәдениетінің рөлі қандай?
2. Қазақ тілінің қоғамдағы қолданылу аясы, өзіндік орны қандай деп ойлайсыңдар?

2-тапсырма. Мәтінді оқып шығыңдар, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтіндерге тақырып қойыңдар.

Сөз мәдениеті дегеніміз – «қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз; оның әрқилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па?» дегенге саяды. Сонымен, сөз мәдениеті – әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай қолдана білу.

Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағдыланған, әдеби тіл нормасына төселген адамның сөйлеген сөзі де, жазғаны да кедір-бұдырсыз жатық шығып жатады. Тіл амалдарын дұрыс қолданып, әдеби тіл нормасын сақтап, одан жөнсіз ауытқымауды сөз жатықтығы деп түсінуге болады. Тіл амал-тәсілдерін дұрыс жұмсауға, сөз жатықтығына ғана қанағат етіп қою жеткіліксіз. Сөйлеушінің сөзі әдеби тілдің нормасына сай дұрыс жұмсалуды және «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей», ой мен сезімді дәл жеткізе алатындай әсерлі болуы да қажет. Тілде толып жатқан амал-тәсілдер бар. Солардың ішінен аса қажеттісін талғап ала білу арқылы ой мен сезімді дәлме-дәл жеткізе білу шеберлігі – сөз мәдениетінің биік шыңы. Мұндай шеберлік, ең алдымен, тіл амалдарын әдеби тіл нормасына сай дұрыс қолданудан, сөз жатықтығынан басталады. Сондай қасиетке ие болғанда ғана

сөйлеуші, жазушы сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлілігі тәрізді сапалармен тыңдаушысын я оқушысын баурап алады.

3-тапсырма. Қазақ тілі туралы ұлт зиялыларының нақыл сөздерімен танысып, «Дербес пікір» айту тәсілі бойынша өз пікірлерінді айтындар.

Өзіндік пікір (ой, идея) – 1 сөйлем	
Дәлел – 2 сөйлем	
Өз пікірін айғақтайтын мысал – 2 сөйлем	
Өз пікіріне қарсы дәлел – 1 сөйлем	
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 1 сөйлем	
Қорытынды – 2 сөйлем	

Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйте-регі.

(Ж.Аймауытов)

Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады.

(Ғ.Мүсірепов)

Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!

(М.Әуезов)

Қазақ тілі – өзінің өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді, қысылтаяң қатал жағдайға қайрап, ерге, елге медет болатын ең әсерлі, ең әдемі шешен тіл.

(Б.Момышұлы)

4-тапсырма. Мәтінді оқып, сөйлеу тілі мәдениеті талаптарымен танысыңыздар.

Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен араласуын, қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Адамдардың қарым-қатынас жасайтын, түсінісетін негізгі құралы – тіл. Дұрыс қарым-қатынас жасау үшін әр адамның сөйлесе білуі керек. Сөз, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыруы тиіс.

Сөз мәдениеті сөздерді мағынасына қарай дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп дұрыс айту, емле мен тыныс белгілері ережелерін сақтап сауатты жазу, тілдің ғасырлар бойғы сұрыпталып келген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану.

Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айтылмақ ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту-сөйлеу тілі мәдениетінің басты талаптарының бірі.

Сөздік:

қиюластыру – сочетать, совместить;

үндестіру – сочетать звуки, гармонизировать;

сұрыптау – сортировать.

Грамматикалық материал



5-тапсырма. Мәтін мазмұнын сөйлеу тілі стилінде әңгімелеп беріңіздер.

Әкем Жүсіпбек жазушы ғана емес, жан-жақты өнер иесі болатын. Ол ғажап етікші, темірден түйін түйетін ұста еді, сонымен бірге музыкалық аспаптарда (домбыра, скрипка, рояль) еркін ойнайтын. Ең негізгісі, нағыз көркемсөз шебері болды. Қолы қалт етсе, жазу үстеліне келіп, тапжылмастан отырып, көп жазатын...

Ақын-аудармашы, көрнекті жазушы, педагог-ғалым ретінде қазақ әдебиеті мен ғылымына қалам қуатын арнағанын мақтан етемін. Бір уақ көңіліме демеу аламын...

6-тапсырма Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыздар.

Мәдениетті сөйлеу, ақылды болу, тапсырмаларды орындау, үш тілді білу, сөз мәдениеті.

7-тапсырма.

А) Берілген сөздерді тәуелдендер: білім, мәдениет, тіл

Ә) Берілген сөздерді сөз құрамына талдандар: адамдардың, айтылатын, дамуына, әдебиетінің, сүйсіндірем, мағынасына

Тақырып 1.4. Заманауи қазақ тілі

1- тапсырма. Мәтінді оқып, мағынасын түсіңіздер.

Қазақстан - әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек. Иә, тіл мәселесі - аса күрделі, аса жауапты мәселе. Қазақ елі барда, қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді. Тіл пайдаланылып жүрген кезде өшпек емес, қоғамдық қатынастарды толымды түрде және белсене пайдаланатын тіл болып тұрған кезде ұлт өмір сүре бермек. Еліміз бен тіліміз мәңгілік жасай берсін. Ұлт болашағы жастардың қолында, ал тіл - ұлттың жаны. Сол себепті ұлтымызды сақтап қалғымыз келсе, ең алдымен, тілімізді түзетейік, шұбарлануына жол бермейік. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте. Қазір қай басылым бетіне қарасаңыз да, тіл мәселесі. Мемлекеттік тіліміз қашан өзіндік ең биік тұғырға мінгенше, бұл тақырыпты тіл жанашырлары жалғастыра жаза да, айта да берері даусыз.

2-тапсырма. Ғаламтордан қазіргі қазақ тілі туралы мақал-мәтелдерді және нақыл сөздерді іздеп, дәптерге жазып алыңыздар.

3-тапсырма. Тіл туралы тестті орындаңыздар.

1. Қазақ тілі қай жылы мемлекеттік мәртебесін алды?

- а) 1991
- ә) 1989
- б) 1987

2. Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?

- а) араб
- ә) парсы
- б) түркі

3. Тіл туралы Заң қашан қабылданды?

- а) 1997
- ә) 1990
- б) 1989

4. Ол неше баптан тұрады?

- а) 30
- ә) 22
- б) 27

5. Қазақстан Республикасының тілдер мерекесі қашан тойланады?

- а) 16 желтоқсан
- ә) 30 тамыз
- б) 22 қыркүйек

6. Тіл туралы Заңының нешінші бабында Қазақ тілі туралы айтылған?

- а) 4
- ә) 5
- б) 7

7. Мемлекеттік тілді неге үйреніп жүрсің?

а) ол бағдарламада бар

ә) менің парызым

б) маған ұнайды

8. Қанатты сөздерге не жатады?

а) ертегілер, мақал-мәтелдер

ә) мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, тұрақты сөз тіркестері

б) сөз тіркестері, нақыл сөздер

Грамматикалық материал

Әдеби тіл		
Сипаттауда	Баяндауда	Пайымдауда
<p>Зат пен құбылыстың негізгі, мәнді белгілері айтылады.</p> <p>Мысалы: <i>Бұл күнде тола түскен Әйгерімнің нұрын сәнді таза киімі әсіресе көркейткендей (М. Әуезов).</i></p>	<p>Зат пен құбылыстың өзара байланысы сөз болады.</p> <p>Мысалы: <i>Ғалымдар атомды заттың бөлінбейтін бөлшегі деп ойлады. Кейін оның протонға, нейтронға және электронға бөлінетіні анықталды (Физика оқулығынан).</i></p>	<p>Құбылыстың болу салдары мен себебі көрсетіледі. Мысалы: <i>Планеталардың орбиталары эллипс пішінді болғандықтан, олардың фокустары Күнде орналасқан эллипс бойымен айналады (Физика оқулығынан).</i></p>

4-тапсырма. Берілген клишелер мен лексикалық құрылымдарды орынды қолданып, Б.Момышұлының пікірі туралы пайымдау эссесін жазыңыздар. Сөз саны – 80–100.

Менің ойымша, осы мәселе төңірегінде ойлана келе, өз пікірімнің дұрыстығына көз жеткізу үшін, ақын (жазушы) осылай баяндайды, осы ой шығармасында былай көрініс тапқан, шығарма кейіпкерін еске алсақ, қорыта келе, осындай қорытынды шығаруға болады, жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келе, келтірілген дәлелдер бізді осы ойға жетелейді, осы тақырыпты талқылауды қорытатын болсақ т.б.

5-тапсырма. «Тілдің туы жығылмасын» тақырыбында мақала жазындар. Сөз саны – 150

6-тапсырма. Грамматикалық тапсырма.

Қосымшасын жалғап жазыңыз.

А) Күйдіретін де, сүй _____ де, асқата _____ да, өсір _____ де, өшір _____ де, көтер _____ де, төменде _____ де тіл.

Ә) Ана тілін ұмыт _____ адам өз халқы _____ өткенінен де, болашағы _____ да қол үзеді.

Б) Бір ұлт _____ тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақ _____ сары сайран даласы, біресе жел _____ түндей тымық, біресе құйындай екпін _____ тарихы, сар дала _____ үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабыр _____ мінезі – бәрі көрініп тұр.

В) Мемлекет _____ тілді құрметтеу Қазақстан азаматтары _____ міндеті болып саналады.

Г) Егер біреу _____ түсінікті тілде сөйлессең, тіл табыса ала _____. Ал, оның ана тілі _____ сөйлер болсаң, ол сені жүрегі _____ түсінеді.

Тақырып 1.5 Мәдени мұра: Тілдердің үштұғырлығы.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев үш тілді білуді міндеттеп отыр. Үш тілде білім беру жүйесіне келсек, Қазақстанның әрбір болашақ жас өскіні - болашақта әлеуетті, прогресті, жан-жақты дамыған интеллектуал, эрудит болып, кез келген елдің азаматымен білім-ғылым, заманауи прогресс жолында бәсекеге қабілетті болып, тартысқа түсуі үшін үш тілді білім беру жүйесінен тәлім алуының маңызы өте зор. Президентіміз Жолдауында көрсеткендей, қазіргі кезде әлемдік ғылыми ақпараттың 90 пайыздан астамы ағылшын тілін қолдануда. Елімізді өркениет жолына шығарамыз десек, осы көштен кейін қалмауымыз қажет. Оны түсінбейтін қазақ жоқ. Бірақ Елбасымыз көрсеткендей, бұл кезең-кезеңмен, салмақтап жүзеге асатын дүние. Қазақ: «Сабыр түбі - сары алтын» дейді, бұл жүйеге тек сабырмен, төзіммен қарап, болашақтың жарқын сәтінен үміт күтейік. Сол уақытта жаңа технологиялардың тетігін ұстайтын қазақ балалары үш тілді білім беру жүйесінен білім алғандықтан, өз ойларын бүкіл әлемге емін-еркін айтары анық.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тілдердің үштұғырлығы жайлы оқытушымен ой бөлісіндер.

2-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

«Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым - қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Басқаша айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз»

3-тапсырма. Мақал- мәтелдердің жалғасын тауып, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аударындар.

1. Адам басшысы-.....
2. Нет дыма без
3. Лучше чем никогда
4. Ана сүті бой өсіреді,.....ой өсіреді.
5. Чистота залог
7. Жердің сәні егін, ердің сәні
8. Дерево крепко корнями. Человек

4-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

Көп тілді білетін адам кім?

Тілдер мерекесі қай айда тойланады?

Сен қандай тілдерді білесің?

Қандай тілді игергің келеді?

5-тапсырма. «Менің тілім» тақырыбында шағын шығарма жазыңыздар.

Грамматикалық материал

Ауызекі сөйлеу стилі

Күнделікті қарым-қатынас, негізінен, ауызекі тілдесу арқылы жүзеге асады. Ауызекі сөйлеу барысында өзіндік мақсат, тілдік құрылым, қолданыс ерекшеліктері байқалады.

Мақсаты: кеңесу, көзбе-көз тілдесу, пікірлесу, ой бөлісу.

Қолданылу аясы: еркін әңгіме – сұхбат, дауласу, көпшілік алдында сөйлеу.

Стильдік сипаты: сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану, даярлықсыз өткізілуі, ым-ишара қолдану.

Сөйлеу тілінің ерекшеліктері, тілдік амал-тәсілдері:

- лексикалық ерекшеліктері: қарапайым, бейтарап, диалект, кәсіби, ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздер, метонимия, свфемизм еркін қолданылады;
- фонетика-морфологиялық ерекшелік: дыбыстар түсіріліп, сөздер кейде қысқартылып айтылады, оқшау сөздер мен эмоционалды- экспрессивті сөздер қолданылады;
- синтаксистік ерекшеліктер: сұраулы, лепті, толымсыз, риторикалық сұраулы сөйлемдер қолданылып, диалогке құрылады

6-тапсырма. Мәтіннен ауызекі сөйлеу тіліне тән қолданыстарды анықтаңдар.

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып, сөй- лесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып, иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі әкім одан да төменірек бас ұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

– Тақсыр, осыншама жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз? – деп айтты дейді. Сонда әкім:

– Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдепті-лігін көрсеткенде, мен одан әдепсіз болып қалайын ба? – дейді.

(Ы.Алтынсарин)

№ 2 Бөлім. Менің мамандығым.

Тақырып 2.1 Менің оқу орным. Электротехникалық бөлімі

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар.

Қостанай жоғары политехникалық колледжі

Қостанай жоғары политехникалық колледжінің тарихы Қазақ КСР-ның Министрлер Кеңесінің қабылданған №197 Қаулысына сәйкес Қостанай қаласында механико-технологиялық техникумы ашылатыны туралы 1971 жылынан бері басталады.

Қостанай жоғары политехникалық колледжі – Қазақстан Республикасы мен Қостанай өңірінің техникалық және кәсіби білім берудің жетекші оқу орындарының бірі.

Қостанай жоғары политехникалық колледжінің студенті болу – аса құрметті және жауапты. Біздің колледж – индустриялық даму карта (ИИДМБ) аясында кадрларды даярлау үшін еліміздің ең үздік колледждерінің ондығына енген басымды ұлттық жоба.

Қостанай политехникалық колледжінің міндеті – инновациялық және технологиялық даму орталығына және әлемдік деңгейде кадрларды даярлау орталығына айналу.

Қазіргі таңда колледж ұжымы келешекке сенімді қарап, Қазақстан Республикасы және Қостанай облысының техникалық және кәсіптік білімінің дамуына лайықты үлес қосуға ұмтылады.

2-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.

1. Саған колледж ұнайды ма? Несімен?
2. Сен қандай бөлімде оқисың?
3. Ол бөлім туралы не білесің?
4. Осы саладағы мамандардың құзыреті қандай?

3-тапсырма. Ғаламтор деректері мен энциклопедиялық мәліметтерді пайдаланып, Қазақстандағы білім беру туралы мақала жазыңдар.

4-тапсырма. «Колледжге тілерім...» сөйлемді жалғастырып, ой-толғау жазыңыздар.

5-тапсырма. Ғылыми-көпшілік стильдің ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, «РАФТ стратегиясы» әдісімен колледж директорынан интервью алыңдар.

6-тапсырма. Еліміздегі білім беру туралы ойларыңды жинақтап, «ПСМТ формуласы» әдісімен жазыңдар.

1- сөйлем: «Менің ойымша, ...».

2- сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...».

3- сөйлем: «Онымынадай деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...».

Грамматикалық материал

Бірге жазылатын сөздер

1. Тұлғасы өзгертіліп кіріккен сөздер: бүгін (бұл күн), биыл (бұл жыл).
2. Еш, кей, бір, қай, әлде сөздерімен біріккен есімдік, үстеулер: еш- кім, біржола, әлдеқашан.
3. Терминдік мәнге ие болған атаулар: сөзжасам, баспасөз.
4. Екі-үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, өсімдік және т.б. атаулары: қараторғай, бірқазан, алабота.
5. Екінші сыңары аралық, ішілік, тану деген сөздер: халықаралық, мектепішілік, абайтану.
6. Бірінші сыңары шеттілдік; екінші сыңары қазақ сөздерінен тұратын біріккен сөздер: инфрақызыл, фотосурет, автокөлік, асрошана, агроөнеркәсіп.
7. Екі-үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар: Айнұр, Орынбасар, Екібастұз, Ақсу.
8. Екінші сыңары ұлы, қызы болып келген кісі тегі: Момышұлы, Сұл- танқызы.
9. Салт-дәстүр, кәде, жоралғы атаулары: атұстар, беташар, отқақұяр.
10. Бірінші сыңары зат есім, кейде етістік, екіншісі -ты (-ті, -ды, -ді) немесе -па (-пе, -ба, -бе) қосымшалы сөзден тұратын бейнелі тір- кестер: алыпқашпа (сөз), жолсоқты (болу), қағазбасты (болу), пышақкесті (тыйылу).
11. Бек, хан, мырза, құл, әлі (әли, ғали) сияқты сөздермен жасалған есімдер: Аманғали, Орынхан, Әбдуәлі, Құралбек, Рысқұл, Нұрғали.

Ескерту:

- титул мағынасындағы бек, хан, би, мырза деген сөздер бөлек жа- зылады: Абылай хан, Төле би, Құнанбай мырза, Құтлықтемір бек.
- ақ, қара, қызыл, қоңыр, сұр, шұбар сияқты сын есімдер аң-құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазы- лады: ақ аю, сұр жылан, шұбар бақа.

Бөлек жазылатын сөздер

1. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері: ағаш көпір, қой қора, қыз бала, ұл бала, асыл тас.
2. Күрделі сан есімдер, күрделі сын есімдер: он бір, бір мың тоғыз жүз елу үш, екі жарым, қара ала, ақ құба, ақ сары, қызыл күрең, қара торы.

3. Күрделі етістіктер; есім, еліктеу сөздермен тіркескен құрама етіс- тіктер: жаза бер, жазып отыра бер, жүгіре жөнелді, қызмет ет, жәрдем ету, шап ету, лап қою, тап беру, қол шапалақтау, ду ете түсті, баж ету.

4. Толық мағыналы сөзбен тіркескен шылаулар: жыл сайын, сабақтан кейін, бұдан бұрын, түске шейін, бар ма екен? қалам мен қағаз, керек қой, халық та, үкімет те, сен ше?

Ескерту: ұрда-жық, аста-төк, уда-шу тәрізді лексикаланған тіркес- тер бірге әрі дефис арқылы жазылады.

5. Негізгі сөзге тіркескен көмекші есімдер: есік алды, үй арты, көпір асты, үстелдің үсті, қала маңы.

Ескерту: атаулық мағынаға ие болған сөздер бірге жазылады: сай- лауалды (науқан), мектепалды (топ), тіларты (дыбысы), жерүсті (жұмыстар).

6. Ндиомалық, фразеологиялық тіркестердің әрбір сөзі бөлек жа- зылады: жолы болды, қой аузынан шөп алмайды, қас пен көздің арасында, қол ұшын беру.

8. Жақшаны ашып, сөздердің бірге не бөлек жазылу ережесіне сай дұрыс жазындар.

1. Бұдан бұрын (еш уақытта) Гүлсары қасқыр үнін есті- меген, лезде тұла бойы мұздап, үрей қармап қалды (Ш.А).

2. Абайдың (ақ маңдайы) кейде Құнанбай жүрісі баяуласса, жол жорғасын салады да, (сары жорға) қатты тайпалып кет- се, амалсыздан желе жөнеледі (М.Ә.).

3. Қаныштың (Қазақ Ғылым академиясындағы) президенттік қасиеттерінің ең зоры – аса талантты және қажырлы, еңбекке төзімді ұйым- дастырушы екендігі (М.Ә.). 4. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да (қол үзеді) (Ғ.М.).

5. Иесі анау үйдің бұрын болған, кісі еді заманында (бақыт қонған) (А.Б.). 6. Бұл (қара сөз) Абайдың өз тұсындағы күн- делікті өмір шындығына қолма-қол қатынасып, (жәрдем етсем) деген талабын көрсетеді (М.Ә.).

7. Мамырбайдың бәй- бішесі маң-маң басып, (киіз үйін) қағып-сілкіп, жинатқызып жүрген еді (Ж.А.).

8. Бұлар хазіреттің қорасына кіріп, асау құнанды ат қораға байлағанда, хазірет өзі көріп, сыйлық еке- нін іші біліп, (үн қатпаған) болатын (М.Ә.).

Дефис арқылы жазылатын сөздер

Дефис – орфографиялық, ал сызықша пунктуациялық таңбаға жа- тады. Сондықтан дефис келген жерде кідіріс жасалмайды. Бұл – оның сызықшадан ажыратылатын басты белгісі. Екіншіден, дефис сызықша секілді сөйлемнің мазмұнына әсер етпейді. Үшіншіден, шартты түрде алғанда, дефис сызықшадан қысқа болады.

Дефиспен жазылатын сөздер:

1) қос сөздер: ата-ана, құрбы-құрдас, ауыл-аймақ;

2) екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, атақ не мамандықты көрсететін атаулар: вице-министр, корреспондент-мүше;

3) қосалқы мүшелі күрделі атаулар: кафе-бар, телефон-автомат;

4) цифрмен жазылған реттік сан есімдер: 58-үй, 65-пәтер, 8-қатар, 12-орын;

5) -ақ, -ай, -ау, -ды (-ді, -ты, -ті), -мыс (-міс) шылаулары: айтқан-ды, балам-ай, естіпті-міс;

6) кейбір одағай сөздер: моһ-моһ, құрау-құрау;

7) түркі, парсы т.б. халықтар есімдерінің соңында келетін паша, бей, заде, оғлы сынды есімдер: Осман-паша, Хамза-заде;

8) араб халықтары есімдерімен келетін әл, аш, ар, аз, әд, бен сияқты элементтер: әл-8араби, Рашид әд-Дин;

9) басқы әріптермен қысқарған сөзге, цифрмен жазылған сан есім- ге, жеке әріп түрінде алынған объектіге жалғанатын қосымшалар: БҰҰ-ға, 450-ден, 50%-ін; Ескерту:

- рим цифрынан кейін дефис қойылмайды: ХХІ ғасыр, IV курс.
- күрделі құрама атаулар жасайтын кейбір көмекші сөздер (ат, ас, әл) сөз басында келсе, бас әріппен, сөз ортасында келсе, кіші әріп- пен, дефис арқылы жазылады: Әл-8араби даңғылы. Институт әл-8араби даңғылында орналасқан.

7-тапсырма. Сөйлемдердегі дефистің неге, қандай жағдайда қолданылғанын түсіндіріңдер.

1. Киіз үйлердің жанында адамдар әңгіме-дүкен құрып отыр (*Ш.А.*). 2. Жидебайға қайтардың алдында Абай әке- сінен көші-қон жайын сұрастырған (*М.Ә.*). 3. Ауыл үстінен қашқандарын иттер қуып, Ботақан бойы азан-қазан бол- ды (*М.Ә.*). 4. Азын-аулақ қойлар мен төртті-бесті ірі қараның айналасында қатын-қалаш, кәрі-құртаң, ер-азамат көп-көп- тен келеді (*М.Ә.*). 5. Үлкен күміс қапсырмамен бір-ақ жерден түймелеген камзолының қынама белі желмен болымсыз тер- беледі (*Д.Ә.*). 6. Ол – ашаң жүзді, мұрынды, жұмыр ақ сау- сақты Фан-Штейн еді (*Ф.М.*). 7. Бала у-шу, малай қиқу, мал маңырап, ит жаң-жүк (*Ж.А.*). 8. Жасыбай көлі сол таудың қойнауында қызылды-жасылды кәрден кесеге құйып қойған зәмзәм суындай мөп-мөлдір (*Б.М.*).

Тақырып 2.2 Мамандық түрлері. Мамандық таңдау мақсатым

Мамандықты таңдауға ұмтылу.

Мамандық таңдау деген — өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Біреулер үшін – ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге — әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң. Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл — өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Өз — өзіне «Мен кімін?», «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоюы керек деп ойлаймын. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуі керек.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтіндік зерттеу жүргізіндер.

Мәтіннен негізгі ойды табындар.
Мәтінде қандай тосын ой кездесті?
Мәтіннен шығатын өмірлік қағида қандай?
Бұрыннан таныс және таныс емес ақпараттарды белгілеңдер.

2-тапсырма Жағдаяттық сұрақтар

А) Сен өзіңе ұнаған мамандықты таңдадың, бірақ ол мамандыққа ата-анаң қарсы. Сен не істер едің?

Ә) Ата-анаң саған бір мамандықты таңдап берді, бірақ ол мамандық саған ұнамады. Сен ата-анаңның шешіміне қарсы боласың ба?

3-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптер ». Бұл жаттығудағы негізгі мақсат студентерге мамандық түрлерін таныстыру. Әр әріптен басталатын мамандық атауын жазып, сөйлем құрастырындар.

А, Д, Ж, И, С, З, Ш, Т, М, Э

4-тапсырма. «Мамандық таңдау – жауапты іс» деген тақырыпта шағын шығарма жазыңыздар

5-тапсырма. Морфологиялық талдау жасаңдар.

Мамандық таңдау деген — өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Грамматикалық материал

Қосымшалардың жалғануы

1) қосымшалар сөздің соңғы дыбысының, буынының әуенімен үнде- сіп, бірге жазылады: біл-ім-ді, дарын-ды, парасат-ты т.б.

2) -бан, -гер, -кент, -хана, -стан, -еке, -жан, -қар, -кеш, -дар, -көй, -гөй, -қор, -қой, -мар, -маш, -нікі (-дікі, -тікі), -паз, -тал, -уар, -мен (-бен, -пен) қосымшалары буын үндестігіне бағынбайды: мейірбан, еңбекқор, өнерпаз, тілмаш, сөзуар, ділмар, қаскөй, Асеке т.б.

3) жалқы есімдер й, ш дауыссыз дыбыстарына аяқталса, -ев (-ева); басқа дауыссыз дыбыстарға аяқталғанда, -ов (-ова); дауыстыларға аяқталса, -ин (ина) қосымшалары жалғанады: Сәтбай+ев – Сәт- баев, Бегалы+ин – Бегалин, Шахан+ов – Шаханов.

4) -ов, -ев жұрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: С.Жүнісовке, С.Исаевтың.

5) әріптерден қысқарған сөздерге қосымшалар оның айтылу әуеніне қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылу әуеніне қарай дефис арқылы жуан не жіңішке болып жалғанады: ПМПИ-ге, ПМУ-дың, ТУ-144-ке.

6) күнә, кінә, шүбә, куә, іңкәр, күмән, Күләш, Күлән сияқты соңғы буынында жіңішке ә әрпі жазылатын сөздерге қосымшалар жіңішке жалғанады, тек барыс, жатыс, шығыс жалғаулары мен етістік тудыратын -ла жұрнағы жуан айтылып, жуан жалғанады: кінәсіз, кінәлі (кінәсіна, кінәлау), куәсі, куәлік (куәға, куәдан), Күләштің (Күләшқа, Күләштан).

7) б, в, г, д дыбыстарына аяқталатын сөздерге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалар тек қатаң дыбыстан басталып жалғанады: штабтан, педагог-тер, парад-қа, актив-ке, резерв-тік.

8) ст, сть, зд, сс, лл, мм, тт дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қосымшалар жалғанғанда, түбірдегі соңғы дауыссыз түсіріліп жазылады: трест – трес-тің, трес-іне; ведомость – ведомос-қа, ведомосы; саезд – саезд-ге, саезд-інің; металл – металдар; грамм – грамы; прогресс – прогреске. Алайда жалқы есімдерде сақталып жазылады: Донбасс – Донбасстан, 7римм – 7риммге.

9) ауыл, дауыс деген бірен-саран сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, дыбысталу ыңғайына қарай ы, і әріптері түсіріліп те, түсірілмей де жазыла береді: ауылы, аулы, дауысы, даусы.

10) п, х дыбыстарына аяқталатын кірме сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, п, х дыбыстары ұяндамайды: принцип – принципі, тип – типі, цех – цехы, тарих – тарихы.

11) нд, мп, кт, мб, ск, фт дыбыстарына аяқталған кірме сөздерге қосымша жалғанғанда, түбір мен қосымшаның аралығына дәнекер ы, і әріптерінің бірі жазылады: штамп+ы+лау, факт+і+ге.

12) Ог, уг, рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, нкт, кль, брь, бль дыбыстарына аяқталған кірме сөздерге жіңішке қосымша жалғанады: геологі, педагогтер, ансамбльге, пункті.

13) орыс тілінен енген бірқатар кірме сөздер дыбысталуы қазақша қалыптасқан түрінде жазылады да, қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: облыс-қа, пойыз-ға, бәтеңке-ге, бөшкелі, зауыт-қа, тауар-ды.

14) жіңішкелік белгісіне аяқталған сөздерге қосымша буын үндестігі бойынша жалғанады, дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, ь сақталады; дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, ь түсіп қалады: лагерьге (лагері), дизельді (дизелі).

Ескерту: ль дыбысына аяқталған соңғы буыны жуан сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жіңішке; дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жуан түрде жалғанады: магистралі (магистральда), фестивалі (фестивальға).

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына емле ережесіне сай тиісті қосымшаларды жалғап, жаттығуды көшіріңдер.

1. Жапсарына өрнек жүргізілген көк бояулы оң қабырға- дағы үлкен қара сағат күмбір-күмбір қоңырауын соғып, вес- тибюль... жаңғыртып әкетті (С.Ш.).
2. Етектен жоғары қарай жамырай тартқан қалың қарағайлар да мына альпинис... ұксап бетті биікке сілтеген (С.Ш.).
3. Он қадамдай алда асфальт... шағылысқан күн сәулесі қашқан қоянның құй- рығы тәрізді, айнымас бір қашықтықта шапшаң ілгері сыр- ғанап, толқи зырлайды (С.Ш.).
4. Кемпір шалына кінә... қарап отырды да, астыңғы ернін тістеп алып, қолындағы көктеп отырған дүниесімен әуре бола берді (Ш.А.).
5. Алла тағалам сендерге бір бала беріп, соның іңгә... жылаған дау- сын естісем, арманым жоқ (Ш.А.).
6. Құтжан өлген соң, осы көктемде жұрт Жексенді кінә... бастады (М.Ә.).
7. Қарқара- лы деген округ... әміршісі – Құнанбай мен осы Майыр (М.Ә.).
8. Жер бетінің 70%-... астамын су басып жатыр. Кей жерде мұхиттың тереңдігі 10 км-... асады.

(«Сұрақ және жауап энциклопедиясынан»)

Тақырып 2.3 Менің болашақ мамандығым - техник- электрик

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сенің мамандығың қандай?
2. Сен өз мамандығың туралы не білесің?
3. Мамандық таңдамауыңның себебі неде?
4. Сенің мамандық таңдауыңа кім әсер етті?
5. Штатты түрде ме, әлде қашықтықтан оқу түрі ұнайды ма? Неге?

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып шығындар.

Электрэнергиямен байланысты мамандықтар өте көп және әртүрлі. Бірақ олардың барлығының бір талабы бар - ол электр жүйесімен жұмыс істеу. Сол себепті барлық техник-электрик маманы электр құбылыстарының физикалық қасиетін түсіну керек, жеңіл және ең күрделі электр сұлбаларын түсініп және оны оқи білуі қажет. Ол үшін қажетті білім алып (әсіресе арнайы пәндерден жақсы білім алу керек), логикалық ой-қабілеті мен кеңістікте ой-өрісі жақсы дамыған болуы керек. Энергетиктер мен электриктерге тағы да қойылатын талаптардың бірі - мұқияттылық, ұстамдылық, тапқырлық және шешімді дұрыс, тез қабылдауы керек.

3-тапсырма. Мәтінде не туралы айтылған? Өз ойыңды орыс тілінде жазындар.

4-тапсырма. Бұл тапсырманы орындау үшін студенттер өзі келісетін, келіспейтін тұжырымдарды таңдап алып, пікірлерін ортаға салады.

1. Мамандық бір-ақ рет және біржола таңдалады.
 2. Мамандық таңдау қалтаның қалыңдығына байланысты.
 3. Мамандық таңдау адамның қабілетіне, бейімділігіне тікелей байланысты.
 4. Отбасы мен достарыңның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады.
 5. Қартайғанда да мамандық таңдауға болады.
 6. Жақсы білім алу үшін, қымбат оқу орнына түсу керек.
 7. Ақша болса, мамандық қажет емес.
 8. Мамандық таңдауда психологтың көмегі қажет.
 9. Мамандық таңдаудағы басты өлшем – қызығу мен қоғамдық сұраныстың сәйкестігі.
 10. Таңдайтын мамандығымды болашақ табысым айқындайды.
 11. Мамандық таңдау – күнкөріс қамы.
- Грамматикалық тапсырма.

5-тапсырма. Екі тапсырманың біреуін таңдаңдар

А) «Мамандық» сөзін тәуелдендер.

Ә) «Мамандықтарымызды» сөзін сөз құрамына талдаңдар

Грамматикалық материал

Шылау және одағай сөздердің жазылуы

Шылау сөздердің жазылуы:

1) шылаулардың көпшілігі өздері қатысты сөзден бөлек жазылады. Мысалы: Күні бойы мұз ойған жігіттің кешке қарай екі алақаны дуылдап жанып кетті (Ә.Н.).

2) ма (ме, ба, бе, па, пе), соң шылаулары жіктік жалғауынан бұрын келсе, оның тұлғасы -мы (-мі, -бы, -бі, -пы, -пі), -сын (-сін) болып өзгеріп, сөзбен қосылып бірге жазылады да, одан кейін жіктік жалғауы жалғанады: барасың ба – барамысың, барған соң – бар-ғасын. Мысалы: Мұнда келгесін Ебейсін өзінің дағдылы кәсібіне кірісіп, жұрттың тері-терсегін шай, шекерге айырбастай бас-тады (Ә.Н.).

3) -ақ, -ай, -ау, -ды, -ді, -ты (-ті), -мыс (-міс) шылаулары дефис арқылы жазылады. Мысалы: Екі жігіт Елааманды екі жағынан тырп еткізбей сығып ұстап тұрған-ды (Ә.Н.).

Одағай сөздердің жазылуы:

қайталанып айтылатын одағайлар дефис арқылы жазылады: құ-рау-құрау, пай-пай, құр-құр, көс-көс және т.б.

6-тапсырма. Сөз орамдары мен анықтамасын сәйкестендіріңдер. Шылау сөздер мен одағай сөздерді қатыстырып, берілген сөз орамдарымен сөйлем құрастырыңдар. Емлесін түсіндіріңдер

Сөз орамдары		Анықтамасы
Сәлеметсіз бе?		Мұсылман жұрты амандасқанда қолданылатын сөз орамы

Аман-есенсіз бе?		Жас шамасы бірдей немесе қызмет бабын- дағы адамдар қарым-қатынасында қолда- нылады
Ассалаумағалей- күм!		Құрбы-құрдас, достардың амандасуы
Сәлем!		Бір сәттік кездесуден кейін қолданыла- тын қоштасу түрі
Сау болыңыз!		Алыс сапарға бет бұрғанда айтылатын сөз орамы
Арайлы күндер- де жүздескенше!		Көбінесе жасы үлкен адамдардың жағда- йын сұрау барысында қолданылады
Сапар сәтті бол- сын!		Келесі кездесуді асыға күтер сезіммен ай- тылатын қоштасу

Тақырып 2.4 Техник –электрик маманының лауазымдық қызметі.
1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Техник–электрик мамандарының жұмыс істей алатын бағыттары:

- Техник-электрик
- Электр диспетчер (байланысшы)
- Техник–электромеханик
- Участок энергетигі

«Электрмен қамтамасыз ету» мамандығының кәсіптік қызмет нысаны: электр станциялары мен кіші станциялар, электр берілісі сызықтары; электроэнергетикалық жүйелер; шаруашылық салары мен техника нысандарын электрмен жабдықтау жүйелері; жоғары кернеулі электроэнергетикалық, -техникалық, -физикалық және технологиялық қондырғылар; энергетикалық қондырғылар, электростанциялар мен дәстүрлі емес және орнына келетін энергия көздерінің базасындағы кешендер; автоматты басқару мен электроэнергетикадағы релелік қорғаныс қондырғылары.

Техник–электрик маманының атқаратын міндеттері

1. Мекеменің барлық электр жүйелерінің дұрыс жұмыс жасауын қадағалау.
2. Мекемедегі электр есептегіш, қосып – ажыратқыштар және басқа да электр бұйымдарының қалыпты жұмыс жасауын қадағалау.
3. Күнделікті ғимараттағы электрлі бұйымдарды тексеріп, қажетті істен шыққан электр құрылғылары мен олардың бөлшектеріне тапсырыс беріп, сынған жерлерді ауыстырып, жаңартып отыру.
4. Электр құрылғылармен жұмыс жасайтын қызметкерлерді /аспазшылар, көмекшілер, от жағушы, информатика пәнінің мұғалімдеріне және жалпы компьютермен жұмыс жасайтын қызметкерлерге, кір жуушыға/ еңбек қауіпсіздігі ережелерімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

2-тапсырма. Берілген сұрақтарға толық жауап беріндер.

а) Электрик тағы қандай қызметтер атқарады?

Б) Электриктің кәсіби қасиеттері

3-тапсырма. Сәйкестендіріңдер.

соблюдать основные требования по охране труда Технологиялық процестерді жақсарту бойынша өзінің ұсыныстарын енгізу
отвечать за устранение неисправности Тікелей бас инженерге бағынады
нормативные правовые акты Өрт сөндіру ережесі
правила пожарной безопасности Еңбек қорғау бойынша негізгі талаптарды сақтау
ремонт новых электрических сетей Бұзылғандарды жою үшін жауап береді
подчиняется непосредственно главному инженеру Жаңа электрлік торларын жөндеу
своевременное и качественное выполнение Нормативті-құқықтық акт
вносить свои предложения по улучшению технологических процессов Дер кезде және сапалы орындау

4-тапсырма. Сөздерді орыс тіліне аударып жазыңдар.

Ответственность Электрика отвечает за:

(Дұрыс) эксплуатацию оборудования в части электробезопасности.

Своевременное и качественное выполнение (алдын ала жөндеу жұмыстары), за простой оборудования, произошедший по его вине.

(Еңбекті қорғау бойынша ережелерді сақтау), техники безопасности и пожарной безопасности.

Чистоту и порядок на (жұмыс орнында).

Ненадлежащее исполнение или неисполнение своих (лауазымдық міндеттері), предусмотренных настоящей должностной инструкцией, в пределах, определенных действующим (ҚР еңбек заңнамасы).

Правонарушения, совершенные в процессе (өзінің қызметін атқару), в пределах, определенных действующим (әкімшілік), уголовным и гражданским законодательством РК.

(Материалдық зиян), в пределах, определенных действующим трудовым и гражданским законодательством РК.

5-тапсырма. Сөздерге дұрыс қосымша қосып жазыңдар.

Электр – барлық электрмагнит... құбылыстың, яғни электр заряды... болуына және олардың қозғалысы... мен өзара әсеріне негіздел... құбылыстар... жиынтығы, Электр термині... мазмұны физика мен техниканың даму процесі... өзгеріп, толығып отырады. Қарапайым электр... және магниттік құбылыстар ерте заманда-ақ белгілі болғаны... электр туралы ілім 17 ғасыр... дейін дами алған жоқ. 18 ғасыр... ол ілім жүйеге түспеген фактілер мен бір-біріне қайшы жорамал... жиынтығынан тұрады. Электр жөніндегі алғашқы деректер кейбір денелер үйкеліс нәтижесі... “электрленеді”, яғни ондай денелер жеңіл денелерді өзіне тартады деген тұжырым түрінде болды 18 ғасыр... басында денелердің электрленуі сол дене... қоршаған “электрлік атмосфера” әсері... болады деп қарастырылды.

Грамматикалық материал

Тілдік норма

Тілдік норма тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау, бел-гілі бір тәртіпке, заңға бағындыру. Тілдік норма орфографиялық норма, орфографиялық норма, лексикалық норма, фонетикалық норма, грамматикалық норма деп бөлінеді.

Тіліміздегі грамматикалық тұлғалардың бір қалыпқа түсіп, дағдыға айналып жұмсалуды грамматикалық норма деп аталады. Грамматикалық норма үшке бөлінеді:

- 1) сөзжасамдық норма;
- 2) морфологиялық норма;
- 3) синтаксистік норма.

Сөзжасамдық норма дегеніміз – туынды сөздің тілдің қалыптасқан заңдылығына, амал-тәсілдеріне сай жасалуы. Мысалы, «семья» ұғымына қатысты жанұя, үйелмен, отбасы сияқты атаулардың ішінен әдеби тіл нормасына тек отбасы атауы ғана тұрақталды.

Сөзжасамдық норма сөз тудырушы қосымшалар мен сөздердің тіркесіміне де қатысты. Айталық, тілімізде оқы етістігіне жұрнақ жалғану арқылы жасалған оқушы және оқырман сөздері бар. Тілдік қолдану барысында мағыналары сұрыпталып, екеуі де әдеби нормаға сай екі ұғымның атауы ретінде қалыптасты. Сол сияқты ұшақ пен тік сөздерінің бірігуінен тікұшақ атауы, бейне сөзіне жазба, таспа сөздерін біріктіру нәтижесінде әдеби нормаға сай келетін бейнежазба, бейнетаспа атаулары енді.

6-тапсырма. Мәтіннен сөзжасамдық нормаға сай келетін сөздерді анықтап, жасалу жолдарын көрсетіндер.

Жаһандану (ағыл. *global* – «әлемдік», «дүниежүзілік») – жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, ақпараттық және мәдени тұтастық үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы америкалық экономист Теодор Левитт енгізді. Жаһанданудың түрлі аспектілерін ХХ ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер

Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеді. Олар ғылымға «интеллектуалдық индустриялар экономикасы», «ақпараттық қоғам», «техникалық революция», «ақпараттық жарылыс» деген ұғымдарды енгізді.

Тақырып 2.5 «Электрмен қамтамасыз ету» мамандығының пайда болу тарихы

Адам өмірінің табылмас құралы энергия болып табылады. Нақты айтсақ электр энергиясы. Қазіргі таңда электрлендіруді дамыту, адамзат қоғамы үшін өте маңызды. Технологиялық прогресті электр энергиясыз елестету мүмкін емес. «Электрмен қамтамасыз ету» мамандығының тарихы 1949 жылдан бастау алады. Электрмен қамтамасыз ету – тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ету.

Электрик – бұл электротехника саласында еңбек ететін маман. Электриктер электр жабдықтары мен қызмет көрсетуші құрылғылардың сенімді жұмыс жасауын қамтамасыз ете отырып, жаңа электр желілерін жүргізеді. Қызмет көрсетуші құрылғыларға жоспарлы - ескертілген жөндеу жұмыстарын жүргізіп, бұзылудың себептерін анықтайды, олардың ескертуімен шара қолданылады. Техникалық қызмет көрсетуіне сәйкес дұрыс әрі сапалы жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Жұмыс барысында құрылғының ақауларын жоя отырып, жөндеу, жаңарту және бірқалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Электриктер электр жүйесін, электр аппараттарын, құрылғыларын жөндеу, жаңарту аймағында, атап айтсақ: электрстанцияларда, радио – телестанциясаласында, өндірістік кәсіпорындарда, құрылыс компанияларында, кез - келген ірі мекемелерде жұмыс жасайды

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыздар. Не туралы айтылған? Негізгі ойды анықтаңыздар.

2-тапсырма. «Сиқырлы әріптер». Мамандығына байланысты 10 сөзді тауып, олармен сөйлем құрастырыңыз.

қ	н	е	о	т	м	в	ц	к	қ	о	л	б	ы	п
қ	о	н	д	ы	р	ғ	ы	е	а	ш	ю	а	й	ж
х	э	щ	д	ч	а	у	н	о	н	л	қ	ғ	р	а
қ	н	к	а	б	е	л	ь	д	е	р	л	а	а	б
а	е	м	а	к	а	с	ы	м	е	р	т	н	м	д
й	р	с	т	а	н	ц	и	я	б	щ	б	о	п	ы
м	г	г	п	а	ж	ө	н	д	е	у	о	б	д	қ
а	и	а	р	н	к	е	ш	ұ	ж	ы	қ	ш	м	т
қ	я	а	э	л	е	к	т	р	т	и	у	ч	а	а
э	н	е	р	г	и	я	у	в	н	г	ь	п	р	р

3-тапсырма. Өздеріңіз тұратын аймақта қандай электр өнеркәсіп орындары бар? Олар немен айналысады? Шағын мәтін құрастырыңыз.

4-тапсырма. Жақшаның ішінен керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырып жазыңыздар.

Сөйлеген кезде әр сөздің айтылу заңдылықтарын (сақтамай, сақтап), мағынасына орай сөйлемді (дұрыс, бұрыс) қолдануға дағдылау керек. Сөйлесіп отырғанда, пікіріңді айтқанда қатты күлуге (болмады, болмайды). Өзің туралы көп айта беру, барлық сөзді өзің бастау – ол да (әдептілікті, әдепсіздікті) көрсетеді. Білмейтінің жөніңде (айт, айтпа), өзінің түсінбейтін сөздерді (қолдан, қолданба).

5-тапсырма. «Электрмен қамтамасыз ету» мамандығы жайлы «ПСМТ формуласы» әдісімен жазыңдар.

- 1- сөйлем: «Менің ойымша, ...».
- 2- сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...».

3- сөйлем: «Оны мынадай деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...».

Грамматикалық материал

Сөйлем және мәтін деңгейінде қойылатын тыныс белгілер.

Үтір

1. Үтірмен сөйлемдегі қаратпа сөздер, қыстырма сөздер, одағайлар бөлінеді. Мысалы: Сөйлей бер, ақ домбырам, күмбірлеген (Ж.Ж.). Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі паркын көрдім (Абай). Бәрекелді, өзіңді момын ғой деп жүрсем, ыстығың түрінде екен ғой (М.Ә.).
2. Бәсе, жә, қош, құп, жарайды, мақұл, дұрыс сияқты сөздер үтірмен бөлінеді. Мысалы: Бәсе, даланың көркі енді кірді ғой (С.М.).
3. Сөйлемдегі иә, жоқ, мә деген сөздер үтірмен бөлінеді. Мысалы: – Иә, содан соң не болды? – деп ар жағын айтқызбақ еді (М.Ә.).
4. Үтір сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына қойылады: Абай қажымай, жалықпай, ынтыға тыңдайтын (М.Ә.).
5. Сөйлемдегі оңашаланған айқындауыш мүшелер үтірмен бөлінеді: Ұлжан енесіне бағана, Абай ұйықтап жатқанда, бар жайды айт- қан (М.Ә.).
6. Сияқты, ретінде, қатар, емес, түгіл деген сөздермен келген және -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары қосылған тізбектер де (мысалы: Үйге кіру түгілі, жақындамады; Өлеңдермен қатар, дастандар да жазды т.б.) үтірге алынады.
7. Қарамастан, қоспағанда, есептегенде деген сөздерге аяқталатын сөз тізбектері үтірмен ажыратылады. Мысалы: Аяғының ауырға- нына қарамастан, ол шапшаң жүріп отырды.
8. Үтір құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасына қойылады: Сол жылы Есіл мол тасып, егін мен шөп көп шықты (С.М.).
9. Екіге бөлінген төл сөздің алғашқы бөлігі хабарлы сөйлем немесе сөйлемнің бір бөлігі болса, одан кейін үтір (және сызықша) қойылады: – Мені, – деді Амантай далаға шыққан Асқарға, – губернатор шақырған екен (С.М.).
10. Бірдей немесе әркелкі тұлғада қайталанып келетін жеке сөздер мен тіркестердің (мысалы: Лаула, лаула, жалын; Үйінде отырса, отырсын т.б.) араларына үтір қойылады.
11. Ол – ол ма, бұл – бұл ма, ол – ол болсын деген тіркестер сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді.
12. Бірнеше тіркестен құралған тұрақты тіркестердің (мысалы: ұзын арқау, кең тұсау; сегіз қырлы, бір сырлы т.б.) арасына үтір қойылады.

6-тапсырма. Үтірлерді қойып, мәтінді көшіріңдер. Себебін түсіндіріңдер.

Сырдария Іле Талас Лепсі Есік Шелек Шарын Кеген өзен- дері аңғарларында көптеген үлкенді-кішілі обалар шоғыр- ланған. Бесшатыр қорымы Іле өзенінің

оң жағасында орналасқан. Ол 31 обадан тұрады олардың 21-і таспен ал 10-ы қиыршық таспен топырақпен жабылған. Үлкен обалардың диаметрі 45 м-ден 105 м болса биіктігі 6 м-ден 18 м-ге дейін жетеді.

Біздің заманымыздың V–VII ғасырларында керуен жолының үстінде Тараз Құлан Сайрам (Исфиджаб) Отырар Сығанақ Құмкент Созақ Алмалық сияқты ірі қалалар; Ақыртас Баба Ата Ақсұмбе сияқты қорған-бекіністер болған. Торғай Жыланшық Кеңгір Жезді Сарысу өзендері бойынан X–XI ғасырларда өмір сүрген алпысқа жуық қалашық орындары анықталды. Бабаджа хатун күмбезі Айша бибі мазары Жұбан ана күмбезі сәулет өнерінің күрт дамығанын көрсетеді. Қарахан әулеті тұсында Алаша хан күмбезі Жошы хан күмбезі Аяққамыр күмбезі Ясауи кесенесі X–XIV ғасырлардағы Қазақстандағы сәулет өнерінің жоғары деңгейін танытады.

Тақырып 2.6 Өндірістік тәжірибеде

Өндірістік тәжірибеде

Студенттерді теориялық оқытумен қатар кәсіби дайындауға көп көңіл бөлінген. Бұл өтілген теориялық материалды пысықтауға, тәжірибелік дағдыға иемденуге, сондай-ақ өндірістік технологиялық процестермен басқаруда шешім қабылдау үшін қажетті интуицияны нығайтуға мүмкіндік береді. Тәжірибелердің мақсаты мен көлемі кәсіптік оқытуға дайындау бағыттары (мамандық бойынша) бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес анықталады. Студенттер тәжірибесі оқу бағдарламасының міндетті құрамды бөлігі болып табылады және де ол келесі түрлерді қамтиды:

- Оқу-танымдық;
- Өндірістік
- Диплом алды

Өндірістік тәжірибе студентке өз таңдауының дұрыстығына нақты көз жеткізуіне мүмкіндік береді. Тәжірибені жүргізу барысында ол өзінің кәсіби шеберлігін тексере алады. Сонымен қатар өндірістік тәжірибе кәсіпорын жетекшісіне жаңа кадрлармен, егер де олар колледжді аяқтаған соң өздеріне жұмысқа шақыруға лайықты болса, олармен танысуға көмектеседі. Студент өнеркәсіптегі жұмысы кезінде шынайы оқығаны үйренуге және де оқудағы алған білімін тексеруге мүмкіндігіне ие. Ол өздігінен тәжірибе жетекшісі алдындағы өз шешімінің дұрыстығын негіздей отырып шешім қабылдай алады. Болашақ маман субординацияға, ұжымдық жұмысқа үйренеді, кәсіби тілдесу дағдыларын алады. Колледж қабырғасында теориялық курсты өтіп және тәжірибелік білімді игерген студенттер дәл осы өнеркәсіп жағдайынан кәсіби білімді иемденеді. Кәсіпорындағы тәжірибе – дипломдық жұмыс тақырыбын таңдап, оны жазуға және де лайықты қорғауға арналған деректі материал жинақтауға керемет себеп.

Өндірістік тәжірибе барысында студент өндірістік тапсырмалардың орындалу жолдары хронологиялық ретпен бейнелетін күнделік арнауы тиіс

сондай-ақ ол бақылаулар, өлшеулер және де басқа өздігінен орындалған жұмыстар туралы мақлұматты жазып отыруы тиіс.

Студенттерді тәжірибеге жіберу колледж директорымен бекітілген бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Кәсіпорынмен келісімшарт жасау кезінде студент бастама білдірсе, сәйкесінше өндірістік-технологиялық тәжірибені сол ұйымда өтеді, кейін жұмысқа сол жерге орналаса алады

Тәжірибе барысында студент міндетті:

- Тәжірибе бағдарламасында қарастырылған барлық тапсырманы толықтай орындауға;
- Кәсіпорындағы ішкі тәртіп ережелеріне бағынуға;
- Еңбекті қорғау мен өнеркәсіп қауіпсіздік ережелерін қатаң орындауға;
- Тәжірибе жетекшісіне жазбаша есеп беру мен «студенттің тәжірибе күнделігін» әкелуге және оны қорғауға.

1-тапсырма. Берілген сөздердің аудармасын мәтіннен тауып жазыңдар:

Правильность своего выбора, во время практики, профессиональные навыки, руководитель практики, зовет на работу, получают знания, решение приняты, имея профессиональные знание, выбор темы дипломной работы, записываем информацию в дневник, распоряжение директора, договор с предприятием, возможность там работать, достойна защитить, студенты освоющие практическое знание, пути выполнения производственных работ.

2-тапсырма. Берілген сұраққа толық жауап жазыңдар:

Студент өндірістік тәжірибе өзін қалай ұстау керек? (10-12 сөйлем)

3-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, алдыңғы тапсырма бойынша айтылған ойды жинақтап, өз пікіріңізді жазыңыздар.

1. Өзіндік пікір – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлем.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
5. Қорытынды – екі сөйлем.

4-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрастырыңдар.

Колледж директоры, ұқыпты студент, тапсырмаларды орындау, кәсіби білім, дипломдық жұмыс, болашақ маман.

5-тапсырма. Берілген сын есімдерді сызба бойынша талдадар:

Студенттерді, бағдарламасының, қабырғасында.

1. Құрамы (түбір, жұрнақ, жалғау санайсыздар)
2. Туынды/негізгі
3. Дара/күрделі
4. Лексикалық мағынасы

5. Грамматикалық мағынасы (сөз құрамына талдау, түбір, қанда жалғау, қандай жұрнақ)
6. Сұрағы
7. Сөз таптарының түрлері

Грамматикалық материал

Тіркестердің мағыналық байланысы

Өзара байланысы айқын емес тіркестер білдірейін деген ой-пікірді түсініксіз етеді. Тіркестер мағыналық және синтаксистік байланысқа түспесе, ой жұтандығын да аңғартады. Мысалы, *көргенді шығарма, тиянақты табыс, үрдіс келбет* сияқты тіркестер тіліміздің көркін кел- тіріп тұрмағаны белгілі. Бұл сөздерді еріксіз тіркестіргенмен, олардың арасында жатықтық, мағыналық үйлесімділік жоқ. Бұндай қолданыс **синтаксистік нормадан ауытқу** болып саналады.

Сөздердің мағыналық байланыста айтылып, өзара тіркесе алу қаби- леттілігі – олардың ең басты грамматикалық қасиетінің бірі. Сөз тіркесінің белгілерін, яғни құрамында кемінде толық мағыналы екі сөздің болуы, өзара сабақтаса (бағыныңқы, басыңқы сыңар) мағыналық, синтаксистік байланыста айтылуы – осыған дәлел. Мысалы, *момын су, үркек тауық* деп байланыстыру мүмкін емес, *дұрысы – момын адам, үркек мал.*

6-тапсырма. Синтаксистік нормаға сай келмейтін тіркестерді «Қосжазба күнделігі» әдісімен түсіндіріңдер. Тізімді өздерің жалғандар

Тілдік мәлімет	Менің түсіндірмем

Кәрі қарт, шынайы шындық, балғын сәби.

Тақырып 2.7 Электрик бейнесі. Мәтінмен жұмыс.

Электрик бейнесі

Электрик – кәсіпорындағы электрлік және электромеханикалық жабдықты пайдаланысқа қосатын және қызмет көрсететін маман.

Электриктің негізгі міндеттеріне кіретіндер:

- электрлік және электромеханикалық жабдықты пайдаланысқа қосу және техникалық қызмет көрсету;
- тұрмыстық машиналарға және құралдарға сервистік қызмет көрсету;
- электрлік және электромеханикалық жабдықты тексеру, келтіру және реттеу;
- электржабдықтың техникалық пайдалану ережелерін сақтау, стандартқа сәйкес және сертификатталған сынақтарды өткізу;

- бұйымды метрологиялық тексерістен өткізу; есептік құжаттарды және ақаулық тізімдемелерді құру;

- пайдаланып отырған объекте қауіпсіздік техниканы қамтамасыз ету.

Электрик келесі тұлғалық сапаларға ие болуы тиіс, ұқыптылық, ықыластылық, мақсаттылық, өз бетімен шешім қабылдай алу, жауапкершілік, тапжылмайлық және тәуелсіз (өз пікірінің болуы).

Электриктің кәсіптік маңызды сапаларына кіретіндер:

- оралымды және өсіңкілік ойлау;

- талдау қабілеттері;

- жақсы зейін;

- өз ойын сауатты білдіру қабілеті;

- математикалық қабілеттер;

- техникалық қабілеттердің жоғары даму деңгейі;

- дерексіздік ойлау қабілетінің дамуы.

1-тапсырма. Суретке қарап, электрик бейнесіне сипаттама беріңдер.



2-тапсырма. . Электриктің қорабындағы құрал-саймандардың аттарын жазыңдар.



3-тапсырма. Электр қызметі бойынша сізді үйдің жарығын істеуге шақырды, сіз белгілі себептермен кешігіп қалдыңыз. Сіздің әрекетіңіз? Не істейсіз?

4-тапсырма. Өзіңді болашақта қандай маман боласын деп ойлайсың?

5-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Көптік жалғау- тәуелдік жалғау	Тұйық етістік жалғауы	Сын есім тудырушы жұрнақтар	Көптік жалғау- септік жалғау
Ережелерін,	Сақтау,	Электрлік,	Қабілеттердің,

Грамматикалық материал

Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі

Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі дегеніміз – синтаксистік бірлік- тердің дұрыс қолданылуы. Синтаксистік норма сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібінің сақталуын талап етеді. Сөйлем мүшелерінің дұрыс орналасуы – баяндауыштың сөйлем соңында келуі, пысықта- уыштың баяндауыштың алдында келуі, анықтауыштың өзі анықтайтын сөздің алдында келуі және т.б. Мысалы: *Ұзын мүйізді көршінің қызыл сиыры жайылып жүр.* Мұнда *ұзын мүйізді* деген анықтауыш өз орнында тұрмай, сөйлемнің басы- на шығып кеткендіктен, «ұзын мүйізді көрші» болып тұр. Дұрысы – *көршінің ұзын мүйізді қызыл сиыры жайылып жүр.* Тағы бір мысал: *көп тараған қазақтың халық музыкасынан концерт береміз* деу дұрыс емес; дұрысы – *қазақтың жұртқа көп тараған халық музыкасынан концерт береміз.*

6-тапсырма. Мәтіндегі сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібінің және сөз тіркестерінің мағыналық байланысының сақталмау себептерін түсіндіріп, түзетіп жазыңдар.

Халық денсаулығының нашарлауы және демографиялық көрсеткіштердің төмендеуіне әсер ететін себептердің негізгісінің ішінде климаттық, әлеуметтік, экономикалық ахуалдармен қатар, экологиялық қолайсыздықтар да ерекше орын алады. Қазіргі кезде жер шарының көптеген аймақтарында табиғатты бүлдіріп, адамның өмір сүруіне төндіретін қауіп зиянды әрекеттер көбейді. Жер үстінде экологиялық тұтас апат аймақтары пайда болды. Өндірісті ірі қалаларда, техногендік елді қоныстарда қор- шаған орта қатты ластануда. Осы қоршаған бүлінген ортада адам ағзасына залалды заттар молайды. Кеселді мұндай заттар адам өміріне қауіп төндіреді.

Тақырып 2.8 Менің жұмыс орным.

Электриктің жұмыс орны

Жұмыс орны – жұмыс істеушінің (жұмыс істеушілер тобының) өндірістік міндеттерін орындауына бейімделген орын.

Жұмыс орны негізгі және көмекші жабдықтармен, технологиялық және ұйымдық жарақтармен қамтамасыз етілуге тиіс.

Негізгі жабдықтарға жұмыс орнында ұдайы тұратын станоктар, агрегаттар, машиналар; көмекші жабдықтарға транспортерлер, рольгагтер, арбалар және еңбекті жеңілдететін басқа да қондырғылар жатады.

Технологиялық жарақ – өлшеу, кесу аспаптарынан, көмекші және басқа аспаптардан құралады.

Ұйымдық жарақ бейімдемелерді, аспаптарды, көмекші материалдарды, қосалқы бөлшектер мен құжаттарды, дабыл мен байланыс, күтім жасау құралдарын, қоршау, қорғаныш және басқа құрылғыларды қамтиды. Жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, яки басы артық, қолайсыз немесе орындалуы қиын қимыл жасамай, күш пен уақытты барынша аз жұмсай отырып, өнімділігі жоғары еңбек жағдайын жасау еңбек өнімділігін арттырудың басты шарты болып табылады. Жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыруда оны еңбек құралдарымен және заттарымен қамтамасыз етудің, жұмыс орнына қызмет көрсету желісін жасаудың маңызы елеулі. Жұмыс орнындағы өндірістік орта мен еңбек процесінің барлық факторлары, қызметкерлердің еңбек қызметі барысында денсаулығы мен еңбек ету қабілетіне әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторлар кешенді түрде бағаланады.

Электриктер өз бетімен немесе ұжым құрамында қызмет атқара алады. Жұмыс уақыттарын негізінде бөлме ішінде өткізеді. Жабдықты жинақтау кезінде жұмыс бөлме ішінде емес, ашық кеңістік жағдайында өтеді. Электриктер қолданыстағы құралдарды, автоматтандырылған және өлшеу аспаптарын қолданады. Жұмыс орны жақсы жарықтандырылған және жүйелі желдетілуі тиіс. Электриктер арнайы киімде қызмет атқарады. Электр қуатымен жұмыс жасаған кезде міндетті түрде қауіпсіздік техникасын сақтау қажет.

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқындар. Не туралы айтылған?

2-тапсырма. Мәтінді оқып шығындар. Төмендегі берілген сұрақтарға қазақ тілінде жауап беріндер.

Рабочим местом называется участок работы, оснащенный всем необходимым для выполнения производственных операций. При проектировании рабочего места необходимо, прежде всего стремиться к тому, чтобы облегчить труд человека, создать ему максимум удобств, сделать рабочее место безопасным и удобным. При этом должны учитываться размеры и форма тела человека, его масса, сила и направление движения рук и ног, особенности зрения и слуха. При этом должны соблюдаться оптимальные размеры рабочей зоны,

для размещения инструментов, материалов, приборов, приспособлений и для выполнения рабочих операций.

Для выполнения электромонтажных работ необходимы специальное рабочее место и набор электромонтажных инструментов.

Рабочее место электрика должно быть оборудовано специальным столом с диэлектрическим покрытием из пластика, на полу должен лежать диэлектрический (резиновый) коврик. На этом рабочем месте размещается специальная электрическая розетка с напряжением 42 В и подставка для паяльника и инструментов, на которой могут располагаться ванночки для припоя и флюса. Возможны различные конструкции подставок.

В набор электромонтажных инструментов входят : монтажный нож или приспособление для снятия изоляции; плоскогубцы с узкими губками или пинцет для удержания концов проводников в нужном положении; кусачки-бокорезы; плоские и крестообразные отвертки; круглогубцы; изоляционная лента; крепежные изделия (болты, гайки, шайбы).

Кроме того, на рабочем месте электрика могут располагаться и другие инструменты и приспособления: небольшие слесарные тиски, молоток, кернер, набор мелких сверл (диаметром 1-4 мм), надфили, напильники, наждачная бумага, коловорот или ручная дрель, электроизмерительные приборы, шило, устройство для крепления электрических схем, светильник местного освещения и др.

Сұрақтар

1. Жұмыс орны дегеніміз не?
2. Жұмыс орнын жобалау кезінде неге назар аудару керек?
3. Электромонтаждау жұмыстарын жүргізу үшін не қажет?
4. Электриктің жұмыс орнында не орналасады?
5. Электрикке қажетті құрал саймандар?
6. Электриктің жұмыс орнында тағы қандай құралдар болады?

3-тапсырма. Берілген сөздер мәтінде қандай мағынада қолданылып тұр? Анықтаңыздар. Олардың қайсысы омоним бола алады? Сөйлем құрау арқылы дәлелдеңіздер.

Бетімен, бөлме, ішінде, қуатымен.

4-тапсырма.

Керекті тілдік бірліктерді қолданып, «Менің жұмыс орным» тақырыбында ой-толғау жазыңдар.

Керекті тілдік бірліктер: таза бөлме, құрал жабдықтар, қауіпсіздік техникасы, жабдықтау, жұмыс істеу,

5-тапсырма. Берілген етістіктерді талдаңдар.

Сақтау, орналасады, болып табылады

1. Құрамы (түбір, жұрнақ, жалғау санайсыздар)
2. Туынды/негізгі
3. Дара/күрделі
4. Лексикалық мағынасы
5. Грамматикалық мағынасы (сөз құрамына талдау, түбір, қанда жалғау, қандай жұрнақ)
6. Сұрағы
7. Сөз таптарының түрлері

Грамматикалық материал

Мәтіндегі сөйлемдердің орын тәртібі

Қазақ тілінің синтаксистік мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланып, әртүрлі ойға сәйкес етіп алуан түрлі сөйлемдер құрай білу тіл шеберлігін қажет етеді. Адамның басқаға хабарлайтын пікірі жеке сөздермен шектелмей, ұласа айтылған сөйлемдер қатарымен тиянақталып тұрады. Сондықтан сөйлемдер арасы өзара дұрыс құрылуы тиіс. Сонда ғана тыңдарман не оқырман сөйлеушінің не жазушының ойын түсініп,

Қате қолданыс

не айтпақ болғанын ұғады.

Жас кезінен асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен ата-бабамыздың шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз. Бұған дәлел – қазақтың спорттық ойындары. Қазақ халқы ерте кезден бала тәрбиесіне, баланың ақыл-ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған.

Дұрысы

Қазақ халқы ерте кезден бала тәрбиесіне, баланың ақыл-ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған. Бұған дәлел – қазақтың спорттық ойындары. Жас кезінен асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен ата-бабамыздың шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз.

6-тапсырма. Синтаксистік норманы сақтай отырып, мәтінді редакцияландар. Сөйлемдердің орындарын ауыстырып жазындар.

Сондықтан құтқарушылар «ел қауіпсіздігі жолында тәуекелге бел буа еңбек ету – кәсіби әрі адамдық парызымыз» деп санайды.

Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері:

– Тамыр соғысын тексеріп едім, соғып тұр екен. Содан тез далаға алып шықтым. Өкпесін сүзгілеп, түтінді шығардым. Осы әрекеттерді 7–8 минуттай жасадым. Бір уақытта әлгі адамның тыныс алуы қалпына келді.

Кәсіби өрт сөндірушілер мен құтқарушылар үшін жина- қылық пен ширақтық – аса қажет мінездер. Оқыс оқиға кезінде адам өмірін сақтау үшін әрбір секунд санаулы, әр минут қымбат.

Тақырып 2.9 Маманның еңбек қызметі.

1-тапсырма. Болашақ электрик маманы ретінде, өзіңіздің еңбек қызметімен тағы не қосар едіңіз?

1. Электр құрылғы мен жабдықтардың дұрыс және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.
2. Жаңа электр жүйелерін монтаждау қызметін атқармайды.
3. Құрылғылардың алдын ала ескіру , жөндеу жұмыстарын өткізбейді.
4. Жұмысшыларға құрылғыларды қолдануға ұсыныс береді.
- 5.Электромонтерлердің жұмыстарын басқарады. Олардың жұмыс сапасын бақылайды.
6. Нұсқаулықтар арқылы, күтім техникалық шарттар және жобалар бойынша, дұрыс пайдалану, уақытылы және сапалы жөндеуді қамтамасыз етеді. Жөндеу жұмыстарына қатысады.
7. Құрылғылар жұмысындағы ақауды жөндейді, монтаждамайды және реттемейді.
8. Жұмыс орындарын керекті құрал-саймандармен, техникалық құжаттармен қамтамасыз етеді.
9. Техникалық қызмет көрсетудің прогрестістік әдістерін меңгеріп , оларды жұмыс орындарында жүзеге асырмайды.
10. Керекті құрал-саймандарға материалдарға тапсырыс береді.
11. Жабдықтардың сынған себебін анықтап және жұмыс орындарында апаттық жағдайлар болмауына үлес қоспайды.

2-тапсырма. Менің қызметтік еңбегім, электриктің құрал-саймандары, жөндеу жұмыстары, орташа қуатты, жұмыс орным.

3-тапсырма. Берілген сөздердің синоним табыңдар.

Жұмыс істеу –

Жөндеу –

Құрылғы –

Әдіс –

Болашақ -

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Болашақта өз мамандығың бойынша жұмыс істейсің бе?
2. Қай жерде жұмыс істегің келеді?
3. Сенің ойыңша электриктің жұмысы ауыр ма?
4. Тағы немен айналысқың келеді?

5-тапсырма. Электрик маманының еңбек қызметі жайлы «ПСМТ формуласы» әдісімен жазыңдар.

1- сөйлем: «Менің ойымша, ...».

2- сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...».

3- сөйлем: «Оны мынадай деректермен, мысалдармен дәлел- дей аламын: ...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытын- ды шешімге келдім: ...».

Грамматикалық материал

Тілдік жүйе және норма

Тілдік норма дегеніміз – тілдік таңбалардың (сөз, қосымша, сөй- лем), тілдік амал-тәсілдердің қолданыстағы бірізділігі мен реттілігі. Әдеби тілдің заңдастырған нормасы – сөзді дұрыс қолданудың, грам- матикалық амал- тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары. Тілдік норма – әдеби тіл туралы ұғымның маңызды заңдылығы. Сөйлеуде, жазуда тіл амалда- рын дұрыс қолдана білу әдеби тіл нормасын сақтау болып саналады. Тілдік жүйе, дағды, норма ұғымдарының байланысын мынадай қарапайым мысалмен түсіндіре кетсек. Қазақ тілінің сөз жасау жүйе- сінде *-ла, -ле, (-да, -де, -та, -те)* қосымшалары есім сөзден етістік тудырады. Мысалы: *бас-та, қол-да, үтік-те, су-ла, шөл-де* т.б. Бірақ осы жұрнақты кез келген сөзге жалғай алмайсыз. Мысалы: *кірпік-те, кітап-та, соғым-да* т.б. мағынасыз етістіктер біздің қолдану дағдымызда орын алмаған.

6-тапсырма. Мәтінді оқып, қай баланың тілдік норманы сақтамай сөйлегенін анықтаңдар.

– Арман, Арман деймін, жүрші, барайықшы анау магазин. Менің қолымнан тартып, мазалап тұрған – Алматыдан келген бөлем Едіге. Қызылды-жасылды ойыншықтар дүке- ніне қарай қолын шошайтып алған.

– Едіге, тоқтай тұршы. Қазір барамыз.

– Арман, барайық магазин.

– Едіге, «магазин» деген – орыс сөзі, біз қазақша «дүкен» дейміз. Дұрысы «барайық магазин» емес, «дүкенге барайық» деп айтылады.

– Мен ұқты. Сен жүрші...

– Арман, мен қорқады, анау қарайды.

Едіге көрсеткен жақта көршінің күшігі тұр.

– Е, ол күшік қой, сен одан қорықпа.

– Жоқ, мен қорықпайды. Мен оны кірпіштеп жіберем.

Арман жерден кірпіштің сынығын алып, сес көрсетіп қояды. Мен ойланып қалдым.

(А.Асыл)

Тақырып 2.10 Техник –электрик маманы туралы

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтіндегі ақпаратпен келісесіз бе? Себебін түсіндіріп жазындар.

Жастар болашақ мамандығын дұрыс таңдай біле ме? Әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына да байланысты екені анық. Сол себепті мамандық таңдау оңай емес. Шыны керек, кейбір жастарымыз жақсы маман иесі болсам деп ойлай бермейді. Әйтеуір, бір мамандықты таңдай салып, диплом алып шықсам болды дейді. Сонда саны көп, сапасы жоқ дипломнан не пайда? Жақсы маман иесі болу үшін көп ізденіс, оқу, білім алу, ең бастысы мамандыққа деген сүйіспеншілік қажет.

Электрик – бұл электротехника саласында еңбек ететін маман. Электриктер электр жабдықтары мен қызмет көрсетуші құрылғылардың сенімді жұмыс жасауын қамтамасыз ете отырып, жаңа электр желілерін жүргізеді. Қызмет көрсетуші құрылғыларға жоспарлы - ескертілген жөндеу жұмыстарын жүргізіп, бұзылудың себептерін анықтайды, олардың ескертуімен шара қолданылады. Техникалық қызмет көрсетуіне сәйкес дұрыс әрі сапалы жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Жұмыс барысында құрылғының ақауларын жоя отырып, жөндеу, жаңарту және бірқалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

Электриктер электр жүйесін, электр аппараттарын, құрылғыларын жөндеу, жаңарту аймағында, атап айтсақ: электрстанцияларда, радио – телестанция саласында, өндірістік кәсіпорындарда, құрылыс компанияларында, кез - келген ірі мекемелерде жұмыс жасайды.

Маманның жеке ерекшеліктеріне қойылатын талаптар: Электриктер жоғарғы кернеуде жұмыс жасауына байланысты: жауаптылық, ұқыптылық, сақтық, сенімділік маңызды қасиеттері болып табылады.

Медициналық шектеулер:

- Есту, көру, иіс сезу, түсті сезу қабілетінің төмен болуы
- Тері аурулары
- Орталық ми жүйесінің органикалық аурулары
- Ішкі ағзалар аурулары
- Вегетативтік әрекетсіздік

Кәсіби дайындығына қойылатын талаптар:

Техник – электрик маманы:

- электромонтаждау сұлбасын;
- бөлшектерді және түйіндерді қарапайым электромонтаждау сұлбасын;
- электрлік аспаптарды қосу және айыру ережесін;
- электр құрылғыларының жұмыс принципі мен техникалық параметрлерін тағайындауды;
- электр құрылғыларын жаңарту және қайта құрау құралдарын ыңғайластыруды;

- жұмыстан шығарылған құралдардың жұмысқа қабілеттілік және жөндеуге жарамдылығын анықтауды;

- жөндеу жұмыстарын орындайтын қызметкер үшін қауіптің пайда болу себебі мен жою тәсілдерін;

- мерекелік шаралар өткізу үшін электрмен қамтамасыз ету құралдарымен жабдықтарды қалпына келтіруді;

- электр жабдықтарын қолдану алдында құралдармен аппаратура және өлшеу әдістеріне қызмет көрсетуге бейімдеуді білуі тиіс.

Техник – электрик маманы:

- Электр жабдықтарының техникалық жағдайын бағалау мен бүліну белгілерін және тексеруді орындауда еңбекке қабілеттілігін қадағалауды;

- Электр станциялары мен желілердің электр жабдықтарының үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз етуді;

- Электр жабдықтарын құрастыру және бөлшектеу жұмыстарын орындауды;

- Электр жабдықтарын жөндеу және оған тексеру жүргізуді;

- Тұтынушыларды электрмен қамтамасыздандыруды қалпына келтіруді;

- Жөндеу жұмысының сапасына тексеріс жүргізуді;

- Жөндеуден кейінгі электр жабдықтарын сынақтан өткізуді істей білуі керек.

Қолданылу аясы:

Мамандық - құрылыс мекемелерінде, электр көліктерінде, ірі фермаларда, өнеркәсіптік кәсіпорындарда жоғары сұранысқа ие, атап айтсақ, кеңселік кешендер, мектептер мен ЖОО, ірі сауда орталықтары және т.б. Осы мекемелер орналасқан ғимараттардың ішкі электр желілерінің қызмет көрсетуі мен жөндеу жұмыстары үшін штаттық жеке электриктермен қамтамасыз етіледі.

Еңбек жағдайы:

Электриктер кез-келген ауа-райы жағдайында әуе желілерінде, ғимараттарда, салынып жатқан объектілерде электр желісін жүргізіп, цехта өнеркәсіптік жабдықтарын, әуежайлардың жанындағы ұшақ ангарында ұшақтың қозғалтқыштарын жинайды. Жоғары кернеуде жұмыс жасауына байланысты электриктің жұмысы қауіпті.

Кәсіби тәуекелдер:

Электриктің қателігінен қысқа тұйықталу орын алып, өрт, электрлік жарақат секілді ауыр жағдайлар орын алуы мүмкін. Сондықтан да мамандық жоғары жауапкершілікті талап етеді.

Мансаптық өсу:

Мансаптық өсуді жоспарлағанда біліктілікті арттыру қажет, нәтижесінде жоғары кернеуде қызмет көрсетуге арналған электр қондырғыларымен жұмыс жасауға болады. Дегенмен, кәсіби деңгейде өсу үшін жоғары техникалық білім алу қажет.

2-тапсырма . Ол «Оңтүстік Жарық транзит» ЖШС-нің Әл-Фараби аудандық электр тарату жүйесінде жұмыс істеп жүрген электрик-монтер Айдос Бекназаровтың интервьюын оқыңыздар. Электриктер қандай жағдайда жұмыс істей алуы керек?

Бүгінгі таңда электрик мамандығына деген сұраныс жоғары. Кез келген салада орны бар. Электриктің жұмысы қауіпті болғанымен, қазіргі кезде осы мамандықты игергісі келетіндердің көптігі де көңіл қуантады. Сондай жастардың бірі – Айдос Бекназаров. Ол «Оңтүстік Жарық транзит» ЖШС-нің Әл-Фараби аудандық электр тарату жүйесінде бес жылдан бері электрик-монтер болып жұмыс істейді.

Халық арасында «Электрик пен сапер өмірінде бір-ақ рет қателеседі» деп жиі айтылады. Расында да, қателесуді кешірмейтін, аса ұқыптылық пен сақтықты талап ететін мамандықтың бұл түрін Айдос мектеп қабырғасында жүргенде-ақ таңдапты. Мектепті тәмамдаған соң, әкесімен ақылдаса келе, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің энергетика факультетіне оқуға түскен. Бала кезінен сымдарды қуат көзіне қосып, аспа шамдарды ешкімнің көмегінсіз-ақ іліп, осы мамандықтың қыр-сырын біртіндеп үйрене бастаған. Жоғары оқу орнын бітіре салып, жұмысқа орналасқан. Айдостың айтуынша, жұмысқа тұру тіптен қиын. Өйткені, жұмысқа қабылдану үшін арнайы емтихан тапсырады. Электриктер білген-түйгенін тағы бір пысықтап алу үшін жылына екі рет сынақтан өтеді.

Айдостың міндеті – төтенше жағдай орын алған аумақтарды анықтау, тексеру және қалпына келтіру. Бүгінгі таңда өмірімізді электр энергиясыз елестету өте қиын. Электр жарығы сөне қалған жағдайда дегбіріміз қашып, тиісті орындарға хабар береміз. Табиғаттың тосын мінезі де электр желілеріне зақым тигізуі мүмкін. Мұндайда Айдос арнайы киімін киіп, электр бағанасына шығады. Тіпті, электр тогын өткізбейтін аяқ-киімі де бар. Ал оның сыртынан салмағы 4 келідей болатын темір құрсау киеді. Ол бағанға кедергісіз өрмелеп шығуға мүмкіндік береді.

– Біздің жұмысымыз өте қауіпті. Жоғары кернеулі бағандарға шыққан кезде, барынша сақ болуымыз қажет. Әсіресе, ауа райынан келер қауіп-қатер көп. Мәселен, жаңбыр жауғанда ток өткізгіштік екі есеге дейін артады. Сол үшін кез келген іске кірісерде, арнайы формамызды киеміз. Жалаң қолмен жұмыс істеуге тағы болмайды. Бұл ретте электр тогымен жұмыс істеуге арналған қолғабымыз бар. Апат болған нысанға барғанда кран, манипулятор, автовышка, рация секілді техниканың көмегі зор, – дейді А.Бекназаров.

3-тапсырма. Мәтін бойынша кестені толтырындар.

Айдос Бекназаровтың оқу орны	Айдостың міндеті	Айдос қандай қызмет атқарады	Жұмыс барысында киетін киім-кешегі	Техникалардың түрлері

4-тапсырма. «Синквейн» әдісі бойынша электрик сөзіне бес жол өлең құрастырыңдар.

1. Зат есім
2. Сын есім
3. Етістік
4. Сөйлем
5. синоним

5-тапсырма. «Менің Қостанай жоғары политехникалық колледжінің техник-электрик мамандығының студентімін» тақырыбында өзің туралы ақпарат жазыңдар.

Грамматикалық материал

Тілдік норма және жаңа қолданыстар

Әдеби тіл нормалары оқулықтарда, тиісті сөздіктерде көрсетіліп отырады. Ал ол қағида-ережелерді сақтамау – нормадан ауытқу. Біз сөздіктерде тіркелмеген, түрлі оқулық пен анықтағышта ұшырата бермейтін сөздердің жарыспалы қолданыстағы түрлерін кездестіріп жүрміз. Бұл сөздер жиі қолданылып, өз қажеттілігі мен қолайлығын дәлелдеп, тәжірибе-сынақтан өтіп, әбден қалыптасқан соң ғана термин ретінде тіркеледі. Мұны төмендегі кестеден көруге болады.

Оқулықтағы термин	Жарыспалы қолданыс	Қабылданған баламасы
саммит	басқосу, кездесу	саммит
фасад	қасбет, маңдайша	қасбет
принцип	қағидат, ұстаным	принцип
планета	ғаламшар	планета
музей	мұражай	музей
астана	елорда	астана
публицистика	көсемсөз	публицистика

6-тапсырма.

Берілген сөйлемдерден

жаңа қолданыстағы сөздерді тауып, жарыспалы қолданысы мен тілдік нормаға қабылданған нұсқасын кестеге жазыңдар.

Сөз	Жарыспалы қолданыс	Қабылданған баламасы

1. Қаладағы бірқатар ірі мекемелер Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамына демеуші болуға ынта білдіреді. 2. Тарихи дерекнама көзіне сүйенер болсақ, ХХ ғасырдың өзінде Түр

кістан шаһарында медресе жұмыс істегені мағлұм. 3. Таяуда «Жұлдыз» журналының дөңгелек үстелі Жамбыл облысының Талас

ауданында өткізілді. 4. Басқалардың қолына түспейтін тапшы затты қалайда табуға тырысады. 5. Менің байқауымша, олар делдалдық қызмет көрсетеді. 6. Орта бойлы, қара торы қыз дәрісханадан көңілді шықты. 7. Дәмқосар – тағамның дәмін кіргізу үшін пайдаланатын қоспа. 8. Түрік жігіті бізді Ата Түрік әуежайына алып келді. 9. «ИЛ-62» самұрығы бір- те-бірте биіктей берді. 10. Мұнда негізгі еңбекақыға 15 пайыз қосымша беріледі. Еңбекақымен бірге сыйақы беріліп тұрады

Тақырып 2.11 Электрмен қамтамасыз етудің сапасы

Электрмен қамтамасыз ету сапамен және сенімділікпен сипатталады. Электрмен қамтамасыз етудің сапасы электр қабылдағыштардың қасиеттерімен тығыз байланысты және ол электрмен қамтамасыз ету жұмысының сенімділігін арттырады. Электрмен қамтамасыз етудің сапасы ең алдымен электр энергиясының сапасына қатысты (ЭС). Ол қоректенетін кернеу формасының бұрмалануы және бұзылуымен сипатталады. Бұл қателіктер энергожүйелерден келеді – мысалы, электр желісі аудандарының коммутациясымен шақырылатын, найзағайлық импульс, коммутациялық **кернеудің** жоғары болуы, қосымша автоматты ауыстыру құрылғысының жұмысы кезіндегі және тұтынушылардың басқа қорек көздеріне ауысу кезінде. Электр қабылдағыштардың өздері электр желісіне бұрмалануды алып келуі мүмкін. Мұндай қасиеттерге тез айналымы және сызықты емес жүктеме сипаттамалы **электрқабылдағыштар** ие: әртүрлі түрлендіргіштер, өнеркәсіп тұтынушылар, электрлік транспорт және т.б. Электрқабылдағыштардың мұндай қасиеттері электромагнитті сәйкестілікке қатысты – берілген **электромагнитті** жағдайда берілген сапамен техникалық құралдардың қызмет ету мүмкіндіктері және басқа техникалық амалдардың рұқсат етілмеген электромагнитті бөгеуліктерді тудырмауы мүмкін.

Электр энергиясының сапасы электрқабылдағыштың тиімділігін және жұмыс істеу қабілетіне әсері мол. Инфокоммуникационды жүйелерде қолданылатын ЭС-ті кондуктивті бөгеулердің қондырғыға әсері ретінде қатастырылады. Бұл жағдайда бөгеуліктерге дәрежесі стандарт бойынша орнатылған нормалардан аспайды, ал қондырғы дұрыс жұмыс істейді және инфокоммуникационды жүйелерде бұзылулар (тоқтау, тиімділіктің төмендеуі) болмайды.

Жалпы міндетті электрмен қамтамасыз ету жүйесі – әртүрлі тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етуге арналған, электр қондырғылары мен электр қондырғылар жиынтығы. Нүктелердегі 50 Гц жиілікті бірфазалы және үшфазалы **айнымалы ток** жалпы міндетті электрмен қамтама жүйесі, электр желісіндегі электр энергиясының сапа нормалары мен көрсеткіштері стандартты болады.

ЭС нормалары – берілген стандарт бойынша орнатылатын электр энергия сапасының көрсеткіштері, жалпы міндетті электрмен қамтама

жүйелеріндегі кондуктивті электромагнитті бөгеуліктеріне электромагнитті сәйкестік дәрежесі мен шектелінеді. Осы нормаларды сақтау жалпы міндетті электрмен қамтама жүйесімен электр энергиясының тұтынушының **электрлік желілерін**, сәйкестігі қамтамасыз етіледі және қондырғы жұмысында бұзулармен тоқтап қалулар болмайды.

Бұл нормалар ЭС-мен қамтамасыз етудің техникалық шараларын таңдау үшін керек электрмен қамтама жүйелерін жобалау кезінде қолданылады.

Электр энергиясын тұтынушылардың өз меншігіндегі электр желілеріндегі электр энергиясының сапасы, сала стандартты және басқа нормативті құжаттармен бекітілген. Сала стандарттары болмаған жағдайда электр энергиясын **тұтынушыларға** жалпыға бірдей стандарт қолданылады

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыздар. Не туралы айтылған? Мәтінді бөліктерге бөліп, орыс тіліне аударыңдар.

2-тапсырма. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен қарап, жазыңдар.

3-тапсырма. Берілген сөздердің аудармаларын табыңдар.

Қазақ тілі	Орыс тілі	Шет тілі
Техникалық		
	электрическая сеть	
		three-phase
Тұтынушы		
		electric receiver
		electromagnetic
однофазный		

4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін мазмұны бойынша диалог құрастырыңдар.

Болашақтың энергиясы

Энергия – бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандырушы бірден-бір табиғи қайнар көзі. Қоғамның энергия көзде ріне қолжеткізуі оның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақты дамуының аспектілерін анықтайды. Технология саласындағы әртүрлі қуат көздерін оңтайландыру мен байланысты ғылы ми зерттеулер мен жетістіктер қоғамдастықтардың функционалды тәсілдерін анықтап, энергетиканың

тұрақты даму болашағын қалыптастырады. 2017 жылы Астанада «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен өткен «ЭКСПО-2017» көрмесі кең ауқымды және барлығын қамтушы жоба ретінде ойластырылды. Болашақ энергиясы қа зіргі заманның келелі мәселелері не және болашақтағы шешімдерді болжауға қатысты міндеттерді шешуге бағытталған, ойлануға нәр беретін ауқымы кең тақырып болып отыр.

5тапсырма. Мәтіннен мына сұрақтарға жауап беретін сөздерді теріп жазыңдар.

Не?

Қайда?

Қандай?

Қашан?

Не істейді?

Грамматикалық материал

Тасымал

Жазып келе жатқан жолға сыймаған сөз буын жігіне қарай тасы- малданады: *ба-лу-ан, тәр-бие, өне-ге-лі*. Тасымалданбайтын сөздер:

1) бір буынды сөздер: *спорт, ұлт*;

2) бас әріптен қысқарған сөздер: *ИнЕУ, ҚазҰПУ*;

3) қысқартылған кісі есімін фамилиядан айырып тасымалдауға бол- майды: *М.Әуезов, С.Мұқанов*;

4) қысқарған шартты белгілерді цифрдан бөліп тасымалдауға бол- майды: *5 м, 30 м*;

5) сөздің жалғыз әрпін қалдырып тасымалдауға болмайды: *і-лім, а-на*.

6 – тапсырма. Тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп алып, сөйлем құраңдар.

Шекшеката, қиын, айқас, А.Құнанбаев, ақуыз, мәдениет, дүние, айыл, әзіл, Ресей, Сәкен, ақылы, ҚазҰПУ, 5 метр, 2011 жыл, Ғ.Мұстафин, қияр, суыр, киіз, сояу, ағашаяқ, алабұта, ақыл-ес, ашықауыз, белағаш, бесаспап, биялай, буынаралық, кәусар, кейкуат, көкаяз, көзақы, ащыот, ПМУ, 21 кг, 9 т, спорт, ұн, бауырсақ, әлем.

Тақырып 2.12 Электрмен үздіксіз қамтамасыздандыру жүйесі

Электрмен үздіксіз қамтамасыздандыру жүйесі деп – сыртқы электрмен қоректендіру көздері ауытқыған кезде қабылдағышты электрмен үздіксіз қоректендіру көздерінің аккумуляторында жиналған энергиямен қамтамасыздандыратын электр құрылғысын айтады. Бұл үрдіс сыртқы

электрмен қамтамасыздандыру қалпына келтірілгенше немесе кепілдендірілген электрмен қамтамасыздандыру жүйесінің қосымша көздері қосылғанша жүреді. Ол қалыпты режимде электр қабылдағыштарды КЭ – мен қамтамасыздандырады және келесідей функцифналдық мүмкіндіктерге ие:

- “Синусойданың үзілуінсіз” электрмен қамтамасыздандыру;
- ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелерде ақпарат шығынынсыз және қондырғылардың зақымдануынсыз үрдістердің дұрыс аяқталуы үшін қажет автономды жұмыс уақытының болуы;
- электр энергиясының сапа көрсеткіштерін қажетсінетін электрмен қамтамасыздандыруды тудырады;
- қондырғылардың электромагниттік үйлесімділікті қамтамасыздандырады.

ҮЭҚЖ келесідей компоненттерден тұрады:

- үздіксіз қоректендіру көздерінен;
- ҮЭҚЖ – ның басты үлестіру щиттерінен;
- Үлестіру щиттерден;
- Топтық желіден.

В тобының электр қабылдағыштары электрмен қамтамасыздандыру жүйесінің құрамында мынадай түрде ерекшелінеді – қорек негізгі электр көздерінен қамтамасыздандырылмаған жағдайда қоректі автономды көздерден – дизель – электр станциялардан (ДЭС) алу мүмкіндігі. ҮҚК – мен салыстырғанда ДЭС қалыпты режимде өшірулі болады, және В тобының тұтынушылары С тобының тұтынушыларымен қатар негізгі көздерден қоректенеді. ДЭС дизель – генераторлық қондырғылар (ДГК) негізінде жасалады. Жалпы жағдайда ДЭС құрамына түрлі қуатты бірнеше ДГК кіруі мүмкін.

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыздар. Не туралы айтылған? Мәтәндегі мәліметтерді тірек сызба арқылы көрсетіңдер.

2-тапсырма. Мәтіннен термин сөздерді теріп жазып, сөйлем құраңдар.

Терминдер	Сөйлем

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына берілген сұраққа жауап беретін керекті тіл бірліктерін қойыңдар.

Кепілдендірілген электрмен қамтамасыздандыру жүйесі (КЭЖ) деп – (қандай?) қорек көздерінің ауытқулары кезінде (кімдерді?) қосымша ДЭС –

тен электрмен қамтамасыздандыруды тудыратын электр қондырғысын айтады.

КЭЖ келесідей (нелерден?) тұрады:

- Дизель – генераторлық қондырғылардан;
- Үлестіру щиттерінен ;
- Қорды автоматты түрде қосу (ҚАҚ) қондырғыларынан.

(Қандай?) және телекоммуникационды жүйенің электр қабылдағыштарын электрмен қамтамасыздандыру олардың қоректенуші жүйесі – ҮЭҚЖ – мен (не істейді?). Дегенмен, ҮҚК-нің аккумуляторларының сыйымдылығы шектеусіз, және автономды электрмен қамтамасыздандыру уақытын ұлғайту үшін КЭЖ құрамында ДГҚ қолданылады. Негізгі электрмен қамтамасыздандыру (несі?) ОЭЖ болып табылады.

Керекті тіл бірліктері: көзі , компоненттерден , ақпараттық, негізгі, тұтынушыларды, жүргізіледі

4-тапсырма. Берілген сөздерді басқа қандай сөздермен ауыстыру болады?

Қажетті –

Жұмыс

Құрылғы –

Негізгі –

Жөндеу -

5-тапсырма. Берілген дәйексөзді (цитата) қазақ тіліне аударыңар, дәйексөзге(цитата) қатысты пікір білдіріңдер.

«Электричество — величайшее изобретение человечества»

Грамматикалық материал

Бас әріппен жазылатын сөздер

Төмендегі жағдайларда бас әріппен жазылады:

- 1) жалқы есімдер: *Қызылорда, Абылай, Талас өзені, Шолпан жұлдыз;*
- 2) жоғарғы мемлекеттік қызмет атаулары мен құрметті атақтар: *Пре-зидент Әкімшілігі, Халық Қаһарманы;*
- 3) мемлекет, республика, жоғарғы мекемелер мен ұйымдар атауларының әр сөзі: *Қазақстан Республикасы, Біріккен Ұлттар Ұйымы;*

- 4) нүкте, сұрау, леп белгілерінен кейінгі сөйлемнің бірінші сөзі, өлеңнің әрбір жолы: *Жанұя – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер (Қ.Аманжолов);*
- 5) кісі аттарымен қабаттаса айтылатын тұрақты спитеттері бар жалқы есімдер: *Жаяу Мұса, Ер Төстік, Қыз Жібек;*
- 6) бас әріптермен қысқарған сөздер: *БҰҰ, ТМД;*
- 7) түрлі мекемелер, білім-ғылым орындарының күрделі атауларының бірінші сөзі: *Павлодар мемлекеттік университеті;*
- 8) мифологиялық кейіпкерлердің, әулиелердің аттары: *Бекет ата, Арыстан баб (баба), Ойсылқара, Зеңгібаба;*
- 9) мал, құс, ит т.б. қойылған аттар: *Байшұбар, Тайбурыл, Бөрібасар;*
- 10) маңызды тарихи оқиғалар, мерекелердің аттары: *Ұлы Отан со-ғысы, Ақтабан шұбырынды, Жеңіс күні;*
- 11) орден, медаль аттары; құрметті атақтардың бірінші сөзі: *«Құрмет» ордені, «Барыс» ордені, «Күлтегін» медалі;*
- 12) ресми құжаттардағы шартты атаулар: *Жоғары мәртебелі Прези-дент мырза, Елбасы;*
- 13) көше, алаң, парк, шоссе, көпір, жол және т.б. аттарының бірінші сөзі: *Жібек жолы көшесі, Республика алаңы;*
- 14) кітап, газет, журнал аттары: *«Қартқожа» романы, «Ана тілі» газеті;*
- 15) рудың аты жалқы есімнің алдынан келетін тұрақты спитеттің ор-нында жұмсалса: *Қызылқұрт Теке би, Қаракерей Қабанбай.*

6-тапсырма. Сөйлемдердегі бас әріппен келетін сөздерді анықтап, жазылу себебін түсіндіріңдер.

2. аздан соң ербол абайлардан бөлініп, көлқайнарға қарай тартып кетті (М.Ә.).
2. қасым пішенбаев көмір тапқаннан ке-йін, ол баянауыл, қарқаралы жерлерін сонау балқашқа дейін иемденіп алады.
3. ұлы сібір теміржолының салынуына байла-нысты ХІХ ғасырдың аяқ кезінде екібастұз көмірін пайдалану үшін «воскресен тау-кен акционерлік қоғамы» ұйымдасады.
4. павлодар қаласына таяу, ертістің сол жақ жағалауындағы воскресенская пристанына екібастұздан тар табанды темір-жол тартылды да, сол жолмен екібастұз көмірін деров ертіс арқылы омбыға тасытады (Ә.Нұрш.).
5. араб басқыншылы-ғынан кейінгі кездегі қараханид кезеңінің тілдік ерекшелік-терін сипаттайтын жазба материалдарға жүсіп баласағұнның «кұтадғу білік» атты поэмасы, махмұд қашқаридің «диуани лұғат-ат түрік» атты лингвистикалық еңбегі, ахмет иүгінеки-дің «һибат-уль-хакаик» атты еңбегі, қожа ахмет ясауидің шы-ғармалары («хикметі») жатады (С.И.).
6. шығыстың класси-калық әдебиетінің қазақша еркін аудармалары, яғни шығыс сюжеттерін қайталап қазақша жырлаған туындылар: «шах-наме», «ләйлі-мәжнүн», «жүсіп-зылиха», «фархад-шырын», «ескендір», «мұңлық-зарлық», «сейфүл-мәлік», «бозжігіт», «шахмардан», «шәкір-шәкірат» және т.б. (Р.С.).

№ 3 Бөлім Кәсіптік білім берудің негіздері.

Тақырып 3.1 Никола Тесла - электротехника және радиотехника саласында өнертапқыш .

Никола Тесла (серб. Никола Тесла, ағылш. Nikola Tesla; 10 шілде 1856, Смилян, Аустрия империясы, қазіргі Хорватия — 7 қаңтар 1943, Нью-Йорк, АҚШ) — данышпан физик, инженер, электротехника және радиотехника саласында өнертапқыш. Ұлты — серб.

1882 жылға дейін Тесла, сол кезде телефон желілерін жүргізу мен телефон станцияларын салып жатқан Будапешттегі әкімшіліктің телеграфтық компаниясында инженер-электрик болып істеген. 1882 жылдың ақпан айында Тесла кейін айналатын магнит өрісі деп аталған құбылысты электрқозғалтқышына қалай қолдануға болатынын ойлап табады.

Телеграфтық компаниядағы жұмыс Теслаға айнымалы токтағы электрқозғалтқышты жасауға мүмкіндік бермеді. 1882 жылдың аяғында ол Париждегі Томас Эдисонның (Continental Edison Company) Континентальды компаниясына жұмысқа тұрды. Компанияның үлкен жұмыстарының бірі Страсбургтегі теміржол бекетіне электростанция құру болды. 1883 жылдың басында компания Николаны Страсбургқа жаңы теміржол станциясында жарық беруді монтаждауда туындаған мәселелерді шешуге жібереді. Бос уақытында Тесла асинхронды электрқозғалтқыш моделін жасауға жұмсап, 1883 жылы оны Страсбург қаласы әкімшілігінде көрсетеді.

1884 жылдың 6 тамызында Тесла Нью-Йоркқа келеді. Томас Эдисонның компаниясында (Edison Machine Works) тұрақты токқа арналған электрқозғалтқыштар мен генераторларды жөндеу жұмысының инженері ретінде жұмысқа тұрады.

Эдисон Тесланың жаңа ойларын суық қабылдап, оның өнертапқыштығын ашық жақтырмады. 1885 жылдың жазында Эдисон Теслаға егер ол оның тұрақты токқа арналған электрлік машиналарын конструктивті түрде дамытатын болса оған 50 мың доллар (шамамен қазіргі 1 млн доллар.) беретіндігі туралы айтады . Никола бар күш-жігерімен іске кірісіп, Эдисонның машинасының 24 түрін, эксплуатационды қасиеттерін айтарлықтай жақсартатын жаңа коммутатор мен регуляторды ұсынады. Барлық жаңартуларды қабыл алған Эдисон, уәделенген сыйдың орнына эмигранттың әзірге америка юморын дұрыс түсінбейтінін айтады. Бұған намыстанған Тесла жұмыстан кетіп қалады

1-тапсырма. Берілген сұрақтарға орыс тілінде жауап беріңдер.

1. Никола Тесла кім болған?
2. Ол қай жерлерде жұмыс істеген?
3. 1882 жылы не ойлап тапқан?
4. 1882 жылы қайда жұмысқа орналасады? Оны қайда жібереді?
5. 1883 жылы Страсбург қаласы әкімшілігіне не көрсетеді?
6. 1884 жылы қай келеді? Қайда жұмысқа орналасады?
7. Тесла не себепті Томас Эдисонның компаниясынан кетіп қалады?

2-тапсырма. Мәтінді оқи отырып, Тесланың не ойлап тапқанын, нені болжағанын қазақ тілінде кластер түрінде жазыңдар.

Изобретатель Никола Тесла в мировой истории остался как выдающийся учёный, опередивший свое время и гений которого сравнивали с Леонардо да Винчи. Сам учёный заявлял, что трудится не «для настоящего», а «для будущего». Только запатентованных изобретений, изменивших инженерный мир, у него было более 300, всего насчитывается более тысячи. К примеру, его изобретения легли в основу современного энергоснабжения, он открыл принципы робототехники и двигателей на солнечной энергии, его считают создателем компрессора, промышленного вентилятора, водяного насоса, электросчетчика, частотомера, рентгеновского аппарата, автомобильного спидометра, люминесцентных ламп, электрических часов, приборов электротерапии, он усовершенствовал паровые турбины, занимался разработкой локомотива, летательного аппарата, автомобиля на электрическом двигателе. Тесла также предсказал появление интернета и современных гаджетов, проводил опасные научные эксперименты на грани науки и фантастики, чем ввергал в шок даже учёных.

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Өзіңді бір мезетке өнертапқыш екеніңді елестетіп көр. Не ойлап табар едің? Ойларыңды жазбаша жеткізіңдер.

2013 жылы ұйымдастырылған "Өнертапқыш KZ" байқауында ең үздік өнертапқыштар миллионер атанды. Талдықорған қаласының тұрғыны Мыңзахмет Төлеевтың жобасы "Аймақтардағы су көтергіш қондырғылар" деп аталды. Бұл қондырғы электр қуатын қолданбай-ақ суды жоғары көтеріп, егін суғаруға мүмкіндік береді. Ақтөбелік өнертапқыш Нұрлан Жантөрин екі жыл қатарынан күміс медаль иегері болды. Ол үйдің ауасын шаңнан және түтіннен тазалайтын қондырғы ойлап тапқан. Қостанайлық өнертапқыш Бақытжан Әлменов тыныш тұрған судан электр қуатын өндіруге болатынын ойлап тапты. Ол өзі ашқан жаңалығына патент те алды. Егер осы жаңалық өндіріске енетін болса, қуат көзі барынша арзандайды екен.

4-тапсырма. Мәтінді оқи отырыңдар, өнертапқыш пен жаңалық ашатындардың бір-бірінен қандай айырмасы бар? Өз сөздеріңмен ойларыңды жазыңдар.

Қазақстандағы Өнертапқыштық адамзатпен бірге жасасып келеді. Ең тұңғыш өнертапқыш деп тасты өткірліп, таяққа бекітіп, қарапайым балта жасаған адамды айтуға болады. Адам өмірін жеңілдетіп, прогресті алға қозғаған аты белгісіз өнертапқыштар сансыз көп. Өнертапқыштық екі бағытта дамиды. Біріншісі өнертапқыштар. Бұлар өнертапқыштардың ең көп бөлігі. Олар белгілі бір нәрсені жетілдіруді ұсынары. Екінші топқа данышпандар жатады. Олар жаңа нәрсе ойлап табады.

5-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерін дұрыс қойып, көшіріп жазыңдар.

1943 жылдың 7 қаңтарында Тесла 86 жасында Коронарлы тромбоздан қайтыс болды ол өзінің Нью-Йоркер қаласындағы қонақ үйінде тұрды Тесла ешқашан некеге тұрмаған өз өмірін жаратып ойлап тапқан және ашқан ол

қайтыс болғаннан кейін қазіргі заманғы электр қозғалтқышы қашықтан басқару энергияны сымсыз жіберу негізгі лазерлі және радиолокациялық технологиялар алғашқы неон және флуоресцентті жарықтандыру алғашқы рентген суреттері сымсыз вакуум түтігі автомобильдер үшін ауаның үйкеліс спидометрі және Tesla маркалы (радио, теледидарлар және басқа да электронды құралдарда кеңінен қолданылады).

6-тапсырма. Берілген сөздердің синонимін табындар.
Жұмыс, мәселе, уәде, қолдану, жөндеу, данышпан.

Грамматикалық материал

Жақша

1. Өзінен бұрынғы сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасын айқындау мақсатында қолданылған түсіндірме мәнді қыстырма сөздер жақшаға алынады: Салжігіттен (Темірбекті «Салжігіт» дейтін) неге қалдым? (С.Мұқанов).
2. Сөздерді түсіндіру үшін берілген аудармасы, синонимі т.б. жақшаға алынып жазылады: 1900 жылдың желтоқсанында «Искра» («Ұш- қын») газетінің бірінші нөмірі шықты.
3. Дәйексөздің, мысалдың кімдікі екенін, қайдан алынғанын көрсету үшін, кітаптың аты, авторы т.б. жақшаға алынып беріледі: «Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі – халық әдебиеті. (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1966, 296-бет).
4. Драмалық шығармалардағы ремаркалар (автордың түсіндірмелері) жақшаға алынады: Амангелді. Әкет мыналарыңды! (Жайнақ Жапарларды айдап кетеді.) (Ғ.Мүсірепов).
5. Мәселенің талас я күдікті екендігін көрсетіп, оқушының назарын аудару үшін, біреуден келтірілген дәйексөздің ішіндегі жеке сөздерге не сөйлемге қойылатын леп, сұрау белгілері жақшаға алынады: Мұнда аудармашы сөзге сөз тауып, сан жағын ғана сақтаған: ломберный стол – төрт таған стол (?), салфетка – орамал, образ – сурет (?)... (Ә.Нұрпейісов «Анна Каренинаның» аудармасы).
6. Келтірілген мысал не дәйексөздің ішіндегі белгілі бір сөздерді не сөйлемдерді санамалап көрсету үшін қойылатын цифрлар (не әріптер) екі жағынан жақшаға алынады: Мына сөйлемде үш жай сөйлем бар: (1) Жасыл желегін бүркенген қарағайдың арасымен жүріп отырып, (2) Асқар көлдің қабағына шықса, (3) мұз бетінде бірсыпыра кісі сырғанақ теуіп жүр екен. («Қазақ тілі грамматикасы»).
7. Санамаланып айтылған ойды білдіретін сөйлемдерде сан есімнен не алфавит тәртібімен берілген әріптерден соң жақша бір жағынан қойылады да, жақшадан соң көбіне кіші әріппен жазылады: Механика заңдары: 1) кинематика, 2) динамика, 3) статика, 4) сақ-

талу заңдары, 5) гидродинамика. Құрмалас сөйлемдер: а) сала-лас құрмалас сөйлем, ә) сабақтас құрмалас сөйлем, б) аралас құрмалас сөйлем болып, үш топқа жіктеледі.

Нүктелі үтір

Цифр немесе әріптер арқылы санамаланып айтылған сөйлемдерден кейін нүктелі үтір қойылса, олар кіші әріптен басталып жазылады.

Мысалы: *Мына басты міндеттерін атап көрсетуге болады:*

а) прозалық фольклордың өлең үлгісінен айырмасын белгілеу;

ә) халық прозасының өз ішіндегі жанрлық топтарды ажыратудың принциптерін анықтау (С.Қасқабасов).

Санамаланып келетін конструкциялар бір-бірінен әріптер немесе цифрлар арқылы дараланып көрсетілмеуі де мүмкін. Мысалы: *Шешім – шығарма сюжетінің шешуші кезеңі; суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған «үкімі»; кейіпкердің ақырғы жай-күйі; күллі құбылыс-көріністің соңғы сахнасы (З.Қабдолов).*

Мазмұны әуендес болып келетін бірыңғай сөйлемдердің әрқайсысынан кейін нүктелі үтір қойылады:

Біз Алатаудай ел едік, – Теңемек болды ойға жау;

Біз тасыған теңіз сел едік, – Теңемек болды шөлге жау; Жау ма бізді бөгейтін?! Жау ма бізді жеңетін?! (Жамбыл).

7-тапсырма. Сөйлемдердің тиісті жеріне жақша мен нүктелі үтірді қойып, көші-ріңдер. Қойылу себебін ереже бойынша түсіндіріңдер.

1. Сәкен Сәдуақас Сейфуллин – қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 2. 1985 жылдан бастап Целиноград қаласында қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы С.Сейфуллин музейі жұмыс істейді (inform.kz). 3. Бастауыш баяндауышпен жақ жағынан жекеше, көпше түрде қиыса байланысады. Мысалы: Сен оқыдың, білім алдың, ұстаз көрдің II жақ, жекеше. Біз надан өстік I жақ, көпше (itest.kz/ru). 4. Ораз. Мылтығын Қорабайға беріп. Мынаның көзін құрт! Мен бандыға кеттім. Жөнеледі (Ж.Аймауытов). 5. Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық (Абай). 6. Жаман дос көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың (Абай).

Тақырып 3.2 Электр энергиясының маңызы.

Электр энергиясының маңызы.

Қазіргі заманғы цивилизацияны электр энергиясынсыз елестету мүмкін емес. Электр энергиясына мұқтаждық өндірісте де, транспортта да, ғылыми мекемелерде де, сонымен қатар, тұрмыста да үнемі артып отырады. Бір қарағанда табиғи және бірден-бір тәсіл – жаңа қуатты жылу, гидравликалық және атом электр станцияларын салу. Алайда жаңа ірі электр станцияларын салу үшін бірнеше жыл уақыт және көп қаражат керек. Осы кезде жылу

электр станциялары қалпына келтірмейтін табиғат ресурстарын көмір, мұнай және газды пайдаланады. Сонымен қатар, бұл бір мезгілде біздің планетамыздың экологиялық тепе-теңдігіне үлкен кесел келтіреді. Алдыңғы қатарлы технологиялар электр энергиясына мұқтаждықты басқа жолмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Электр станцияларының қуатын арттыру емес, электр энергиясын пайдаланудың тиімділігін арттыру алдыңғы шепке шығуы тиіс. Электр энергиясын тиімді пайдалану мүмкіндіктері бар және олар аз емес. Соның бірі жарықтандырумен байланысты, оған мәселен, өндірілген энергияның 25%-ына жуығы кетеді. Қазіргі кезде АҚШ-та және басқа елдерде ықшам люминесценттік шамдар жасалынған, олар қыздыру шамдарына қарағанда энергияны 80%-ға дерлік аз пайдаланады. Мұндай шамдардың құны жай шамдарға қарағанда қымбаттырақ, бірақ олар тез есесін қайтарады. Мұнымен қатар, үйлерді және өндірістік орындарды жарықтандыруды үнемді жүргізу бойынша жүргізілген қарапайым шаралардың өзі бірталай эффект (тиімді) береді. Қажетсіз кезде шамдарды жағып қалдырмау керек, жұмыс орындары және т.б. жерлер ғана жарықтандырылатындай етуге тырысу керек. Электр энергиясын тұрмыста мұздатқыш қондырғыларды, теледидарда, компьютерлерде және т.б. пайдаланудың тиімділігін арттырудың көптеген басқа да мүмкіншіліктері бар.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Негізгі ақпараттарды тезис түрінде жазыңыздар.

2-тапсырма. Берілген мәтіндегі кейбір мәліметтерді тірек сызба түрінде жазыңдар.

Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі (ҚР БЭЖ) Қазақстан Республикасының тұтынушыларына сенімді және сапалы электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін, электр станцияларының, электр беру желілерінің және қосалқы станциялардың үйлесімі болып табылады.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы келесі салаларды қамтиды:

электр энергиясын өндіру;

электр энергиясын беру;

электр энергиясымен жабдықтау;

электр энергиясын тұтыну;

электр энергетикасы саласындағы өзге қызмет.

Ұлттық маңызы бар электр станцияларына Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы тұтынушыларға электр энергиясын өндіру мен сатуды қамтамасыз ететін ірі жылу электр станциялары кіреді:

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС;

«Екібастұз станциясы ГРЭС-2» АҚ;

«Еуроазиаттық Энергетикалық Корпорациясы» АҚ (Ақсу ГРЭС);

ГРЭС «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС;

«Жамбыл ГРЭС» АҚ.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері келесілер болып табылады:

энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын өндіру және сату бойынша іс-шараларды жүзеге асырады;

энергияны беру ұйымдары электр энергиясын беру бойынша қызметті жүзеге асырады;

энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;

электр энергиясын тұтынушылар;

жүйелік оператор;

орталықтандырылған сауданың нарық операторы;

бірыңғай сатып алушы.

3-тапсырма. Берілген мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

Қазақстанда қазір энергетика өнімнің 2/3-сіне жуығы ЖЭС-терде, қалған бөлігі энергиясын СЭС-терде өндіріледі. Қазақстанның батыс аймағында энергетикалық шикізат көзі мұнай мен табиғи газ болғандықтан сұйық, газ тәрізді және аралас типті отынмен жұмыс істейтін станциялар дамытылған. Шығыс және оңтүстік аймақтарда әзірге су қуатынан басқа меншікті энергетика көздері жоқ. Осыған байланысты оларда ядролық отын, тасымал мұнай, газ, көмір пайдаланылады.

Электр қуатын тұтынудың есептік деңгейлеріне жасалған талдау 1990 жылдан бастап он жылдық кезеңде электр тұтыну көлемі жалпы республикалық және солтүстік, батыс аймақтар бойынша 2 есе дерлік, ал оңтүстік аймақ бойынша 3 есе дерлік кемігенін көрсетеді.

4-тапсырма. Берілген сөздерді синонимін тауып, жазыңыздар.

Қазіргі -

Мекеме -

Қуатты -

Қаражат -

Пайдалану -

5-тапсырма. «Электр энергиясының маңызы» тақырыбына өз көзқарастарыңның себебін, дәлелдері мен мысалдарын дайындаңдар.

Менің көзқарасым	Дәлелім	Мысал

Грамматикалық материал

Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша	
Бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен, біріктірілген өзге сөз таптарынан болғанда;	<i>Сендер үшін ең қолайлы тау – мына бергі Алмалы. (С.Ш.)</i>

астауыш жіктеу, сілтеу есімдіктерінен, баяндауыш III жақтағы зат есімнен болғанда;	<i>Бұл – университет қалашығы- ның құрылысы. (С.Ш.)</i>
астауыш тұйық етістіктен, баяндауыш III жақтағы жалғаусыз зат есімнен не керісінше болғанда;	<i>Соны тәрбиелеп адам қылу – мін- дет. (М.Ә.)</i>
Бастауыш пен баяндауыш бір сөз- дің қайталануынан жасалғанда;	<i>Көп үйлі ауыл – Абайдың екі ше- шесі Ылжан мен Айғыздың ауы- лы. (М.Ә.)</i>
астауыш та, баяндауыш та сын есімнен не сан есімнен жасал- ғанда;	<i>Олақ – міншіл, қызғаншақ – күн- шіл. Бес жерде бес – жиырма бес.</i>
астауыш есімшеден, ал баянда- уыш зат есім, есімше, есімдіктен жасалғанда;	<i>Құнанбайға көз алмай, қырандай қарап отырған – дәл төрдегі Байсал. (М.Ә.)</i>
Бастауыш <i>бірі, біреуі, біріншісі, алдыңғысы, соңғысы, көбі</i> деген сөздерден, баяндауыш атау тұл- ғадағы зат есімнен не тұйық етіс- тіктен болғанда;	<i>Құнанбай аулының көбірек орны- гып отыратын қонысының бірі – Ботақан ошағы. (М.Ә.)</i>

Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша

Бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, сөйлемнің басқа мүшесі- мен шатасып кететін болса;	<i>Жиырма – беске қалдықсыз бө- лінеді. Бұл – балалардың алғаш рет көпшілік алдына шығуы.</i>
Бастауыш зат есімнен не заттан- ған сөз таптарынан, баяндауыш болымсыздықты білдіретін <i>емес</i> сөзі тіркескен есімдерден болса;	<i>Қоқтық – ұят емес, байлық – мұ- рат емес. (Мақал)</i>
Бастауыш пен баяндауышты бай- ланыстырушы <i>дегеніміз, деген...</i> сияқты сөздер тұрса;	<i>Уақыт деген – көзге көрінбеген терең мазмұн, әлеуетті күш, ше- негін жармаған гүл, оқылмаған кітап, болуға тиісті оқиға, ашыл- маған ғылыми жаңалық. (С.Ш.)</i>
<i>Ол – ол ма, бұрынғы – бұрынғы ма</i> сияқты қыстырма сөз тіркестерінің араларына сызықша қойылады.	<i>Ол – ол ма, әңгіме одан сайын күшейе түсті.</i>

6-тапсырма. мәтінінен бастауыш пен баяндауыш арасына қойылған сызықшаларды тауып, сол сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. Себебін түсіндіріңдер.

«Қобыланды» мемориалдық кешені

Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Жиренқопа ауылында ұлтымыздың бас батыры, түгел түркі әлемі тәу еткен тұлға –

Қарақыпшақ Қобыланды батырға арнап мемориалдық кешен тұрғызылған.

Төбесінен қарағанда кешен қалқанның үстіне қойылған батырдың дулығасына және жанында жатқан садаққа ұқсайды. Кесененің биіктігі – 18 метр, диаметрі – 12 метр. Кесенеге бастайтын соқпақ жолдың екі жағында «күзетші» бал- бал тастар сап түзеп тұр. Қобыланды батыр туралы әр кезеңде жырлаған жыраулардың саны 12 екен. Осы соқпақ жолдың екі шетіндегі бағаналарда сол ақын-жыраулар жазып қалдырған эпос-жырлардың түпнұсқалары қойылған.

Кесененің есігі мен оның үстіндегі терезеге қою көк сырмен Құран аяттары жазылған. Күмбездің дәл ортасында батырдың сүйегі жатқан жерге мәрмәр қызыл тастан белгі қойылыпты. Бейіттің екі қабырғасына қалқан мен балтаның суреті салынған. Бір шетіне шырақ орнатылған. Шырақты сегіз барыс қоршап тұр. Мұнда келіп зиярат етушілердің көзіне бірден түсетін дүние – бір-біріне байланған үш найза.

Ортасында – батырдың қолға ұстайтын қалқаны. Ұшы күміс, ұзындығы 4 метр бұл найзалар үш жүздің бірлігін білдіреді. Найза мен қалқанды Қобыланды батырдың Қызылордада тұратын ұрпақтары әкеп сыйға берген екен.

Кесененің сыртында Қобыланды батыр мен Құртқаның және Тайбурылдың мыстан жасалған мүсіндері қойылған.

Кешеннің екінші бөлігі батырдың садағы бейнелі Даңқ залынан және әкімшілік-шаруашылық бөлмелерінен тұрады. Кешенде Қобыланды батырдың қайрақ тасы, сүйегі қайта жерленгенде орнатылған тас белгілер орналасқан.

«Қобыланды батыр» кешенінің» авторы – белгілі сәулетші Бек Ибраев. Музей қорында барлығы 257 экспонат бар

Тақырып 3.3 Электр энергиясының даму тарихы.

Жалпы электр станциялары қуатының артуына, электр қуатының өндірілуіне, экономиканы электрлендіру деңгейіне жасалған талдау негізінде кеңестік дәуірдегі Қазақстан электр энергетикасының даму жолын негізгі үш кезеңге бөлуге болады:

Бірінші кезең 1918 — 45 жылдарды қамтиды, бұл кезеңде сол уақыттың өлшемі бойынша ірі электр станциялары салынып, алғашқы энергетикалық тораптар пайда болды.

Екінші кезеңде (1946 — 58 ж.) аймақтық электр станцияларында электр қуатын бір орталықтан өндіру күрт артты, алғашқы энергетикалық жүйелер құрылды.

Үшінші кезеңде (1959 — 90 ж.) республиканың энергетикалық базасы жедел қарқынмен дамып, аймақтық энергетикалық жүйе қалыптасты.

Қазақстан өзінің электр қуаты жөніндегі мұқтаждарын толық қамтамасыз ететін әрі оны өзге елдерге шығаратын ахуалға жетті. Бұл кезеңде Алматыда, Қарағандыда, Петропавлда, Жамбылда, Шымкентте, Павлодарда ірі аймақтық су электр станциялары (АСЭС) салынды. Ертіс өзенінде Өскемен және Бұқтарма су электр станциялары (СЭС), Іледе Қапшағай СЭС-і жұмыс істеді. Аса ірі Ақсу АСЭС-ы Екібастұз кенішінің арзан көмірін пайдаланды. 2000 жылдың қорытындысы бойынша электр қуатын тұтыну көрсеткіші 8560 мВт-қа дейін төмендеді. Қазақстан энергия өндіруші қуаттардың тапшылығы және артық электр қуаты бар аймақтардан оны жеткізе алатын электр желісінің жоқтығы себепті оңтүстік және батыс аймақтар үшін электр қуатын сырттан алды.

1-тапсырма. Сөздердің аудармаларын тап.

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Аймақтық		
	Отрасль	
		country
	Определение	
		functioning
Жоспар		
Жүйе	Производственные	
		electricity
	Освещения	
		power

2-тапсырма. Берілген мәтіннен диалог құрастырындар.

Электр энергетикасы — энергетиканың басты құрастырушысы, оның басты міндеті — электр энергиясының тұтынушыларын электрлік энергиямен жабдықтау үшін электр энергиясын тиімді жолмен өндіру, тарату және үлестіру. Бұл сала кез келген елдің әлеуметтік және экономикалық дамуының маңызды бөлігі, себебі электр энергиясының энергияның басқа тасымалдаушыларынан көрі бірқатар ерекшеліктері бар: үлкен қашықтыққа таратудың, тұтынушылар арасында үлестірудің және энергияның басқа түрлеріне (механикалық, жылулық, химиялық, жарықтық және басқа да...) түрлендірудің салыстырмалы жеңілдігі. Электрлік энергияның маңызды өзгешілігі — оны бір уақытта өндіріп, сол уақытта тұтынуға болаты.

3-тапсырма. Керекті тілдік бірліктерді қойып көшіріп жазындар.

Қазақстандық электр энергетика кешенін дамыту және қуаттылықты тұрақты өсіру басты міндеттерінің бірі болып табылады. Халықтың, сол сияқты де ішкі қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыру, ел экономикасының әрі қарайғы тұрақты прогресі және электр экспорттауға арналған ұлғайту электр энергетикасымен

Саланың ағымдағы жасалған талдаулар электр энергетикасының қолда бар даму әлеуетін көптеп пайдалану қажет екенін, сонымен қатар мен желілері жабдықтарының тозуын азайту мәселелерін....., саланың инвестициялық тартымдылығын жоғарылатукөрсетті. Қазіргі уақытта көмірді электр энергиясын өндіру 69 % құрайды, ал газдың үлесі 20 % және мұнай өнімдерінің (мазут) үлесі – 2 % (ЖЭО пайдаланылады), гидроэнергетика 9% энергия өндірсе, жанармалы энергия көздерінің үлесі – небары 1%.

Бүгінде Қазақстандағы электр энергиясын әртүрлі нысанындағы 76 электр станциясы..... Қазақстанның электр станцияларының..... белгіленген қуаттылығы 20 844 МВт, қолда бар қуаттылық шамамен 16 945 МВт.

Керекті тілдік бірліктер: жалпы, меншік, республиканың, барынша , энергиясын , тығыз байланысты , бизнестің , мүмкіндіктерді , пайдаланып, жай-күйіне, қажеттігін, электр станциялары, шешу, сонымен қатар , жүзеге асырады, тұрақты.

4-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлемдерді дұрыс құрастырындар.

Қазақстан, электр энергетикалық жүйесі, белсенді жұмыс, жүргізілуде.

Қостанай, электр қуаты, тариф, өсіп жатыр,.

Өнеркәсіпте, тәжірибе, өту, өте қызықты.

Электр энергияны, тиімді, пайдалану.

5-тапсырма. Мәдени жаһандану туралы түсінгендеріңді «БББ» әді- сімен қорытындыландар.

Б (Мен не білемін?)	Б (Менің не білгім келеді?)	Б (Мен не білдім?)

Грамматикалық материал

Қос нүкте

1. Бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады: Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қай- рат, нұрлы ақыл, жылы жүрек (Абай).

2. Салалас құрмаластағы біріне-бірі түсінік болып келген және өйт- кені, себебі деген жалғаулықтар түсіп қалып жасалған жай сөй- лемдердің арасына қос нүкте қойылады: Мен пойызға үлгеретін болдым: пойыз кешке жүреді екен.

3. Төл сөздің алдынан келген автордың сөзінен кейін қос нүкте қойылады: Осы кезде ұста: «Мен мұны қай жерден көрдім?» – деп ойлады.

4. Әрі қарай санамалап кететін бірыңғай сөздердің, сөйлемдердің алдынан келетін жалпылауыш мәнді сөйлемнен кейін қос нүкте қойылады: Бұл жоба мына мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- 1) төтенше жағдайларға мониторинг жасау;
- 2) пайдалы қазбаларға барлау жасау т.б.

5. Бірыңғай мүшелерден бұрын келген мысалы, атап айтқанда деген қыстырма сөздерден кейін қос нүкте қойылады: Каспий теңізіне 130-ға жуық өзен, атап айтсақ: Еділ, Жайық, Терек, Сулак т.б. құяды.

6-тапсырма. Сөйлемдердің тиісті жеріне қос нүкте мен нүктелі үтірді қойып, көшіріңдер. Қойылу себебін ереже бойынша түсіндіріңдер.

1. Бауырласың болмаса, жолдас ізде жақсы жолдас – бауырлас (Ж.Баласағұни). 2. Аға-жеңгесіне кезек қарап «Кегім, кегім кетті!» – деді (М.Әуезов). 3. Абай жігіттері Жиренше, Ербол, Базаралылар да сол қонақ тосушылардың тобында жүр (М.Әуезов). 4. Табиғатына қарай күштерді төрт түрге бөледі гравитациялық, электромагниттік, ядролық, әлсіз («Физика» оқулығынан). 5. Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық сақалын сатқан кәріден еңбегін сат- қан бала артық (Абай). 6. Жаман дос көлеңке басынды күн шалса – қашып құтыла алмайсың басынды бұлт алса – іздеп таба алмайсың (Абай).

Тақырып 3.4 Электр энергиясы сапасының негізгі көрсеткіштері

Электр энергиясы сапасының негізгі көрсеткіштеріне келесі параметрлер жатады.

1. Кернеудің ауытқуы

Кернеудің ауытқуы орнатылған кернеудің ауытқу көрсеткішімен сипатталады. Оның норма бойынша рұқсат етілген және шекті рұқсат етілген кернеуі анықталған. Олар 5 немесе 10% электр желісінен номиналды кернеуіне байланысты болады.

2. Кернеудің таралуы

Кернеудің таралуы келесі өлшемдермен сипатталады:

- кернеудің өзгеру мүмкіншілігімен ;
- фликкер мөлшерімен – адамның берілген уақыт аралығындағы фликкерді қабылдау өлшемі. Фликкер – кернеудің таралуына байланысты туындаған, жасанды жарық берудің жарық ағынының таралуын адамның қабылдауы.

Кернеу өзгеруінің шекті рұқсат етілген мәні жиіліктің қайталануына күрделі функционалды түрде тәуелді. Инфокоммуникационды жүйелер үшін кернеудің таралуы маңызды, себебі дәл солар қондырғыға әсер етеді. Фликкер мөлшері кернеудің таралуына тәуелсіз айнымалы шама. Орнықталған кернеудің ауытқуы және кернеудің өзгеруінің мүмкін болатын шекті мәні, электр желісіне қосылған нүктедегі кернеулер 0.38 кВ номиналдан кернеуден 10%-ке тең.

3. Бейсинусоидалы кернеу

Бейсинусоидалы кернеу келесі көрсеткіштермен сипатталады:

- кернеудің бейсинусоидалық қисық, бұрмалану коэффициенті;
- кернеуді құратын гармоникалық коэффициент.

Норма бойынша және шекті рұқсат етілген кернеудің бейсинусоидалық қисығының тозу коэффициентінің мәні 0.38 кВ номиналды кернеулі электр желілеріне ортақ қосылу нүктелеріндегі кернеу 8%-тен аспауы тиіс, ал 6..20кВ желілер үшін -5%-тен артық емес.

4. Кернеулердің бейсимметриялығы

Кернеулердің бейсимметриялығы келесі көрсеткіштермен сипатталады:

- кері тізбек бойынша кернеудің бейсимметриялық коэффициенті;
- нольдік тізбек бойынша кернеудің бейсимметриялық коэффициенті.

Бұл көрсеткіштер симметрияның құрамының әдісі бойынша есептелінеді. Электр желілерімен ортақ байланысу нүктелеріндегі шекті рұқсат етілген кері және нольдік кернеулердің бейсимметриялық коэффициенттері сәйкесінше 2 және 4%-ті құрайды.

5. Жиіліктің ауытқуы

Электр желілеріндегі айнымалы токтың кернеу жиілігінің ауытқуы, шекті рұқсат етілген мәні 0.2 және 0.4 Гц көрсеткішімен сипатталады.

6. Кернеудің құлауы

Кернеудің құлауы – кернеудің құлауының ұзақтығымен сипатталады. Оның шекті рұқсат етілген мәні 20 кВ электр желідегі 30 секундқа тең.

7. Кернеу импульсі

Кернеу импульсі – кернеу импульсінің көрсеткіштерімен сипатталады.

Электрмен қамтамасыз ететін ұйымның 0.38 кВ кабельдегі желілерде пайда болатын, найзағай импульстері үшін кернеу импульсінің мәні 10 және 6 кВ-тан аспайды. Кернеу өзгеруінің шекті рұқсат етілген мәні жиіліктің қайталануына күрделі функционалды түрде тәуелді. Инфокоммуникационды жүйелер үшін кернеудің таралуы маңызды, себебі дәл солар қондырғыға әсер етеді. Фликкер мөлшері кернеудің таралуына тәуелсіз айнымалы шама. Орнықталған кернеудің ауытқуы және кернеудің өзгеруінің мүмкін болатын шекті мәні, электр желісіне қосылған нүктедегі кернеулер 0.38 кВ номиналдан кернеуден 10%-ке тең.

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыздар. Керекті мәліметтерді түртіп жазу (конспектілеу) әдісімен мәтіннен «Қосжазба күнделігі» бойынша түсінік беріңдер.

2-тапсырма. Мәтін бойынша бір-біріне 5 сұрақ дайындаңдар.

3-тапсырма. Екі бағандағы сөздерді сәйкестіріңдер.

нормативтік құжаттар	правила
ережелер	крупные электрические машины
электр тогы	производственные работы
электр жабдықтар	электрические сети
жұмыс сызбалар	электрооборудование
өндіріс жұмыстар	техническая документация
электр желілер	электрический ток
ғимараттар	нормативные документы
ірі электрлі машиналар	рабочие схемы
техникалық құжаттама	здания

4-тапсырма. . Сөйлемдерді ретімен құрастырыңдар.

А) _____ жұмыс істейді.

Ә) Электр энергиясы _____

Б) _____ тиімді пайдаланса, _____

В) _____ өнеркәсібінде _____

Г) _____ өте қызықты болғандықтан, _____

5-тапсырма. Берілген көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойыңдар.

Бөліп тарататын жабдықтар мен ... станцияларды монтаждау жұмыстары мынадай операцияларда тұрады: жұмыстары; белгілеу жұмыстары; тесікше тесу, ою және қажау жұмыстары, электр құрылмалары мен жабдықтарын монтаждау; трансформаторларды, реакторларды, конденсаторлық батареяларды монтаждау; жоғары және ... кернеулі аппараттарды, яғни, бірінші және коммутацияларды монтаждау; электрмен ... объектісінің шегінде сымдар мен кабельдерді,,,, ; қышқылдық және сілтік батареяларын монтаждау; сыртқы жазу, таңбалау, сырлау-бояу..... .

Керекті сөздер: негізгі , тарту, такелаж , екінші , қосалқы, төмен, аккумулятор , жабдықтау, жұмыстары.

Грамматикалық материал

Сөз тіркесі. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері.

Толық мағыналы кемінде екі сөздің тұлғалық және мағыналық жағынан байланысқан тобы сөз тіркесі деп аталады. Мысалы, орманды өлке, әдепті оқушы, асыққан жолаушы, т.б. Сөйлем ішіндегі сөздердің әртүрлі

байланысуына қарай сөз тіркесі еркін сөз тіркесі және тұрақты сөз тіркесі болып бөлінеді. Еркін сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді өзгертіп айтуға болады. Мысалы, көрікті деген сөзді бірнеше сөзбен тіркестіруге болады: көрікті адам, көрікті жігіт, көрікті қыз, көрікті табиғат, т.б. Тұрақты сөз тіркесі – екі немесе одан да көп сөздің бастапқы мағынасы ескерілмей, бір ұғым ретінде қолданылып, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаруы.

Тұрақты сөз тіркесі	Білдіретін мағынасы
	Сөз қылды, келеке қылды.
	Аса шебер, өте өнерлі
Ағаш атқа мінгізді (қайтті?) Ағаштан түйін түйген (қандай?)	Хат танымайды, сауатсыз (қандай?)
Әліпті таяқ деп білмейді (қайтпейді?)	Істегенін сездірмеді (не істеді?)
Басқан ізін білдірмеді (қайтпеді?)	Ұялмады, қысылмады
Беті бүлк етпеді (қайтпеді?)	Сары уайымға салынды
Гүлдей солды (қайтті?)	Тыныштық көрмеді,
Дамыл таппады (қайтпеді?)	демалмады
Екі аяғын бір етікке тықты (қайтті?)	Састырды
Жаны ашыды (қайтті?)	Аяды, есіркеді,
Зәресі зәр түбіне кетті (қайтті?)	мүсіркеді
Иманын ұшырды (қайтті?)	Қатты қорықты, үрейі ұшты
	Қорқытты, үрейін алды

Қазақ тіліндегі сөздердің байланысуының бес түрі бар: 1) қиысу; 2) матасу; 3) меңгеру; 4) қабысу; 5) жанасу.

Қиысу – сөз бен сөздің жіктік жалғауы арқылы немесе жіктелу ретімен бастауыштық және баяндауыштық қатынаста жақ жағынан үйлесе байланысқан түрі. Мысалы, Мен оқимын (I ж.), сен оқисың (II ж.), олар келеді (III ж.), біз дайындаламыз (I ж.).

Матасу – сөз бен сөздің ілік септік жалғауы мен тәуелдік жалғауы арқылы байланысуы. Мысалы, Алматың үйі, ағаштың бұтағы, менің жолдасым, т.б.

Меңгеру – сөз бен сөздің барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септік жалғаулары арқылы байланысқан түрі. Мысалы, балаға мейірімді, үзілісті күту, тауда жолығу, мектептен келу, еңбекпен табу, т.б.

Қабысу – сөз бен сөздің ешбір жалғаусыз, тек орын тәртібі арқылы іргелес байланысқан түрі. Мысалы, кең бөлме, орындалған арман, тоғызыншы сынып, үйдегі қызық оқиға, т.б.

Жанасу – сөз бен сөздің ешбір жалғаусыз, кейде алшақ кейде іргелес тұрып байланысуы. Мысалы, телефон арқылы сөйлесу, үйге дейін бару, әдейі келу.

6-тапсырма.

А) «Бір сөзбен ата» ойыны

1. Үріп ауызға салғандай (сүйкімді)
2. Тайға таңба басқандай (айқын)
3. Ат төбесіндей (аз)
4. Ауыз жапты (үндемеді)
5. Көз жазды (адасып қалды)
6. Төбесі көкке жетті (қуану)
7. Ішіне мұз қату (жаман ренжу)
8. Көзіне көк шыбын үймелетті (қорлық көрсетті)

Ә) Сөздердің байланысу түрлерін ажыратыңдар.

Сөз тіркесі	Қиысу	Матасу	Меңгеру	Қабысу	Жанасу
Димаш көрсетті					
Кітаптың пайдасы					
Достарды сағыну					
Ұстазға бас ию					
Әдейі келді					
Бізге арналған					
Кешке кел					
Екі дос					
Ол сөйледі					
Алма ағашы					
Былтыр тапсырды					

«Бес саусақ» әдісі

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балалы үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Кімді риза жасадым? Кім маған көмек берді?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай жаңа білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?

Алақан – алға ұмтылу. Жұмысты жақсарту үшін не жасау керек? Білімімді қалайша толықтырам?

Тақырып 3.5 Электр энергиясының қасиеті мен қолданылуы. Кәсіби терминология

Электр энергиясының қасиеті мен қолданылуы

Соңғы 2 — 3 жылда электр энергиясын тұтынудың азаю қарқынының баяулағаны байқалды, ал батыс аймақта ол өсе бастады.

2000 жылдың алғашқы жартысында республикада 27,4 млрд. кВт/сағ электр қуаты тұтынылған, мұның өзі 1999 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,2%-ға көп. Электр қуатын өндіру мен тұтыну көлемінің өсуі негізінен Батыс және Солтүстік аймақтарда (Павлодар-Екібастұз өңірінде) байқалды. Қазақстанның Оңтүстік аймағында (Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстары) жеткілікті бастапқы энергетикалық қор жоқ болғандықтан оның электр энергетикасы тасып әкелінетін көмірге, сырттан әкелінетін газ бен мазутке негізделген.

Бұл аймақтағы электр қуатының негізгі көздері — Жамбыл МАЭС-і, Шымкент ЖЭО-1, Алматы ЖЭО, Қапшағай СЭС-і. Мұндағы тапшылық Солтүстік Қазақстанның ОЭС-ы, 220 — 500 кВ электр тораптары бойынша Орта Азия республикаларынан әкелінетін электр қуаты есебінен өтеледі. 2000 ж. 15 маусымнан бастап Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесінің (БЭЖ) Солтүстік бөлігінде Ресейдің БЭЖ-імен қатарласқан жұмыс қалпына келтірілді, ал 2000 ж. қыркүйектен Қазақстанның БЭЖ-і Ресей мен Орта Азияның энергетика жүйесімен қатарлас жұмысқа көшірілді. Қазір Қазақстанның барлық облыстарында аймақтық электр тораптары компанияларымен қатар көптеген делдалдар (трейдерлер) тұтынушыларды электр қуатымен жабдықтайды. Қазақстанның электр тораптарының қазіргі құрылымында 1150, 500 және 220 кВ-тық кернеулі жоғары класты жүйе құраушы негізгі тораптардың ұзындығы тиісінше 1423 км, 5470 км және 17900 км. Аймақтық және жергілікті тораптардың көрсеткіштері мынадай: 110 кВ — 42000 км, 35 кВ — 61500 км, 6 — 10 кВ — 199400 км және 0,4 кВ — 115500 км.

Республика экономиканың отын-энергетикалық қорының қажеттігін анықтау кезінде өнеркәсіптің түрлі салалары мен әлеуметтік аяда қуат үнемдейтін 100-ге жуық технология мен шаралар ескерілді.

Қазақстан өзендерінің су энергетика әлеуеті 200 млрд. кВт/сағ, ал пайдалануға экономикалық тиімді су-энергия қоры 23 — 27 млрд. кВт/сағ деп бағаланды. Қазіргі кезде гидравликалық энергияның экономикалық әлеуетін пайдаға асыру деңгейі небәрі 20%-ды құрайды.

1-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін аударындар:

электр энергиясын тұтыну, осы кезеңімен салыстырғанда, энергетикалық қор жоқ болғандықтан, негізгі көздері , қатарласқан жұмыс қалпына келтірілді, аймақтық электр тораптары, электр қуатымен жабдықтайды, кернеулі жоғары класты жүйе құраушы, қажеттігін анықтау кезінде, экономикалық тиімді су-энергия қоры , экономикалық әлеуетін пайдаға асыру деңгейі.

2-тапсырма. Берілген сөзденмен сөз тіркестерін құраңдар:
Жергілікті, экономикалық, электрлік, мамандығы, алғашқы, қуаты, қасиеті,
қолданылуы, әрекеті, түрлері, стансалары.

3-тапсырма. Мәтінді қазақ тіліне аударыңдар:
Качество электрической энергии — степень соответствия параметров электрической энергии их установленным значениям. В свою очередь, параметр электрической энергии — величина, количественно характеризующая какое-либо свойство электрической энергии. Под параметрами электрической энергии понимают напряжение, частоту, форму кривой электрического тока. Качество электрической энергии является составляющей электромагнитной совместимости, характеризующей электромагнитную среду. Качество электрической энергии может меняться в зависимости от времени суток, погодных и климатических условий, изменения нагрузки энергосистемы, возникновения аварийных режимов в сети и т.д.

4-тапсырма. Берілген сан есімдерді сызба бойынша талдаңдар
Жеті бүтін оннан екі, екі-үш, он бесінші, екі мың

1. Құрамы (түбір, жұрнақ, жалғау санайсыздар)
2. Туынды/негізгі
3. Дара/күрделі
4. Лексикалық мағынасы
5. Грамматикалық мағынасы (сөз құрамына талдау, түбір, қанда жалғау, қандай жұрнақ)
6. Сұрағы
7. Сөз таптарының түрлері

5-тапсырма. Электр энергиясының қасиеті мен қолданылуы туралы ойларыңды жинақтап, «ПСМТ формуласы» әдісімен жазыңдар.

- 1- сөйлем: «Менің ойымша, ...».
 - 2- сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...».
 - 3- сөйлем: «Онымынадай деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...».
- Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...».

Грамматикалық материал

Сөйлем және айтылу мақсатына және дауыс ырғағына қарай түрлері
Сөйлем дегеніміз – әр алуан сөздердің өзара тіркесіп келіп, тиянақталған ойды білдіруі. Олардың құрамы да түрлі болады. Сөйлемді

жеке сөз немесе сөз тіркестері құрайды. Сөйлем интонациясына, айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлем болып төртке бөлінеді.

Белгілі бір оқиға, құбылыс, іс-әрекет туралы хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылған сөйлем хабарлы сөйлем деп аталады.

Хабарлы сөйлемге тән негізгі белгілер: 1) хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылады; 2) белгілі бір шаққа қатысты болады (өткен шақ, осы шақ, келер шақ); 3) айтушының іс-әрекетке көзқарасын, ой-пікірін білдіреді; 4) хабарлы сөйлемде дауыс ырғағы бірте-бірте көтеріліп, соңына қарай бәсеңдейді; 5) хабарлы сөйлемнен соң нүкте қойылады.

Бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылған сөйлем сұраулы сөйлем деп аталады.

Сұраулы сөйлемге тән негізгі белгілер: 1) бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылады; 2) сұрау есімдіктерінен және ма, ме, ба, бе, па, пе, ше (мы, мі, бы, бі, пы, пі, ші) сұраулық демеулік шылауларының қатысуымен жасалады; 3) сұраулы сөйлемнің өзіне тән интонациясы болады: бас жағы көтеріңкі айтылып, соңғы жағы бәсеңдемей, көтеріңкі қалыппен аяқталады; 4) сұраулы сөйлемнен соң сұрау белгісі қойылады.

Айтушының түрлі көңіл күйін білдіру мақсатында айтылған сөйлем лепті сөйлем деп аталады.

Лепті сөйлемге тән негізгі белгілер: 1) айтушының түрлі көңіл күйін білдіру мақсатында айтылады: күйіну, таңдану, өкіну, сұқтану, сүйсіну, қорқу, қуану, қапалану, наразылық білдіргенде, т. б. 2) лепті сөйлем ерекше эмоциямен, сезіммен айтылады.

Біреуге бұйыру не талап ету мақсатында айтылған сөйлем бұйрықты сөйлем деп аталады.

Бұйрықты сөйлемге тән негізгі белгілер: 1) біреуге бұйыру, талап ету мақсатында айтылады; 2) бұйрықты сөйлем етістіктің бұйрық райының 2, 3-жағында айтылады; 3) бұйрық не шартты райға -шы, -ші жұрнағының жалғануы арқылы жасалады; 4) бұйрықты сөйлемнен соң нүкте немесе леп белгісі қойылады.

6-тапсырма.

А) Сөйлемдерді түрлендіріңдер.

Хабарлы сөйлем	Сұраулы сөйлем	Лепті сөйлем
Болат ерте тұрды.		
	Болат ерте тұрды ма?	
		Марал, шындықты айт!
	Алматыдан әжем келді ме?	
Ермек далаға шықты.		
		Ура, бүгін сабақ болмайды!

Ә) Өздерің бүгінгі тақырыпқа байланысты бір сөйлем ойлап жазыңдар (хабарлы, сұраулы, лепті).

Тақырып 3.6 Электр энергиясын өндіру мен тарату.

Электр энергиясын өндіру, тарату және жеткізу.

Электр энергиясын үлкенді-кішілі электр станцияларында негізінде электромеханикалық индукциялық генератор арқылы өндіріледі. Электр энергиясының тұтынылатын орны көп. Ал оның өндірілетін орындары көп емес, отын және гидроресурс көзіне жақын орындар. Электр энергиясын жинап сақтау қолдан келмейді. Оны шығарып алысымен бірден тұтынып, іске жарату керек. Сондықтан электр энергиясын алысқа жеткізу қажеттігі туады. Орталық станцияларда өндірілетін электр энергиясын алыс қашықтықтарға жеткізу кезінде жеткізу желілерінде жылудың бөлінуі салдарынан энергия шығындалады. Берілген тұрақты қуат кезінде осы шығынды, кернеуді жоғарылату және токты төмендету арқылы кемітуге болады. Айнымалы токтың трансформациясын жүзеге асыратын құрал трансформатор деп аталады.

1-тапсырма. Оқып, аударыңдар.

2-тапсырма. Сөйлемдерді құрастыр

А) _____ жұмыс істейді.

Ә) Электр энергиясы _____

Б) _____ тиімді пайдаланса, _____

В) _____ өнеркәсібінде _____

Г) _____ өте қызықты болғандықтан, _____

3-тапсырма. Берілген әріптерден сөздер құра.

Е н г я и р э , а ұ ы т р т қ , м а ы й л ы н а , у т н ұ т ы , е р н к у е , т а н м г и , ы ұ қ л р ы ғ , к д н р і ө і і с т , қ к м х а л и н е а ы , у т р а т а .

4-тапсырма. Керекті тілдік бірліктерді қойыңдар.

Трансформаторды 1878 жылы орыс ғалымы П.Н.Яблочков ойлап тапқан, 1882 жылы И.Ф. Усагин жетілдірді. ... тұйық болат өзектен тұрады, оған сым тұратын екі катушка кигізіледі. Орамалардың айнымалы кернеу көзіне тіркеледі. Екінші орама электр энергиясын тұтынатын ... мен құрылғыларға қосылады. Трансформатордың орамаларындағы коэффициенті трансформация коэффициенті..... Трансформатордың жұмыс істеу электромагниттік индукция құбылысына негізделген.

Тілдік бірліктер: принципі, реттік, біреуі, трансформатор, алғаш рет , кейін оны, орамнан аспаптар, деп аталады.

5-тапсырма. Берілген мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

Энергияның басқа түрлерімен салыстырғанда, электр энергиясының артықшылығы сөзсіз. Оны сым арқылы өте алыс жерлерге аз шығынмен жеткізу, тұтынушыларға таратып беру ыңғайлы. Ең бастысы, өте қарапайым құрылғылардың көмегімен бұл энергия: механикалық, ішкі, жарық энергияларына т.с.с. энергияның кез келген басқа түрлеріне оңай айналдырылады. Тұрақты токқа қарағанда айнымалы токтың артықшылығы кернеу мен ток күшін, энергия шығыны болмайтындай дерлік өте кең ауқымда түрлендіруге болады.

6--тапсырма. Берілген етістіктерді сызба бойынша талда.

Істейді, орналасты, шығаратын болды, айтуға болады, құрастыратын болды, жатқызуға болады, шығаруда, пайдалануға берілді.

7-тапсырма. Сұрақтарға интернеттің көмегімен жауап беріңдер.

Трансформатор не үшін қажет?
Трансформатор құрылысы?
Трансформатордың шартты белгісі?
Трансформация коэффициентінің формуласы?
Төмендеткіш және жоғарылатқыш трансформатор дегеніміз не?

Грамматикалық материал

Сөйлемнің құрамына қарай түрлері

Сөйлем құрамына қарай жай сөйлем және құрмалас сөйлем болып бөлінеді. Жай сөйлемде бастауыш та, баяндауыш та біреу болып, тиянақталған бір ғана ойды білдіреді. Мысалы, Тілек пен Әлішер аулада ойнап жүр. Ал құрмалас сөйлем күрделі ойды білдіреді. Мысалы, Күз айы басталып, жер бетін сары ала жапырақ жапты.

Сөйлем мүшелерінің қатысуына қарай жай сөйлем бірнеше түрге бөлінеді: 1) жақты және жақсыз сөйлем; 2) жалаң және жайылма сөйлем; 3) толымды және толымсыз сөйлем; 4) атаулы сөйлем.

Жақты сөйлем-бастауышы бар, жасырын тұрғанда да баяндауышы арқылы табуға болатын сөйлем түрі. Мысалы: Арада сүт пісірімдей уақыт өтеді. Кенет отқа көзі түсіп кеткен т.б.

Жақсыз сөйлем-баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын жай сөйлемнің түрін жақсыз сөйлем деп атайды. Мысалы: Менің айтқаным келді. Бір жерде көргенім бар т.б.

Жалаң сөйлем -тұрлаусыз мүше қатыспаған сөйлемді атайды. Мысалы: Ойын қызық. Үй жылы. Қарағың келеді т.б.

Жайылма сөйлем-тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлемді атайды. Мысалы: Едіге ұзақ жол жүрді. Алыстан мұнар тау көрінеді т.б.

Толымды сөйлем-ойға қатысты сөйлем мүшелерінің барлығы қатынасқан сөйлемді атайды. Мысалы: Шашубай мерген еді. Ол шиті мылтықпен кешке киік атып әкелді т.б.

Толымсыз сөйлем-ойға қатысты сөйлем мүшесінің біреуі түсіп қалған сөйлем түрі. Мысалы: Қарлығаштар тағы келді. Қайта-қайта келе берді т.б.

Атаулы сөйлем-кейбір жай сөйлемдер іс-оқиғаны баяндамайды, тек заттың, құбылыстың, мезгілдің, мекеннің атауын ғана білдіреді ондай сөйлемдер атаулы сөйлем деп аталады. Мысалы: Дала. Егін даласы рақат құшағында т.б.

8-тапсырма.

Семантикалық карта. Тақтаға семантикалық карта ілінеді. Студенттер кезекпен шығып жай сөйлемнің қай түріне жататынын белгілейді.

№	Мысалдар	Жақты сөйлем	Жақсыз сөйлем	Жалаң сөйлем	Жайылма сөйлем	Толымды сөйлем	Толымсыз сөйлем	Атаулы сөйлем
1	Маған сабақтан қалуға болмайды.							
	Көлдің биік қабағы.							
2	Қайта-қайта келе берді.							
3	Бізге көбірек оқу керек.							
4	Сырдың суы ышқынып ағады.							
5	Беті дуылдап кетті.							
	Есік жақта киім ілгіш.							
6	Жиналыстан шығып үйіне жүгіре басып келеді.							
7	Орман іші тыныш еді.							
8	Әке-шешенің өтірігі бала							

	жүрегін суындыра береді.							
9	Масылдық мінезден арылу қажет.							
10	Көптен күткен істің сәті түсе қалды.							
11	- Қайдан келесің?							
12	Мезгілсіз шақырған қораздың басын жұлмақ керек.							

Тақырып 3.7 Электр энергиясының көздері

Бүкіл электртехниканы ең қарапайым түрде үш нәрсе деп қарастыруға болады: электр энергиясының көздері, энергия беру желілері-сымдар.Сымның қимасының ауданы, өткізгіштің және бар болса оқшаулағыштың материалы маңызды болады.Жалпы алғанда, электр энергиясының көздері электргенератор және аккумуляторлы батарея.Аккумуляторда химиялық энергия электр энергиясына түрленеді.Электргенератор механикалық энергияны электрлікке түрлендіреді. Электргенераторлар өнеркәсіптік энергетиканың негізін құрайды.Генераторлар гидроэлектр станцияларында (ГЭС), жылу және атом электр станцияларында (ЖЭС және АЭС) орнатылған. ГЭС-те генераторлар су ағысының әсерімен қоғалады.Мұндай станцияларды өзендерге салады. ЖЭС-те генераторды айналдыруға жанған отыннан, мысалы көмірден алынған жылу энергиясы пайдаланылады.АЭС-те атом энергиясы «жұмыс істейді». Электргенератордың негізгі бөлшектеріне ротор мен статор жатады. Ротор сыртқы заттың- ГЭС-тегі судың күшімен айналады.Ротор айналған кезде статорда электр тогы пайда болады.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар қойып, жауап беріңіз. Терминдерге көңіл аударыңыз.

2-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

Электргенераторлар- кез-келген электр станциясының негізі. XIX ғасырда электр станцияларын электр энергиясын пайдаланатын орындарға- зауыт пен фабрикаларға мүмкіндігінше жақындатып салған. Электр энергиясын қашық

жерлерге беру техникасы жетілгеннен кейін электр станцияларын зауыттарға «байлап» қоймауға жол ашылды. Мұндай электр станцияларын біраз уақыт бойы орталық деп атады. Әлемдегі бірінші орталық электр станциясын 1881 жылы Нью-Йоркте Т.А.Эдисон салған, ол жылу электр станциясы болатын. Ең бірінші ГЭС-ті 1880 жылы Ұлыбританияда салды. Әлемдегі бірінші атом электр станциясы 1954 жылы Калугна облысындағы Обнинск қаласында іске қосты. Бұл АЭС 2002 жылға дейін жұмыс істеді.

3-тапсырма. Сөйлемдерді орын тәртібі бойынша қойып, мәтін құрастырыңдар.

- 1) Егер электрқозғалтқыштың статорының сымдарымен ток жүрсе, ротор айналады.
- 2) Электрқозғалтқыш- бұл да электргенератор, тек ол керісінше жұмыс істейді.
- 3) Тұрақты токпен жұмыс істейтін әлемдегі бірінші электрқозғалтқышты 1834 жылы орыс ғалымы Б.С.Якоби жасаған.
- 4) Айнымалы токты тұрақтыға түрлендіру үшін түзеткіштер қолданылады.
- 5) Әдетте ротор статордың ішінде орналасады.
- 6) Іс жүзінде қолдануға жарамды электргенераторлар 1830-шы жылдары пайда болды.
- 7) Электргенераторлар айнымалы токты ғана өндіреді, электрқозғалтқыш айнымалы токпен де, тұрақты токпен де жұмыс істей алады.
- 8) Айнымалы токтың электрқозғалтқышы одан екі жыл бұрын пайда болған, оны америкалық физик Дж.Генри ойлап тапты.

4-тапсырма. Мәтіндегі кәсіби сөздерді тауып, іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданып, олармен сөйлем құрастырыңдар

5-тапсырма. Берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.
 Электрқозғалтқыш- бұл да электргенератор, тек ол керісінше жұмыс істейді.
 Электргенератор механикалық энергияны электрлікке түрлендіреді.
 Электргенераторлар өнеркәсіптік энергетиканың негізін құрайды.
 XIX ғасырда электр станцияларын электр энергиясын пайдаланатын орындарға- зауыт пен фабрикаларға мүмкіндігінше жақындатып салған.

Грамматикалық материал

Құрмалас сөйлем

Екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемдер құрмалас сөйлем деп аталады.

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің мағыналық жағынан өзгешеліктерінің кестесі

ЖАЙ СӨЙЛЕМ	ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ
1. Жай сөйлем жеке бір ойды	Құрмалас сөйлем күрделі

білдіреді.	ойды білдіреді.
2. Жай сөйлем бір-бірінен айырым интонациямен айтылады.	Құрмалас сөйлемнің бірінші сыңары екіншісімен ұласпалы интонациямен айтылады.
3. Жай сөйлем интонациялық жағынан тиянақты болады.	Құрмалас сөйлемнің сыңарлары интонациялық жағынан тиянақсыз болады.
4. Жай сөйлем аяқталған ойды білдіріп, бір бүтін болып саналады.	Құрмалас сөйлемнің алғашқы сыңары аяқталған ойды білдіре алмайды, бүтіннің бір бөлшегі болып табылады.

Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен салаласа және сабақтаса байланысады. Мысалы: Қорқып тұрған атты алқымынан алды да, омбы қардан шығармай жығып алды. Бұл – салаласа байланысқан құрмалас сөйлем. Алғашқы сөйлем мен екінші сөйлемнің баяндауыштары тиянақты болып, екеуі тең дәрежеде байланысып тұр. Желге тұмсығын төсеп, белгілі иіс күтті. Бұл – сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлем. Алғашқы сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, екіншісіне бағына байланысып тұр. Бірінші жай сөйлемді екіншісінен бөліп, өз алдына жеке айтуға келмейді.

Құрамындағы жай сөйлемдердің салаласа, сабақтаса байланысуына орай құрмалас сөйлемдер: салалас құрмалас, сабақтас құрмалас және аралас құрмалас болып үш түрге бөлінеді.

6-тапсырма.

А) Жоғарыдағы мәтіннен құрмалас сөйлемдерді теріп жазыңдар.

Ә) Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерді ажырату, морфологиялық, синтаксистік талдау жасау.

1. Дос адам артық сұрамайды.

2. Сыйлағанды сыйла, илегенді иле.

3. Анадан туған әр адамның жүрегінің түбінде достық пен махаббаттың ұрығы жатады.

4. Әлия оны басынан асырып лақтырып жіберді де, сұм жауды шалқасынан түсірді.

5. Қонағы домбыра тартса, ол әнімен қосылды.

6. Алыс жол атты сынайды, ауыр күн ерді сынайды.

Тақырып 3.8 Электроэнергетикалық жүйелер

Электроэнергетикалық жүйелер

Қуатты электр станцияларының эксплуатациясы осы станциялардың параллельді түрде ірі энергожүйелерде жұмысы кезінде тиімдірек болады. Бұл жүйелер әр түрлі электр станцияларын біріктіреді, жоғарылататын және төмендететін аралық станциялар, жүйеішілік электр тарату линиялары, көмекші мекемелер. Аудандық электроэнергиялық жүйелер бір бірімен электр таратудың жоғары вольтты линияларымен байланысып, біріккен электроэнергетикалық жүйелерді (БЭЖ) құрайды. Нәтижесінде бөлек БЭЖ бірігіп, одан да ірі бірегей электроэнергетикалық жүйелер туындайды. Мұндай бірігуге мысал ретінде КСРО ның еуропалық бөлігінің бірегей электроэнергетикалық жүйесін жатқызуға болады, оның құрамына Солтүстік Батыс, Орталық, Орта Волга, Орал, Оңтүстік, Солтүстік Кавказ және Күнгей Кавказ БЭЖдері кіреді.

Энергетикалық жүйелерін жұмысын оперативті басқару үшін арнайы диспетчерлік қызмет туындайды, олар диспетчерлік басқаруға бірігеді. Олар электростанция жүйелері жұмысының режимдерін оперативті басқаруды жүзеге асырады, агрегаттар мен станцияларда тиімді күш қуатты қолдайды, барлық энергетикалық жүйеге кіретін электростанциялардың, электр тарату линияларының және жүйенің басқа элементтерінің жұмыс режимінің есептеулерін жүргізеді.

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығындар. Қысқаша мазмұнын баяндандар.

2-тапсырма. Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан алынған қосымша мәліметті оқыңыздар.

Энергетика жүйесі – электр энергиясы мен қуатын өндіру және электрмен жабдықтау жүйесі. Қазақстанның энергетика жүйесі – ұлттық экономиканың өндіріс тік және әлеуметтік инфрақұрылымындағы маңызды сала әрі өнеркәсіптің басқарушылық қызметіндегі маңызды кәсіптік билік дәуіріне дейінгі кезеңде Қазақстанда өндіріс күштерінің даму деңгейі төмен болды, сол себепті оның энергетикалық бағасы тым кенже қалды. Ғалымдардың деректері бойынша, қазақ жерінде барлық электрстансылардың қуаты 2,5 мың кВт/сағ-тан аспаған, оларда жылына 1,3 млн кВт/сағ электр қуаты өндірілген. Тек бұл қуаты шағын қалалық электрстансы болған. Кеңестік дәуірдің басындағы қалыптанған ГОЭЛРО жоспарының (1920 ж.) елді электрлендірудегі экономикалық және саяси мәні зор болды. Бұл жоспардың Қазақстанға да тікелей қатысы болды. Онда Сібір темір жолы бойындағы ірі сау-өнеркәсіп орталықтарының электрлендіруі, Павлодарда қуаты 15 мың кВт электрстансының салуымен бірге. Осы жоспарға сай 1925 жылы Қарсақбай электрстансының құрылысы басталып, 1928 жылдары мұнда мыс қорыту зауыты іске қосылды. Осы жылы Жоғарғы Харуиз СЭС-і пайдаланыла

нуға беріліп, соның негізінде Риддер қорғасын зауыты іске қосылды. 1925–1926 жылдары Досорда мұнайдың 41,2%-і, Мақатта 87,8%-і электр қуатын қолдана отырып өндірілді. Осы жылдары мұнай оқпандарын бұрғылау және мұнайды барлау үшін КСРО-да тұңғыш рет электр қуаты қолданылды. Қазақстандағы отын-энергетикалық қорларды іздестіру жұмыстарының нәтижесінде көмір мен мұнайдың ірі кеніштері табылды. Қазбалы отын қорлары жөнінен Қазақстан Кеңес Одағында екінші орынға шықты. Жалпы, кеңестік дәуіріндегі Қазақстанның электр энергетикасының даму жолын негізгі үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңде (1918–1945 жылдары) ірі электр стансылары салынып, алғашқы энергетикалық тораптар пайдаланылды. Екінші кезеңде (1946–1958 жылдары) аймақтық электр стансыларында электр қуатын бір орталықтан өндіру күрт артты, алғашқы энергетикалық жүйелер құрылды. Үшінші кезеңде (1959–1990 жылдары) республиканың энергетикалық базасы жедел қарқынмен дамып, аймақтық энергетикалық жүйе қалыптасты. Сөйтіп, Қазақстан өзінің электр қуаты жөніндегі мұқтаждарын толық қамтамасыз ететін әрі оны өзге елдерге шығаратын ахуалға жетті. Бұл кезеңде Алматыда, Қарағандыда, Петропавлда, Жамбылда, Шымкентте, Павлодарда ірі аймақтық су электр стансылары (АСЭС) салынды. Ертіс өзенінде Өскемен және Бұқтырма су электр стансылары (СЭС), Іледе Қапшағай СЭС-і жұмыс істеді. Аса ірі Ақсу АСЭС-ы Екібастұз кенішінің арзан көмірін пайдаланды. Электр энергетикасы секторын реформалау бағдарламасын дәйектілікпен іске асыру нәтижесінде 2000 жылдан бастап оң өзгерістерге қол жеткізілді: 2001 жылдың басында Қазақстанның электр энергетикасы секторының экспорттық әлеуеті 500–1000 мВт деп бағаланды. Мысалы, Екібастұз АЭС-ы 2001 жылдан Ресейге (Омбы облысы) 300 мВт электр қуатын экспортқа шығара бастады. 2030 жылға дейін электр энергетикасында мына бағдарлама шеңберінде Қазақстанның электр энергетикасы жөнінен тәуелсіздігін қамтамасыз етудің кешенді жоспары әзір

3-тапсырма. Келесі схема бойынша сөйлем құраңдар.

- А) _____ қамтамасыз етеді.
Ә) _____ электр энергиясы _____.
Б) Энергетикалық жүйе _____.
В) _____ қуатты қондырғыларды _____.

4-тапсырма. Берілген мәтінді қазақ тіліне аударыңдар.

Важнейший признак энергетической системы, отличающий ее от других крупных промышленных и производственных объединений, одновременность процессов производства, распределения и потребления электрической энергии, обусловленная невозможностью складирования готовой продукции и необходимостью баланса между суммарными мощностями, генерируемыми электростанциями и потребляемыми в энергетической системе. Появление небаланса, как правило,

сопровождается изменением режимных параметров энергетической системы напряжений, токов, частоты сети и других, отклонение которых лимитированы.

5-тапсырма. Берілген сын есімдерді сызба бойынша талдаңдар.

Кіреді, басқаруға бірігеді, қолдайды

1. неше құрам (түбір, жұрнақ, жалғау санайсыздар)
2. Туынды/негізгі
3. Дара/күрделі
4. Лексикалық мағынасы
5. Грамматикалық мағынасы (сөз құрамына талдау, түбір, қанда жалғау, қандай жұрнақ)
6. Сұрағы
7. Сөз таптарының түрлері

Грамматикалық материал

Салалас құрмалас

Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі салалас құрмалас деп аталады. Мысалы: Сақадай сайланған қырық жігіт маңдайды батысқа қойды да, төскейді үзеңгіге ала жүріп кетті.

Салаластың құрамындағы бірінші жай сөйлемнің баяндауышы – қойды екінші жай сөйлемнің баяндауышы жүріп кетті сияқты тиянақты, сондықтан олар тең дәрежеде (салаласа) байланысып тұр.

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара екі түрлі жолмен байланысады:

1) Іргелес тұрып, ұласпалы интонация арқылы байланысады. Мысалы: Жалпақ балуан оқ бойы алда отырды, астындағы сары қасқа ат киіктей орғып келеді.

2) Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Салалас құрмалас сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулық шылаулар: 1) да, де, та, те әрі және деген ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 2) бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де деген қарсылық мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 3) өйткені, себебі, сондықтан, сол себепті, неге десеңіз деген себеп-салдар мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 4) не, немесе, я, яки, не (я) болмаса, болмаса, әлде деген талғаулық мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 5) кейде, бірде, біресе деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулар арқылы.

Құрамындағы жай сөйлемдерінің мағыналық қарым-қатынасына қарай салалас құрмалас сөйлем алты түрге бөлінеді:

- 1) ыңғайлас салалас,
- 2) себеп-салдар салалас;
- 3) қарсылықты салалас,
- 4) кезектес салалас,
- 5) түсіндірмелі салалас;
- 6) талғаулы салалас.

Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері, жалғаулық шылаулары мен тыныс белгісінің кестесі

№	Түрлері	Жалғаулықтары	Тыныс белгісі
1	Ыңғайлас салалас	Және, да, де, та, те, әрі.	Үтір
2	Қарсылықты салалас	Бірақ, сонда да, дегенмен, алайда, әйтсе де, сөйтсе де.	Үтір, үтір мен сызықша
3	Түсіндірмелі салалас	Жалғаулығы жоқ. Сонша, сондай, сол, соншалық, мынау, мынадай сілтеу есімдіктері арқылы байланысады.	Қос нүкте, сызықша
4	Себеп-салдар салалас	Өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, сол себепті, неге десеніз, т.б.	Үтір, қос нүкте немесе сызықша
5	Талғаулы салалас	Не, немесе, я, яки, болмаса, әйтпесе, не болмаса, әлде. я болмаса,	Үтір
6	Кезектес салалас	Кейде, бірде, біресе.	Үтір

6-тапсырма А) Сөйлемдерді және, да/де, та/те, бірақ, сонда да, дегенмен, алайда шылаулары арқылы салалас құрмалас сөйлемдерге айналдырыңыз.

1. Күн жылынды. Қар ереді. 2. Аспанды қара бұлт басты. Жаңбыр қатты жауды. 3. Болат жолдасына сұрақ қойып жатыр. Жолдасы жауап беріп жатыр. 4. Мен үйге келдім. Менің шешем шай дайындады. 5. Ән басылды. Домбыра сазы тоқталған жоқ. 6. Қар ереді. Жер көгере қоймады. 7. Автобус сағат бесте келді. Адамдардың бәрі осы кезде дайын емес еді. 8. Үйден шыққанымызға жарты сағат болды. Баратын жеріміз әлі алыс болып көрінді.

Ә) Сөйлемдердің бірінші сыңарына сәйкес келетін сөйлемдерді екінші қатардан тауып, мағынасына қарай құрастырындар.

Студенттер дәрісті жақсы тыңдады,	әрі денсаулығы да мықты емес.
Қадырдың киімі жұқа	я көзінде жаңа бір үрей тұрды.
Мектеп бітіруімізге бірталай уақыт бар,	себебі бүгінгі тақырып өте қызықты болды.
Я алқымда булығып ашу тұрды,	бірде толқып, жасыл шөптердің бастарын ақырын ғана ырғайды.
Баяу ескен жел бірде басылады,	сонда да әрқайсымыздың неге икем екеніміз байқалып қалған-ды.

Рефлексия. INSERT немесе «Түртіп алу» стратегиясы

V	+	-	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Білмеймін»	«Білгім келеді, сұрағым бар»

Тақырып 3.9 Электр өрісі туралы бастапқы ұғымдар

Электр өрісі

Электр өрісі – электромагниттік өрістің дербес бір түрі. Ол электр зарядының айналасында немесе бір уақыт ішіндегі магнит өрісінің өзгерісі нәтижесінде пайда болады. Электр өрісінің магнит өрісінен өзгешелігі – ол қозғалатын да, қозғалмайтын да электр зарядтарына әсер етеді. Электр өрісінің бар екендігін оның қозғалмайтын зарядқа әсер ететін күші бойынша байқауға болады. Электр өрісінің кернеулігі – электр өрісінің сандық сипаттамасы болып табылады.

Электр өрісінің кернеулігі – электр өрісінің зарядталған бөлшектер мен денелерге күштік әсерін сипаттайтын векторлық шама (E). Ол электр өрісінің белгілі бір нүктесіне қойылған нүктелік зарядқа әсер ететін өріс күшінің (F_0) сол зарядтың шамасына (q_0) қатынасына тең: $E_0 = F_0/q_0$. Бұл жерде зерттелетін өріске әкелінген зарядтың шамасы (q_0) сол өрістің жасайтын зарядтардың шамасы мен олардың кеңістікте тарала орналасуын өзгертпейтіндей, мейлінше аз деп қарастырылады. Электр өрісінің кернеулігінің бірліктердің халықаралық жүйесіндегі өлшеу бірлігі: в/м.

Электр өрісінің кернеулігі - өрістің көрсетілген нүктесінде орналасқан материалды нүктеге әсер ететін электр өріс күшінің осы заряд мөлшеріне қатынасы.

1 -тапсырма. Мәтін бойынша 3 сұрақ құрастырындар.

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Әр абзайта не туралы айтылған?

Ұлы ағылшын ғалымы Майкл Фарадей, электр зарядтары бір-біріне тікелей әсер етпейді деп жорамал жасайды. Олардың әрқайсысы қоршаған ортада электр өрісін туғызады. Бір зарядтың өрісі екінші зарядқа әсер етеді, және керісінше. Зарядтан алыстаған сайын өріс төмендейді.

Басқа бір ғалым – Джемс Клерк Максвелл – электромагниттік әсерлесу кеңістікте ақырлы жылдамдықпен таралатынын теориялық дәлелдеді. Максвелл электромагниттік әсердің таралуы бостықтағы жарық жылдамдығына тең, яғни 300000 км/с.

Электромагниттік өрістің негізгі қасиеті – оның электр зарядтарына қандайда бір күшпен әсер етуі.

Қозғалмайтын зарядтардың электр өрісін электростатикалық деп атайды. Ол тек электр зарядтарынан пайда болады және уақыт бойынша өзгермейді. Электр өрісі осы зарядтармен қоршаған кеңістікте бар болады және онымен үздіксіз байланыста болады.

3-тапсырма. Сәйкестендіріңдер.

Біртекті өріс	одна из двух компонент электромагнитного поля, представляющая собой векторное поле
электр заряды	это электрическое поле, в котором напряжённость одинакова по

	модулю и направлению во всех точках пространства
Электр өрісі	Для создание электрическое поле
Электр өрісін есептеу	это компонент электрослабого взаимодействия
кванттық электродинамика	можно проводить аналитическими или численными методами
зарядталған денелер	благодаря его силовому воздействию можно обнаружить электрическое поле

4-тапсырма. Мәтінді қайта оқып , электрге байланысты күрделі сөздер мен терминдерді анықтаңыздар. Олардың жасалу жолын түсіндіріп,сөйлем құраңыздар.

Күрделі сөздер мен терминдер	Жасалу жолы	Сөйлем

5-тапсырма. Грамматикалық тапсырмалар
2 мәтін бойынша сөз таптарын кестеге толтырындар.

Зат есімнен туған сын есімдер	Есімдік	Шылау

Грамматикалық материал

Сабақтас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдерінің алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі сабақтас құрмалас деп аталады. Мысалы: Тапсырманы тиянақтап алғысы келгенмен, қайта сұрауға батылы бармады. Бұл құрмалас сөйлемнің бірінші жай сөйлемін өз алдына бөлек айтуға келмейді, себебі ой тиянақты емес, ойды тиянақтап, аяқтап тұрған екінші жай сөйлем. Құрмаластың құрамындағы бірінші жай сөйлем екінші жай сөйлемге бағына байланысып тұр. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы тиянақсыз жай сөйлем бағыныңқы сөйлем, ал өз алдына дербес айтыла беретін, ойды тиянақтап тұратын екінші жай сөйлем басыңқы сөйлем деп аталады.

Сабақтас құрмалас сөйлем құрамындағы бағыныңқы мен басыңқы сөйлемдерінің мағыналық қарым-қатынасына қарай алты түрге бөлінеді: 1) шартты бағыныңқы;

- 2) қарсылықты бағыныңқы; 3) себеп бағыныңқы; 4) мезгіл бағыныңқы; 5) қимыл-сын бағыныңқы; 6) мақсат бағыныңқы.

6-тапсырма.

А) Көп нүктенің орнына жақшада берілген сөзді сабақтас құрмалас сөйлемге айналдырыңдар.

- 1.Мақтаны көтерген нәзік қыз алаңқайлау аралықпен зыр (жүгіру, келу)..., жаңа терген мақтасын атып ұрды.
- 2.Бетіндегі шып-шып теріне мақтаның ұсақ ұлпалары (жабысу)..., беті де мақта сияқты болып кетіпті.
- 3.Түнде мылтық (атылу)..., дауысы қатты естілді.
4. Кеше кешке уақытым (болмау)..., сүйікті телехикаямды көре алмадым.

Ә) Мәтінде қанша сөйлем бар, жай сөйлем қанша, оның қай түрі, құрмалас сөйлем қанша, сөйлемдер саалалас па, сабақтас па, әлде аралас па ажыратады. 1 сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар.

Қателіктің арты өкініш.

Ғабит ауруханадан ұзақ уақыт емделіп, бүгін шыққан болатын.

Ол айналаның осындай әсем екендігін жаңа байқағандай. Әсем табиғат, сәулетті үйлер, өз шаруасымен жан-жаққа бара жатқан адамдарды жаңа көргендей тандана қарады. Ол есірткінің әлегінен өмірден қаншалықты оқшау қалғанын, тіпті отбасынан, достарынан тым қашықтап кеткенін жаңа ғана түсініп, енді бәрі басқаша болатынына нық сеніммен, өз-өзіне уәде берді.

Ол адамның болашағы өз қолында екенін, өмірде кездесетін қиындықты шешуге болтынын және кез келген жағдайда кінәні адам өзінен іздеу қажет екенін алғаш рет түсініп, өзінің өткен өмірін ой елегінен өткізді.

Тақырып 3.10 Электр тоғы және заряды. Терминдер

Электр тоғы – электр қозғаушы күштің әсерінен зарядтардың (зарядталған бөлшектер немесе дене) бағытталған қозғалысы.

Электр тоғы энергетика саласында — энергияны алыс қашықтыққа жеткізу үшін, ал телекоммуникация саласында — ақпаратты шалғайға тасымалдау үшін қолданылады

Токтың тұрақты ток (ағылш. *direct current*, DC) және айнымалы ток (ағылш. *alternating current*, AC) деп аталатын екі түрі бар.

- Тұрақты ток — уақыт бойынша бағыты және шамасы өзгермейді. Тұрақты ток көздері: аккумуляторлар, батареялар. Электрондар - тан + ағылады.
- Айнымалы ток — бағыты мен шамасы периодты түрде өзгеріп отыратын электр тоғы. Ал техникада айнымалы ток деп ток күші мен кернеудің период ішіндегі орташа мәні нөлге тең болатын периодты ток түсіндіріледі. Айнымалы ток байланыс құрылғыларында (радио, теледидар, телефон т.б.) кеңінен қолданылады.

Электр тоғы физикалық табиғатына қарай өткізгіштік электр тоғы, конвекциялық электр тоғы, поляризациялық электр тоғы болып бөлінеді. Электр тоғының өлшеуішіне ток күші және ток тығыздығы алынады. Электр тоғы магнит өрісінің көзі болып есептеледі. Магнит өрісін қарастырған жағдайда электр тоғы: макроскопиялық ток, молекулалық ток болып ажыратылады.

1-тапсырма. Сәйкестендіріңдер.

конвекциялық электр тоғы	(электр өрісінің әсерінен өткізгіште не шала өткізгіште пайда болатын ток тасушылардың реттелген қозғалысы)
поляризациялық электр тоғы	(электрлік өткізгіштігі болмайтын ортадағы не вакуумдағы зарядталған бөлшектер мен денелердің қозғалысы)
өткізгіштік электр тоғы	(диэлектриктегі поляризациялық өзгеруі нәтижесінде ондағы байланысқан зарядталған бөлшектердің қозғалысы)

2-тапсырма. Тыныс бергілерін дұрыс қойыңдар.

Ток күші (және кернеу) өзгерісі (тербеліс) қайталанатын уақыттың (секундпен берілген) ең қысқа аралығы период деп аталады айнымалы токтың тағы бір маңызды сипаттамасы жиілік уақыт бірлігінде жасалған периодтар саны жиілік деп аталады айнымалы ток жоғарғы жиілікте өткізгіш сыртына ығыстырылады бұл скин эффект құбылысы деп аталады.

3-тапсырма. Сөздерді табыңдар

и	н	ж	е	н	е	р	ө	о	т
д	ж	п	р	о	а	в	л	н	о
ғ	ф	й	у	б	ө	л	ш	е	к
ы	х	х	й	у	к	п	е	п	ы
л	ж	и	і	л	і	к	у	б	э
ы	х	э	г	ш	ы	е	ю	в	н
м	а	м	а	н	г	р	м	ж	е
й	й	ж	з	х	з	н	с	ү	р
щ	м	к	л	д	а	е	в	й	г
у	а	ш	ш	д	ж	у	п	е	и
з	қ	о	с	т	а	н	ц	и	я
э	л	е	к	т	р	в	ф	е	г

4-тапсырма. Электр тоғы және заряды бойынша «Инсерт кестесін» толтырыңдар.

V	+	-	?
Мен осыны білдім	Бұл – мен үшін мүлдем	Бұл менің білеті-німе қарама-қар-	Мен бұл туралы көп білгім келеді, түсін-

	жана ақпарат	сы, басқаша ойлап едім	мен	беген жерлерім бар, сұрақтарым бар
--	-----------------	------------------------------	-----	--

5-тапсырма. Жалғауларды рет-ретімен жалғаңдар: көптік+тәуелдік+септік:
Өлшеу+лер+ім+ді
Сала, уақыт, өзгеріс, техника, мамандық, жүйе

Грамматикалық материал

Сөйлем мүшелері. Тұрлаулы мүшелер.

Сөйлем құрауға қатысқан толық мағыналы сөздер сөйлем мүшелері деп аталады. Сөйлем мүшесінің белгілері: 1) толық мағыналы сөз болуы керек; 2) сөйлемдегі басқа сөзбен байланысып тұруы керек; 3) сөйлем мүшелерінің бірінің сұрағына жауап беруі керек. Мысалы: Жылы желдің әлсіз ызыңы естіледі. Сөйлемде толық мағыналы бес сөз бар. Олардың әрқайсысы белгілі бір сұраққа жауап беріп тұр. Жылы – қандай? – сындық ұғым атауы, желдің – ненің? – заттық ұғым атауы, әлсіз – қандай? – сындық ұғым атауы, ызыңы – несі? – заттық ұғым атауы, естіледі – қайтеді? – кимылдық ұғым атауы. Сөйлем мүшелері атқаратын қызметіне қарай тұрлаулы мүшелер және тұрлаусыз мүшелер болып екі үлкен топқа бөлінеді. Бұлардың ішінде бастауыш пен баяндауыш сөйлем құрауға негіз болады, сондықтан тұрлаулы мүшелер деп аталады. Ал анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштар өздігінен сөйлем құрай алмайды, тек берілген ойдың шеңберін кеңейтеді, сондықтан бұлар тұрлаусыз мүшелер деп аталады. Атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіретін тұрлаулы сөйлем мүшесі бастауыш деп аталады. Бастауыштың сұрақтары: Кім? Не? Кімдер? Нелер? Кімім? Нем? Кімнің? Нең? Кіміңіз? Неңіз? Кімі? Несі? Кімдер? Нелер? Бастауыштың іс-әрекетін, кимылын, белгісін, жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіріп, сөйлемді аяқтап, ойды тиянақтап тұратын тұрлаулы мүше баяндауыш деп аталады. Баяндауыш қайтті, не істеді, не қылды? деген сұраққа жауап береді. Баяндауыштың негізгі белгілері: 1) бастауыштың жай-күйін білдіреді; 2) жіктік жалғауын жалғап, бастауышпен қиыса байланысады; 3) кейде бастауышсыз-ақ сөйлемге ұйытқы болады; 4) сөйлемді аяқтап, ойды тиянақтап тұрады; 5) қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрағына жауап береді.

6-тапсырма.

А) Көп нүктенің орнына баяндауыш болатын сөздерді қойып жазып, сөйлемнен тек қана тұрлаулы мүшелерді табыңдар.

1. Сәкен табиғат көрінісі бейнеленген үлкен суретті 2. Мая теледидардан қызық кино 3. Шоқанның аты бәйгеден бірінші болып 4. Даяна апасына бақшаның шөбін 5. Дидар мен Думан көлеңкеде

Ә) Ұршық, қайық, ғарыш, терек, қыран сөздерінің әрқайсысына сөйлем құрап жаз. Тұрлаулы мүшелердің астын сыз.

Тақырып 3.11 Электр тізбегі.

Электр тізбегі

Электромагниттік процестері кернеулік және ток түсініктерінің көмегімен сипатталатын, электр тогын жүргізуге арналған қондырғылар жиынын электр тізбегі деп айтады. Жалпы жағдайда, электр тізбегі ток көзі мен қабылдағышты байланыстыратын электр энергиясының көзі мен қабылдағыштардан және аралық бөлімдерден (өткізгіш сымдардан, аппараттардан) тұрады.

Электр тізбегіндегі электромагниттік процесстерді "ток", "кернеу", "кедергі", ("өткізгіштік"), "индуктивтік", "сыйымдылық" түсініктерінің көмегімен сипаттауға болады.

Электр энергиясының көзі ретінде гальвани элементтері, аккумуляторлар, жылулық элементтер, генераторлар және басқа да қондырғылар алынады. Оларда химиялық, молекула кинетикалық, жылулық, механикалық немесе энергияның басқа түрінің электр энергиясына айналу процестері жүріп жатады. Жоғарыда айтылған ток көздерімен салыстырғанда, энергияның ешқандай түрі өзгермейтін, энергия көзіне қабылдағыш антенна да жатады.

Электр энергиясының көздері өздерінің мәндері және бағыттарымен, сол сияқты ішкі кедергілерінің мәндерімен де сипатталады.

Электрлік тізбектер жүйесінде элементтерді активтік және пассивтік деп бөледі. Активтік элементтерге жататын электр энергиясының көздері, кернеу көздері және ток көздері. Электр тізбегінің пассивтік элементтеріне кедергі, индуктивтік және сыйымдылық жатады.

Сөздіктер

электр тізбегі - электрическая цепь

кернеулік – напряжения

қондырғылар жиыны - итоги установки

ток көзі - источник тока

ішкі кедергілерінің мәндері - значения внутреннего сопротивления

сыйымдылық- емкость

1-тапсырма. Мәтін бойынша диалог құрастырыңдар.

Электр энергиясының қабылдағышы немесе жүктемесі деп, электр энергиясын жарық, жылу, механикалық және т.б. энергияға айналдыратын

электр шамдарының, электр қыздырушы құралдардың, электр қозғалтқыштардың және басқа қондырғылардың қызметін айтады.

Электр тізбектерін есептеулер, оларда жүретін процесстерді зерттеулер, әр түрлі жорамалдауларға және электрлік тізбектердің нақты объектілерін бірқатар идеализациялауға негізделеді. Демек, электрлік тізбектер теориясында элементтер түсінігіне көбіне электротехникалық қондырғылардың құрамды бөліктері емес, олардың идеализацияланған үлгілері алынады да, оларға белгілі бір электрлік және магниттік қасиеттер тағылады, соның нәтижесінде, олар нақты қондырғыларда пайда болатын құбылыстардың жиынтығын жуықтап бейнелейді.

2-тапсырма. Аударып, сөз тіркестерін сәйкестіндер.

электр тізбегінің	пассивтік элементтері
техника нысандарын	электрмен жабдықтау жүйелері
энергия көздерінің	базасындағы кешендер
электрлік станцияларды	жөндеу
электр энергия	сапасының көрсеткіштері

3-тапсырма. Өздеріңді бір фирманың электрші қызметкері деп елестетіндер. Жөндеу жұмыстарын орындауға хабарлама алдыңыз, 30 минутқа кешігудесіз, өз әрекеттеріңді көрсетіндер

4-тапсырма. Электр тізбегі бойынша ойларыңды «ПСМТ формуласымен» дұрыс жеткізіндер.

Позиция	Осы мәселеге көзқарастарың қандай?
Себеп	Неге бұлай ойлайсыңдар?
Мысал	Мысал келтіріңдер.
Талқылау	Өз аргументтеріңді жалпыландар, қорытындыландар.

5-тапсырма. Грамматикалық тапсырмалар:

1. Берілген сөздерді септеңіздер: түсініктері, электромагниттік, қондырғылар, энергия көздері.
2. Берілген сөздерді сызба бойынша талдаңдар: бейнелейді, процесстерді, қозғалтқыштардың, жылулық, есептеулер.

Грамматикалық материал

Тұрлаусыз мүшелер

Тұрлаусыз мүшелер бастауыш пен баяндауышты анықтап, толықтырып, пысықтап тұрады. Тұрлаусыз мүшелерге толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш жатады. Сөйлемдегі амал-әрекетті, іс-оқиғаны

заттық мағына жағынан толықтырып тұратын тұрлаусыз сөйлем мүшесі толықтауыш деп аталады.

Толықтауыш болатын сөздердің негізгі белгілері: 1) атау мен іліктен басқа барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларын меңгеріп тұрады; 2) толық мағыналы сөздер туралы, жөнінде, жайында деген септеулік шылаулардың бірінің тіркесуінен жасалады; 3) толықтауыш болатын сөз заттық мағынаға ие болады; 4) толықтауыш болатын сөз Кімге? Неге? Кімді? Нені? Кімде? Неде? Кіммен? Немен? Кім туралы? Не туралы? Кім жөнінде? Кім жайында? деген сұрақтарға жауап береді;

Тұрлаусыз мүшенің екінші түрі – анықтауыш. Сөйлемде зат есімнен не заттық ұғымда жұмсалған басқа сөз таптарынан болған мүшелерді сындық, сапалық, сандық, иелік жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүше анықтауыш деп аталады. Анықтауыш Қандай? Қай? Қанша? Неше? Нешінші? Кімнің? Ненің? деген сұрақтарға жауап береді. Күрең (қандай?) ат еш нәрседен үрікпей сұлу (қандай?) жүрісімен сылаң қағып келеді. Екінші (нешінші?) соққыдан есін жинай алмай қалды. Қалиқа – Ұлжанның (кімнің?) ауылдан ертіп келген серігі. Шеткі (қай?) үйден көңілді (қандай?) әуен естіліп жатты. Тілек сегізінші (нешінші?) сыныпта оқиды. Анықтауыш өзі анықтайтын мүшемен қабыса және матаса байланысады. Мысалы: күрең ат, сұлу жүріспен, Ұлжанның серігі, шеткі үй, сегізінші сынып, т. б.

Пысықтауыш – тұрлаусыз мүшенің бір түрі. Етістіктен болған баяндауышты мекен, мезгіл, қимыл-сын, себеп, мақсат жағынан айқындайтын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі пысықтауыш деп аталады. Сұрақтары: Қашан? Қалай? Қайдан? Қашаннан бері? Қанша? Қалай? Қайтіп? Қалайша? Неліктен? Неге? Не үшін?

Пысықтауыштың негізгі белгілері: 1) іс-қимылды мезгіл, мекен, мақсат, мөлшер, себеп, сын-қимыл жағынан пысықтап тұрады; 2) Қашан? Қайда? Қалай? Қайтіп? Неге? Не үшін? Неліктен? деген сұрақтарға жауап береді; 3) байланысу түрлері: қабысу, меңгеру, жанасу.

б-тапсырма.

А) Сызба бойынша сөйлем құрастыру:

1. Анықтауыш - бастауыш – пысықтауыш – пысықтауыш – баяндауыш.

2. Пысықтауыш – бастауыш – пысықтауыш – баяндауыш.

3. Бастауыш – толықтауыш – пысықтауыш - баяндауыш.

Ә) берілген мәтінді сөйлем мүшелеріне қарай талдандар.

Кепілдендірілген электрмен қамтамасыздандыру жүйесі (КЭЖ) деп – негізгі қорек көздерінің ауытқулары кезінде тұтынушыларды қосымша ДЭС – тен электрмен қамтамасыздандыруды тудыратын электр қондырғысын айтады. КЭЖ дизель – генераторлық қондырғылардан, үлестіру щиттерінен, қорды автоматты түрде қосу (ҚАҚ) қондырғыларынан тұрады. Ақпараттық және телекоммуникационды жүйенің электр қабылдағыштарын электрмен қамтамасыздандыру олардың қоректенуші жүйесі – ҮЭҚЖ – мен жүргізіледі.

Дегенмен, ҮҚК-нің аккумуляторларының сиымдылығы шектеусіз, және автономды электрмен қамтамасыздандыру уақытын ұлғайту үшін КЭЖ құрамында ДГҚ қолданылады. Негізгі электрмен қамтамасыздандыру көзі ОЭЖ болып табылады.

Тақырып 3.12 Электрлік өлшеу бірліктері. Мәтінмен жұмыс Электр өлшеу

Өлшеу дегеніміз - арнайы техникалық құралдар көмегімен физикалық шамалардың мәнін анықтау.

Өлшеуіш аспаптардың жұмыс істеу принциптерін, олардың атқаратын міндетіне байланыссыз, былай түсіндіруге болады: электр тогы аспап арқылы жүріп айналдыру моментін туғызады, айналдыру моментінің әсерімен спираль серіппесінің 2 қарсы әрекетін жеңеді, қозғалатын бөлік бұрышына бұрылады. Бұл жерде нұсқама тіл 3 шкала 4 бойы мен қозғала отырып өлшенетін шаманы көрсетеді. Аспапты ажыратқаннан соң айналдыру моменті жоғалады, қозғалатын бөлік серіппенің серпімділігінің салдарынан алғашқы орнына қайта оралады.

Пайдалану жағдайына байланысты аспаптың қозғалатын бөлігі тез тынышталуы керек. Бұл ауалы немесе магниттік тыныштандырғышымен іске асырылады. Ауалы тыныштандырғышта қозғалатын бөлігін тежеу үшін тыныштандырғыш камерасындағы ауаны сығу немесе сирету салдарын пайдаланса, магниттік тыныштандырғышында магниттік тежеу принципін пайдаланады.

1-тапсырма. Анықтамасын тап.

<i>Косвенные измерения</i>	физикалық шаманың мәнін қабылданған өлшем бірлігі түріндегі сан түрінде бағалау.
<i>Измерительные приборы</i>	тікелей тәжірибе барысында физикалық шаманың мәнін өлшеу.
<i>Измерительные инструменты</i>	тікелей өлшенетін физикалық шама мен қажетті өлшенетін шаманың өзара тәуелділігін қолдана отырып өлшеу тәсілі.
<i>Значение физической величины</i>	өлшеуге арналған нормаланған метрологиялық қасиеттері бар техникалық құралдар.
<i>Прямое измерение</i>	өлшеу ақпарат сигналын қабылдауға ыңғайлы пішінге түрлендіретін өлшеу құралы.

2 -тапсырма. Көп нүктенің орнына сөз тіркетерін қойындар.

..... әртүрлі жүйелі өлшеуіш аспаптар – амперметрлер мен вольтметрлер қолданылады. Мөлшері кіші токтарды өлшеу үшін..... , ал мөлшері аз кернеулерді өлшеу үшін милливольтметрлер, микровольтметрлер қолданылады. Амперметрді ол өлшенетін тізбектегі токқа әсерін тигізбеуі керек. Сондықтан оның кедергісі кедергісінен аз болуы тиісті. Амперметрдің кедергісі аз болса, ол болады. Тізбекке қосылған вольтметр керек, сондықтан қабылдағыштар кедергісіне кедергісі, қабылдағыштар кедергісінен үлкен болуы керек. Үлкен мәнді вольтметр кедергісінде..... , сондықтан ол тұтынатын қуат та аз.

Сөз тіркестері: ток мөлшерлі болады; өлшенетін кернеуге әсерін тигізбеуі; жүктемеге тізбектеп қосқанда; энергия қабылдағышының; тұтынатын қуат та аз; параллель қосылған вольтметр; гальванометрлер, микроамперметрлер, миллиамперметрлер; ток пен кернеуді өлшеу үшін.

3-тапсырма. «Өлшеуіш құралдар» 5 жол өлең стратегиясы бойынша талдаңдар.

4-тапсырма. Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, журналист пен электршінің сұхбатын жазыңдар.

5--тапсырма. Шағын диктант жазу.

Кедергілерді өлшеу

Кедергілерді өлшеу үшін амперметрге және вольтметр тәсілін пайдалануға болады. Сыналатын резисторға қосылған вольтметр көрсетімін, сол резисторға тізбектеп қосылған амперметр көрсетіміне бөлінген бөлінді арқылы оның кедергісін анықтайды. Кедергілерді тікелей өлшеу үшін омметр мен мегаомметр деп аталатын аспаптар қолданылады. Олар схемаға тізбектеп не параллель қосылады. Омметр – ішкі кедергісі және қосымша кедергісі магнит-электрлік жүйедегі өлшеу аспабы болып табылады. Жұмыс кернеуі қосылмай тұрған желінің оқшауламасының кедергісін мегаомметрмен өлшейді. Оның бір қысқышын тексерілетін өткізгіш сымына қосады, ал екіншісін жерге қосады. Мегаомметр индукторының тұтқасын айналдырып аспап шкаласынан өлшенетін кедергінің мәнін оқиды. Мұндағы индуктор кішкене магнитоэлектрлік генератор болып табылады.

6-тапсырма. Грамматикалық тапсырмалар. Синтаксистік талдау жасаңдар.

Электрлік өлшеу заманауи өлшеу техникасында маңызды орын алады. Электрлік өлшеудің кең таралуының себебі — электрлік түрде берілген ақпаратты алудың, түрлендірудің, жеткізу мен сақтаудың қарапайымдылығы мен ыңғайлылығы. Заманауи өлшеу құралдарының басым көпшілігі электрлік өлшеу принциптеріне негізделген. Осылайша, электрлік және электрлік емес шамаларды өлшеу әдістері мен құралдары бізді қоршаған орта, әр түрлі технологиялық объектілері мен процестер.

Төл сөз, автор сөзі

Сөйлеуші өз сөзінің ішінде біреудің айтқан сөзін дәл сол күйінде, ешбір өзгеріссіз беруі төл сөз деп аталады. Мысалы: «Мал жұтайды, өнер жұтамайды», – деген Абай. Осы сөйлемде «мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген Абайдың сөзі ешқандай өзгеріссіз айтылған күйінде беріліп тұр.

Төл сөз тек біреудің айтқан сөзі ғана емес, ойлаған ойы, айтуға оқталған сөзі түрінде де беріледі. Мысалы: Айбала: «Еркем», – деп қала жаздап, аузын жиып ала қойды. «Түнімен осы суретті қалайда бітіруім керек», – деп ойлады қарт суретші.

Төл сөзбен байланысты айтылған сөйлеушінің өз сөзі автор сөзі деп аталады. Жоғарыдағы мысалдағы деген Абай, Айбала ... деп қала жаздап, аузын жиып ала қойды, деп ойлады қарт суретші – автор сөзі. Төл сөз бен автор сөзі «де» көмекші етістігінің деді, деп, деген, дейді, дегендей, дей жаздады, деген екен тұлғасындағы түрінің бірімен байланысады.

Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібіне, төл сөзді сөйлемнің хабарлы, сұраулы, лепті болуына қарай төл сөздің тыныс белгілері де әр алуан болады

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын орналасса, төл сөз бас әріппен жазылып, тырнақшаға алынады не алдынан сызықша қойылады. Егер төл сөз хабарлы сөйлем болса, соңына үтір, сұраулы сөйлем болса, сұрақ белгісі, лепті сөйлем болса, леп белгісі қойылып, автор сөзінің алдынан сызықша қойылады. Мысалы: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар деген нәрселермен озады», – деген ұлы Абай.

– Бекбергеннің қызын неге алып қашпақ болдыңдар? – деп сұрады үй иесі менен.

2. Төл сөз автор сөзінен кейін тұрса, автор сөзінен кейін қос нүкте қойылып, төл сөз не тырнақшаға алынады, не алдынан сызықша қойылады. Мысалы: А.Жұбанов былай деген: «Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті». Әйел бір төбенің басына шығып алып былай деді: – Менің атым – әйел, мына қыздың анасымын.

3. Төл сөз автор сөзінің ортасына орналасса, автор сөзінен кейін қос нүкте қойылып, төл сөздің алдынан не сызықша қойылады, не төл сөз тырнақшаға алынады да, төл сөзден кейін не үтір, не сұрақ белгісі, не леп белгісі қойылады. Мысалы: Әйтілес қарт: – Аттың құлағында ойнайтын жас кезіміз, – деп бастады әңгімесін.

4. Автор сөзі төл сөздің ортасына орналасса, төл сөз тырнақшаға алынып немесе алдынан сызықша қойылып, автор сөзінің алдынан да, соңынан да сызықша қойылады да, төл сөздің екінші бөлігі кіші әріппен жазылады. Мысалы: «Осы бір тегін адам болмаған шығар, – деді Жалпақ балуан, – түнейік осы молаға».

Төл сөздің әрқайсысы жеке сөйлем болып айтылса, бас әріппен жазылып, автор сөзінің алдынан үтір (сұрау не леп белгісі) мен сызықша қойылып, автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады. Мысалы: – Баруын барарсың, елін де шабарсың, – деді Бала би. – Қалыңдықтың қызығына түсіп кетпей, қалың жылқыға да көзіңді сал.

5. Бір төл сөздің ішінде екінші төл сөз келген жағдайда алқашқысының алдынан сызықша қойылып, соңғысы тырнақшаға алынады. Мысалы: – Қазақ халқында «Ұлық болсаң, кішік бол» деген нақыл бар, – дегенді жиі айтатын ол.

7-тапсырма.

А) Төл сөз бен автор сөзінің сызбасы бойынша сөйлем жазыңдар.

1. «Төл сөз», - автор сөз _____
2. Автор сөзі «Төл сөз!» - автор сөзі. _____
3. Автор сөзі «Төл сөз!» - автор сөзі. _____
4. «Төл сөз, - автор сөзі, -төл сөз» _____
5. Автор сөзі: «Төл сөз?» _____

Ә)) Төл сөз бен автор сөзінің арасына тыныс белгілерін дұрыс қойыңдар.

1. Абай былай деді: « Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік».
2. Аздан соң тағы да өзі сөйледі: - Менің аңғаруымша, сіз тарихқа ат салыспаған сияқтысыз. Олғылымдардың анасы ғой. (М. Ә.)
3. Ұйықтап жатыр едік: « Сұратай оян!» - деген дауыс құлағыма сап ете түскенде басымды көтере түрегелсем, жер қозғалғандай үйім дірілдеп барады. (С.М)
4. « Сонан қалмақ Сарыарқаға басқан жоқ», - дейді жыр. (Б. Адам.)
5. – Көктемде неге желіпті? – деп сұрадым мен. (С.М.)
6. – Алма, сен жақсы салдың еске! – дейді Жанат, есіне жаңа түскендей.(Ғ.Мұст.)
7. Жақсы кездестің,- деді Сатан. – Сені іздеп жатыр едік. (Ғ.Мұст.)

Тақырып 3.13 Электр желісі

Электр желісі – электр энергиясын өндірілетін орындардан (мыс, электр ст-нан) тұтынушыларға жеткізуге әрі оларға бөліп таратуға арналған құрылғылардың (трансформаторлық және қосалқы тарату ст-ларының, аспалы және кабельдік желілердің) жиынтығы. Ол қалалық, аудандық, ауылдық, өнеркәсіптік, энергет. Э. ж. болып, сондай-ақ электр энергиясын тарату, қоректендіру желілері болып та ажыратылады. Электр энергиясын алысқа таратып жеткізу үшін жоғарылатқыш трансформатор ст-нда ток кернеуі жоғарылатылады. Кернеу артқанда ток күші кемитіндіктен, қуат шығыны азаяды, сөйтіп өткізгіш сымдардың жуандығын дардың жуандығын жіңішкерту мүмкіндігі туады. Төмендеткіш қосалқы ст-нда кернеу тұтынушылардың пайдаланылуына қажетті шамаға дейін төмендетіледі.

Белгілі бір кернеулі токты өзгеріссіз қабылдауға әрі бөліп таратуға арналған қосалқы ст. бөліп таратушы деп аталады. Әр түрлі кернеулі Э. ж-н өзара қосу үшін желілік қосалқы ст-ларда орнатылған жоғарылатқыш және төмендеткіш трансформаторлар қолданылады. Қосалқы ст-ларда трансформаторлардан басқа коммутациялы аппараттармен жабдықталған жоғары және төм. кернеулі бөліп тарату және бақылау, басқару құрылғылары болады. Әрбір Э. ж-нің электртех. жабдықтары жұмыс істейтін номинал кернеумен сипатталады.

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыздар. Не туралы айтылған?

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін бойынша диалог құрастырыңдар.

Республика бойынша электр желілерінің 64 % тозған. Кейбір облыстарда 1970-1980 жылдардағы ескі тозығы шыққан электр бағанасы әлі күнге дейін қолданыста. Осы және өзге де себептерге байланысты онлайн режимде білім алу немесе жұмыс істеу мүмкін емес, дейді Мәжіліс депутаты. «Электр желілерінің тозу үлесі ең жоғары облыстар: ШҚО - 81%, БҚО - 80%, Қостанай - 74% , Маңғыстау - 72%, Қарағанды - 71%, Алматы - 69%, Жамбыл - 69%, Қызылорда облысы - 66%. 2020 жылғы жағдай бойынша республикада иесіз қалған электр желілерінің ұзындығы - 225 шақырым, трансформаторлар саны - 98. Аталған кемшілік салдарынан кейбір өңірлерде электр қуаты жиі өшеді, бірқатар қалалар мен аудандар, ауылдар бір-екі күндеп жарықсыз қалады. Сонымен қоса, кейбір облыстарда электр қуатының таралу сапасыздығы 220 вт-тан 170-180 вт-қа түсіп, электр техникалары істен шығуда», - деді депутат Фахриддин Қаратаев. Аталған жайттарға себеп болған мемлекеттік балансқа өтпеген трансформаторлар мен электр желілері мәселесі де көтерілді. «Кеше ғана елордамыздың өзінде 2021 жылдың 30 қаңтар күні «Сол жағалау» қосалқы станциясының 407 нөмірлі 10 кВ ұяшығы апаттық жағдайда болып, Нұр-Сұлтан қаласының сол жағалауында орналасқан бірнеше тұрғын үй кешендері жарықсыз қалды. Салдарынан апатқа себеп болған электр тарату желілері болып шықты», - деді депутат. 2020 жылдың соңына дейін иесіз электр желісі және трансформаторды жергілікті табиғи монополия субъектілеріне беру жоспарланғанымен, ол орындалмаған.

Депутаттар пандемия коронавирусы өршіп тұрған кезеңде тозығы жеткен электр желілерді жаңарту және иесіз қалған трансформаторларды мемлекеттік балансына өтуі қажеттігін атап өтті.

3-тапсырма. Берілген мәтінді орыс тіліне аударып, мазмұнын айтып беріңдер.

Электр желісіне қосылуды немесе тұтынылатын (берілетін) электр қуатын ұлғайтуды жоспарлайтын желіні пайдаланушылар (тұтынушыларды қоспағанда) оған қосылуды осы тарауда баяндалған рәсімдерге сәйкес жүзеге асырады.

Тұтынушыларды электр желісіне қосу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген электр энергиясын пайдалану тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Электр желісіне қосылуға арналған техникалық шарттар мынадай жағдайларда беріледі:

- 1) желі пайдаланушыларын қосу, соның ішінде қосалқы (шунтталатын) желілерді салу;
- 2) желі пайдаланушыларының қуатын ұлғайту;
- 3) сыртқы электрмен жабдықтау/желі пайдаланушыларының қуатын беру схемасының өзгеруі.

Электр желілеріндегі электр шығынын талдауды ыңғайландыру үшін оны мынадай түрлерге бөледі:

- электр жүйесінің өңтайлы режимдегі жұмысы жағдайындағы техникалық қажетті электр шығыны;
- өңтайлы технологиялық шығыны;
- режимнің өңтайлыдан ауытқыған жағдайдағы қосалқы технологиялық шығыны.

Энергия шығынының сандық талдауы төменде келтірілген негізгі әсер етуші факторларға байланысты орындалады:

- электр берілісі желісінің жүктемесі;
- қуаттың алмасу ағыны;
- реактивті қуат ағынын қарымталау дәрежесі;
- режимнің өңтайлылыққа жақындау дәрежесі;
- торап режимін жүргізуді автоматтандыру дәрежесі.

4-тапсырма. Сәйкестендіріңдер.

өңірлік электр желілік компания	электр энергиясын өндіруге арналған, құрамында құрылыс бөлігі, энергияны түрлендіретін жабдығы мен қажетті қосалқы жабдығы бар энергетикалық объект
«Электр энергетикасы туралы» зағы	электр энергиясын өндіруге, түрлендіруге, өзгертуге, жеткізуге, таратуға, тұтынуға және/немесе энергияның басқа түріне түрлендіруге арналған машиналар, аппараттар, желілер мен қосалқы жабдықтар жиынтығы
жоғары кернеу	өңірлік деңгейдегі электр желілерін пайдаланатын энергия беруші ұйым

қосалқы (шунтталатын) электр беру желілері	2004 жылғы 9 шілде әзірленді
электр станциясы	басқа электр беру желілерімен қатарлас қосылған электр беру желілері, солар арқылы оның нормаланатын сапасымен электрмен жабдықтаудың сенімділігі бойынша санатқа сәйкес келетін сенімділік дәрежесін қамтамасыз ету үшін электр энергиясы мен қуатын жеткізу жүзеге асырылады
желіні пайдаланушы	электр энергиясын беруге арналған шағын станциялардың, тарату құрылғылары мен оларды қосатын электр беру желілерінің жиынтығы;
электр желілері	энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен тұтынушы
электр қондырғысы	1000 Вольт және одан жоғары кернеу

5-тапсырма. . Берілген сөздерді талдаңдар.

Электр энергиясын, өндірілетін, бөліп таратушы, желілердің

Сөз табы –

Қандай сұраққа жауап береді –

Түбірі-

Жалғау –

Жұрнақ –

Мысалы: Жұмыстардың

Сөз табы – зат есім

Қандай сұраққа жауап береді – нелердің?

Түбірі- жұмыс

Жалғау – - тар, -дың

Жұрнақ –

Грамматикалық материал

Іс қағаздар тілі- қазақ әдеби тілінің бір тармағы

Қазіргі қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтарының бірі - ресми ісқағаздар стилі. Ресми ісқағаздар тілінің ерекшелігі сол, онда факті дәл

көрсетіліп, бір ізбен жүйелі жазуға айрықша мән беріледі. Өйткені ісқағаздар да, ресми құжаттар да ерекше қатынас жасау құралы болып саналады.

Ресми стильдің құрамында үш шағын стиль болады:

- заң шағын ресми стилі (заң, жарлық, азаматтық және қылмыстық істер актілері, жарғылар);
- әкімшілік-кеңсе шағын ресми стилі (өкім, бұйрық ісқағаздар: өтініш, өмірбаян, сені мхат, қолхат т.б.);
- дипломатиялық шағын ресми стиль (нота, мазмұндама, меморандум, келісім, конвенция т.б.).

Ресми стильдің ауызша, жазбаша түрлері болады.

6-тапсырма. Берілген тапсырмаларды орындаңдар.

А) Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

Ең алдымен, көңіл бөлетін нәрсе – ісқағаздарының, ресми құжаттардың тілі бір жүйеге түспей, стильдік жағынан қалыптаспай, кез келген мекеменің қызметін, әрекетін көрсететін құжаттарды жасау, толтыру, тіркеу, қабылдау, ол бойынша жұмыс істеу, мұрағатқа дайындау т.б. өте қиын. Сондықтан болашақ маманды даярлау барысында бұл пәннің атқаратын рөлі зор.

Ә) Біздің колледжімізде мемлекеттік тілді дамыту үшін қандай іс-шаралар қолданар едің?

Б) Қазақ ресми ісқағаздарының қалыптасу кезеңдерінің тарихы жайлы мағұлмат жазыңдар.

Тақырып 3.14 Электр стансасының түрлері.

Электр станциясы – электр энергиясын өндіруге арналған құрал-жабдықтар мен қондырғылардың, сондай-ақ осы мақсат үшін салынған құрылыстар мен ғимараттардың жиынтығы. Ол энергия көзіне сәйкес су электр станциясы, жылу электр станциясы, атом электр станциясы, жел электр станциясы, гелиоэнергетикалық станция және магнитогидродинамикалық генератор болып ажыратылады. Жылу электр станциясына конденсациялық электр станциясы, жылу электр станциясы, газ трубиналы электр станциясы, дизель электр станциясы жатады. Республика бойынша өндірілетін электр энергиясының 80%-ға жуығы жылу электр станциясының үлесіне тиеді. Болашақта қуаты зор атом электр станциялары үлкен рөл атқаратын болады.

1-тапсырма. Электр станциясының түрлері, артықшылықтары мен кемшіліктерімен танысыңдар.

ЭС-ның түрлері	Артықшылықтары	Кемшіліктері
СЭС	Алдын ала дұрыс Егер дұрыс есептеулер, есептеулер, жобалаулар жобалаулар жүргізілмесе, онда жүргізілсе ешқандай жақын маңдағы елді мекендерді экологиялық зияны жоқ, су алып кетеді.	

ЖЭС	<p>Арзан электр энергиясын береді. Үлкен жылдамдықты ағысы бар өзендерді қажет етеді. Қазақстанда мұндай өзендер аз. Дүние жүзі бойынша электр энергиясының 7% ғана береді.</p> <p>Отын болып табылатын Қоршаған ортаның жылулық мұнай, газ, көмір балансын бұзады, «Көктеме Қазақстанда көптеп әффектісін» туғызушылардың табылады. Дүние жүзі бірі. Ауаны ластайды бойынша электр (көмірқышқыл газы, күкірт энергиясының 85% оксиді, ауыр металл береді. молекулалары).</p>
АЭС	<p>Дүние жүзі бойынша уран қоры ең ұзаққа жететін (820 жыл) отын болып табылады. 3 кг уран 1 вагон көмір жанғанда шығаратын энергияны шығарады. Сондықтан қазір АЭС салуға үлкен көңіл бөлініп жүр.</p> <p>Радиоактивті сәулелер туғызады. Радиациядан қорғану проблемасы туындайды. Чернобыль АЭС болған апаттай апаттын болу қауіпі бар. Радиациялық қалдықтарды жерлеу проблемасы. Радиациялық қалдықтар да радиация шығарады.</p>

2-тапсырма. Берілген мәтінді орыс тіліне аударындар.

Қостанай облысында жел электр станциясының құрылысы басталды. «Ыбырай» жел электр станциясы Қостанай ауданында бой көтереді және жыл сайын 179 миллион киловаттан астам электр энергиясын өндіруге қауқарлы. Жел электр станциясын толық пайдалануға бергенде ауаға парникті газдардың бөлінуі жылына бірнеше мың тоннаға азаяды. Станцияның өзі мыңдаған отбасының электр қуатына деген қажетін өтеп, оны өндіруге жұмсалатын шығынды бірнеше еселеп азайтуға мүмкіндік береді.

3-тапсырма. Электр станциясының түрлері бойынша SWOT талдау жасаңдар.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктері	Қауіпі

4-тапсырма. Мәтінді диалог түріне айналдырыңдар.

1913 жылы Қазақстанда өндірілген жалпы энергия мөлшері 3000 кВт-қа ғана жетті. Қазақстандағы ең алғашқы бу турбиналы электр станциясы (қуаты 1240 кВт) 1926 ж. Қарсақбай комбинатында, ал алғашқы СЭС – Жоғары Хариузовск СЭС-і (қуаты 3000 кВт) 1928 жылы салынды. 1935 ж. Алматыда бу турбиналы электр станциясы іске қосылды.

Республикамыздағы энергия жүйесінің дамыту әлі күнге дейін жалғасуда. «Солтүстік-оңтүстік» ірі ЭЖТ (электр желісімен тасымалдау) салынауда. Сонымен бірге ЖЭС, СЭС құрылысын салу көзделуде. Олар Шарын, Іле, Ертіс өзені бойында болса, Жоңғар қақпасында жел электр стансасын салу жоспарлануда. Сонымен, мемлекетіміздің экономикасын нығайтуда жетекші орындардың бірін отын-энергетика кешені алып отыр. Оны көмір өнеркәсібі бастаса, электр қуатын өндіру ісі жалғастырып отыр.

5-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Не білемін?	Не білдім?	Не білгім келеді?

Грамматикалық материал

Ісқағаздарының түрлері және оларды топтастыру

Ісқағаздарының түрлері өте көп, олардың негізгі түрлерін мақсаты мен мазмұнына, жасалған орнына, жасалу сатысына, қызметіне, формасына т.б. ерекшеліктеріне қарап топтастыруға болады.

Ісқағаздары мазмұны мен қызметіне қарай үш топқа бөлінеді.

1-ші топ. Жеке адам өміріне қатысты құжаттар.

2-ші топ. Азаматтық қарым-қатынасты реттейтін құжаттар.

3-ші топ. Басқару, ұйымдастыру қызметіне қатысты құжаттар.

Жеке адам өміріне қатысты ісқағаздары	Азаматтық қарымқатынастарды реттейтін ісқағаздары	Басқару, ұйымдастыру қызметіне қатысты ісқағаздары	
Түйіндеме Жеке іс парағы Арыз Кепілдеме карточкасы Жеделхат	Өмірбаян Өтініш Мінездеме Визит Анықтама	Қолхат Кепілхат Сенімхат Өтінім Тапсырыс Келісімшарт Шарт Еңбек шарты Еңбек келісімі	Хаттама Қызметтік хаттар Хабарландыру Бұйрық Жарлық Үкім Өкім Жарғы Ереже Қаулы Шешім

6-тапсырма. Берілген тапсырмаларды орындаңдар.

А) Берілген пункттер бойынша өмірбаяныңды жпзыңдар.

1. Құжаттың атауы.

2. Аты-жөні (толық жазылады), туған күні, айы, жылы, туған жері.

3. Ұлты. Азаматтығы.

4. Білімі, оқыған оқу орындары.
 5. Жетістіктері.
 6. Отбасы (ата-анасы, жұбайы, балалары) туралы мәлімет.
 7. Қосымша мәліметтер (тіл білуі, қызығушылығы) т.б.
 8. Қазіргі жұмысы, мекенжайы туралы мәлімет.
 9. Құжаттың жазылған күні, айы, жылы.
 10. Қолы
- Ә) Қазақ тіліне жазбаша түрде аударыңыз.

Расписка

Я, студент группы ИИТ-02-17 Малик Нуршаулы, взял в читальном зале «Қазақ тілі» для временного пользования энциклопедию «Казахстан» (стоимостью 2000 тенге). Обязуюсь вернуть книгу в течение недели. Номер удостоверения личности №123456789.

15 февраля, 2003 г.

(подпись)

Б) Керекті тілдік бірліктерді қойып, көшіріп жазыңыз.

Хабарландыру!

Физика-математика ғылымдарының университеттерге жоғары оқу орындарына оқуға түсуге физика және математика бойынша көрсетеді: есептерді шешуге, жұмыс істеуге дағдыландырады. Төлемақысы –..... бойынша. Мына телефон хабарласуыңызға болады: 67-29-36.

Керекті тілдік бірліктер: компьютерде, кандидаты, келісім, нөміріне, көмек, техникалық, талаптанушыларға, пәндері, күрделі

Тақырып 3.15 Электрмен қамтамасыз ету жүйесінің жіктелуі

Электрмен қамтамасыз ету жүйесінің жіктелуі

Бүгінгі күні объектіні электр энергиясымен тұрақты түрде жабдықтау – қалыпты тұрмыс жағдайларын қалыптастыруға және офистер мен өндіріс орындарының тиянақты жұмысын қамтамасыз етуге қажетті фактор. Сонымен қатар, электр энергиясымен жабдықтаудағы іркілістер келеңсіз жағдайларды тудыруы мүмкін бірнеше ғимараттар, атап айтқанда медициналық мекемелер, білім беру ұйымдары мен басқа да ұйымдар бар. Электрмен жабдықтау жүйесін жақсы жағдайда сақтау үшін дұрыс пайдалануды және жүйелі түрде сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету керек. Қызмет көрсету бойынша сервистік қызметтер желілердің электр қондырғыларын пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету, электр энергиясының тұтынуын төмендету және энергия шығындарын тиімді ету мәселелерін шешуге көмектеседі.

1-тапсырма. Дұрысын тап. Электрмен қамтамасыз ету жүйесінің жіктелуі - (Классификация системы электроснабжения):

Электр энергиясы көздерінің түрі бойынша —	постоянного тока, переменного тока 50 Гц, переменного тока 400 Гц и др.
Конфигурациясы бойынша —	СЭС автомобиля, танка, вертолёта,

	спутника
Ток түрі мен жиілігі бойынша —	обеспечение потребителей 1 (1А, 1Б, 1В), 2, 3 категорий надёжности, обеспечение смешанных потребителей.
Фазалар саны бойынша -	стационарные, мобильные, возимые, носимые.
Бейтарап режимі бойынша —	системы автономного, резервного, аварийного, дежурного электроснабжения.
Электрмен жабдықтау сенімділігі бойынша —	— одно-, двух-, трёх-, многофазные.
Мақсаты бойынша —	электрохимические, дизель-электрические, атомные и т. д.
Ұтқырлық дәрежесі бойынша —	с изолированной нейтралью, глухозаземлённой нейтралью, компенсированной нейтралью и т. д.
Негізгі тұтынушыға тиесілігі бойынша —	централизованные, децентрализованные, комбинированные.

2-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріңдер.

құрал-жабдықтар	качество энергии	energy quality
электр қабылдағыштар	установки	cable line
орташа қуатты	управления энергией	energy management
қондырғылар	источник электроэнергии	power source
қоректену блоктары	кабельная линия	installations
энергия сапасы	средняя мощность	electric receiver
электроэнергия көзі	блоки питания	equipment
тарату құрылғылары	оборудование	power supply
кабельдік желі	распределительные устройства	switchgear
энергиямен басқару	электроприемники	average power

3-тапсырма. Берілген мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

Электроснабжение – тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ету. Электроустановка-это –электр энергиясын өндіру, түрлендіру, трансформациялау, тарату үшін арналған және оны энергияның басқа түріне түрлендіретін, машиналар, аппараттар, сымдар және көмекші қондырғылардың жиынтығын айтамыз.

Потребитель электроэнергии означает –белгілі бір аймақта орналасқан және технологиялық процесспен біріктірілген, электрқабылдағыш немесе электрқабылдағыштар тобы. Электр энергиясын қабылдағыш – электр энергиясын, энергияның басқа түріне түрлендіретуге арналған аппарат.

Система электроснабжения – тұтынушыларды электрмен қамтамасыздандыруға арналған электр құрылғыларының жиынтығын айтады.

Система бесперебойного электроснабжения – сыртқы электрмен қоректендіру көздері ауытқыған кезде қабылдағышты электрмен үздіксіз қоректендіру көздерінің аккумуляторында жиналған энергиямен қамтамасыздандыратын электр құрылғысын айтады.

4-тапсырма. Электрмен қамтамасыз ету жүйесінің жіктелуі бойынша «ББТЗО» кестесін толтырыңдар.

Б (білемін)	Ол туралы мен не білемін?
Б (білгім келеді)	Нені білгім келеді?
Т (табу)	Көбірек ақпаратты қайдан табамын?
З (зерделеу)	Нені зерделеу керек?
О (одан кейінгі іс-әрекет)	Одан әрі не істеу керек?

5-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен туынды және түбір сөздерді теріп жазыңдар.

Туынды сөздер	Түбір сөздер

Грамматикалық материал

Ісқағаздарының қызметтері мен сипаттары

Ісқағаздарының қызметтері:

- жеке тұлғалар арасындағы қатынасты реттеуші;
- жеке адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеуші;
- әртүрлі мекеме, ұйымдардың өзара байланысын реттеуші;
- мекеме, ұйым жұмысын ұйымдастыру тәртібін негіздеуші;
- жеке адам мен қоғам өміріне қатысты оқиғаларды айғақтаушы;
- мемлекеттік басқару ісін жүйелеуші;
- тарихи құбылыстарды зерттеудің қайнар көзі;
- мекеме мен ұйымның атқарған істерінің көрсеткіші;
- мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.

Ісқағаздарының сипаттары:

- саяси (мемлекетшілік, мемлекетаралық, халықаралық қатынастарда);
- әлеуметтік (қоғамдық-әлеуметтік қатынастарда);
- ұйымдастырушылық (басқару қызметі жүйесінде);
- құқықтық (заңды және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарда);
- тарихи (әр дәуірдің, қоғамдық сатының өзіндік ерекшеліктеріне сай қатынастарда);
- ресмилік (міндетті түрде заңды тұрғыда тіркелуінде)

Құжаттау үдерісінің элементтері:

1. құжаттарды дайындау;

2. құжаттарды жолдау, тіркеу;
3. сырттан келген құжаттарды қабылдау, тіркеу;
4. құжаттарды қолдануға дайындау;
5. құжаттардың жүзеге асырылуын бақылау;
6. құжаттарды мұрағат қорына дайындау.

6-тапсырма. Берілген тапсырмаларды орындандар.

А) «5 жол өлең стратегиясы»

1. Істер номенклатурасы – зат есім
2. Сын есім
3. Етістік
4. Сөйлем
5. Синоним

Ә) «Роль деловых бумаг в жизни человека» тақырыбына эссе жазу

№ 4 Бөлім. Кәсіптік -бағдарлық мәтіндері.

Тақырып 4.1. Қазақстан электр энергетикасының қалыптасу кезеңдері

1-тапсырма. Мәтінді оқып шығындар. Төменде берілген сөйлемдер дұрыс па, бұрыс па екенін анықтаңдар.

Қазақстан электр энергетикасының қалыптасу кезеңдері

Жалпы электр станциялары қуатының артуына, электр қуатының өндірілуіне, экономиканы электрлендіру деңгейіне жасалған талдау негізінде кеңестік дәуірдегі Қазақстан электр энергетикасының даму жолын негізгі үш кезеңге бөлуге болады:

Бірінші кезең 1918 — 1945 жылдарды қамтиды, бұл кезеңде сол уақыттың өлшемі бойынша ірі электр станциялары салынып, алғашқы энергетикалық тораптар пайда болды.

Екінші кезеңде (1946 — 1958 ж.) аймақтық электр станцияларында электр қуатын бір орталықтан өндіру күрт артты, алғашқы энергетикалық жүйелер құрылды.

Үшінші кезеңде (1959 — 1990 ж.) республиканың энергетикалық базасы жедел қарқынмен дамып, аймақтық энергетикалық жүйе қалыптасты.

Сөйтіп, Қазақстан өзінің электр қуаты жөніндегі мұқтаждарын толық қамтамасыз ететін әрі оны өзге елдерге шығаратын ахуалға жетті. Бұл кезеңде Алматыда, Қарағандыда, Петропавлда, Жамбылда, Шымкентте, Павлодарда ірі аймақтық су электр станциялары (АСЭС) салынды. Ертіс өзенінде Өскемен және Бұқтарма су электр станциялары (СЭС), Іледе Қапшағай СЭС-і жұмыс істеді.

Тілдік бірліктер:

Қуат – мощность

Деңгей – уровень

Кезең – период

Қамтиды – охватывать

Орталық – центр

Өзге – другие
Салынды – построили

Сөйлемдер	Ия	Жоқ
Электр энергетикасы — энергетиканың басты құрастырушысы		
Қазақстан өзінің электр қуаты жөніндегі мұқтаждарын толық қамтамасыз етпеді		
Қапшағай АЭС-і жұмыс істеді		
Электр энергетикасы басты міндеті — электр энергиясының тұтынушыларын электрлік энергиямен жабдықтау үшін электр энергиясын тиімді жолмен өндіру, тарату және үлестіру.		
Үшінші кезең 1946 — 1958 ж. қамтиды		
Электрлік энергияның маңызды өзгешілігі — оны бір уақытта өндіріп, сол уақытта тұтынуға болмайды.		
Қазақстан электр энергетикасының даму жолының төрт кезеңі бар.		

2-тапсырма. Мәтіндерді орыс тіліне аударыңдар.

1990 ж. КСРО экономикасының құлдырауы қарсаңында республика электр станцияларының қуаты 18 млн. кВт-тан асты, ал Қазақстанның жалпы электр энергиясын тұтынуы 104,8 млрд. кВт/сағатты құрады, оның 87,4 кВт/сағаты меншікті электр станцияларында өндірілді.

1990 ж республикада 131,5 млн. т көмір, 25,5 млн. т мұнай мен газ конденсаты және 6,8 млрд. м³ газ өндірілді. Өндірілген көмір мен мұнайдың едәуір бөлігі республикадан тысқары шығарылды.

1990 ж. басқа елдерге 10 млн. т кокстелетін және 46,6 млн. т энергет. көмір (42,9%), 21 млн. т мұнай мен газ конденсаты (82,4%) шығарылды. Республиканың отын балансындағы газдың үлесі 15% болды.

1990 ж. республиканың ұлттық табысындағы үлесті энергия сыйымдылығы 1 сомға шаққанда 4,01 кг болды, мұның өзі өзге одақтас республикалармен салыстырғанда 28%-ға көп.

Қазақстан электр энергетикасы 1991 жылдан дағдарысты жағдайды бастан кешірді. Республиканың қолданыстағы энергетикалық қуаты 1990 жылдың басында 17000 мВт-қа жуық болса, 1998 ж. ортасына қарай бұл қуат 10000 мВт-қа дейін қысқарды.

3-тапсырма. Сәйкес қосымшаны белгілеңіздер.

Жылдамдық.....тан/пен/та таратылады; синхрондау.... ды/да/дың жүзеге асырады, енімнің құрам.....ға/ына/нан 32 арна кіреді: Е1 стандарт....ы/ын/ының қабылданған; арна....ны/н/ның мультиплекстейді; мәліметтер беру...ді/де/ден қамтамасыз етеді; арттыру...да/ға/дан болады.

4-тапсырма. Берілген сөздерді басқа қандай сөздермен ауыстыруға болады? Олармен сөйлем құраңыздар.

Берілген сөз	Басқа ауыстыруға болатын сөз	Сөйлем
Қуат		
Даму		
Уақыт		
Алғашқы		
Жедел		

Сөзжасамдық тәсілдер

Тілде жаңа сөз жасаудың қалыптасқан өзіндік жолы, заңдылығы бар. Жаңа сөздер қазақ тілінің заңдылықтары бойынша, яғни сөзжа- самдық тәсілдер бойынша жасалады.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде әбден орныққан, қалыптасқан негізгі тәсілдері мыналар:

- 1) синтетикалық тәсіл;
- 2) аналитикалық тәсіл;
- 3) лексика-семантикалық тәсіл.

Сөзжасамның синтетикалық тәсілі

Синтетикалық сөзжасамдық тәсіл – жаңа сөз жасаудағы негізгі тәсіл. Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауда екі тілдік бір-лік қызмет атқарады: лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жұрнақ. Мысалы: жаңалық, жүлдегер, ақылды, ардагер, айыпкер, сәулетші.

Туынды сөздің жасалуына негіз болған сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағынасы байланысты болатындықтан, туынды түбір-дің қай сөзден жасалғанын дәлелдеуге болады. Мысалы, өнім деген туынды түбірдің лексикалық мағынасы өну әрекеті арқылы шыққан. Өн, өнім сөздерінің мағыналық байланысы анық көрініп тұр, сол ар-қылы ол дәлелденеді.

Сонымен, сөзжасамдық мағынаны негіз сөз бен туынды түбірдің мағыналық байланысы арқылы ажыратуға болады.

Негіз сөз дегеніміз – туынды сөздің лексикалық мағынасына ар-қау болатын сөз. Мысалы, кәсіпкер, қаламгер, аңшы деген туынды сөздер кәсіп, қалам, аң деген негіз сөздерден жасалған. Ал егінші, өнімді, білімпаз, сәнқойлық деген сөздерге егін, өнім, білім, сәнқой деген туынды түбірлер негіз болған.

5-тапсырма. Мәтінінен синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерді теріп алып, түбірін (негіз сөз) анықтап, кестеге түсіріңдер.

Туынды сөз	Түбір сөз

Жаһандану адамзат қоғамына не берді? Алдымен, ғы-лыми-техникалық, экономикалық жетістіктерді айтамыз. Әлемнің бір түкпірінде ашылған ғылыми жаңалық ғаламтор арқылы сол сәтте жер жүзіне тарап, жалпы адам баласының игілігіне айналуда. Жер бетінде жаһандануға ұшырамаған ел кемде-кем. Ұлттық, мемлекеттік шекараларды білмейтін жа-һандану бүкіл

әлемді қоғамдық дамудың тайқазанында бұрқ- сарқ қайнап жатқан біртұтас дүниеге айналдыруда. Қазір әлемде жаһандану қамтымаған сала жоқ. Ішіп-жеген тамағы- мыздан бастап, киген киімімізге, мінген көлігімізге, өндіріс орындарының құрал-жабдықтарына, тұрғын, жатын, жұмыс жайларындағы жиһаздарға, техникаларға, өмір сүру, еңбек ету салтымызға дейін қамтып, өзінің өміршеңдігін көрсетіп отыр. Бірінде барды екіншісі пайдаланып, жер бетінде өмір сүріп жатқан халықтардың материалдық, қоғамдық, экономикалық, мәдени жағынан жетіле түсуіне септігі тиері анық. Қазіргі заманда мәдениеттер мен өркениеттер қақтығысынан үркіп, жаңа заманға бейімделмей, өткенді аңсап, өткенмен ғана өмір сүру ұлттық дамуды тежейді, тіпті жолда қалдырады. Сондықтан жаһанданудың жақсы жақтарын ала білу ұлттық дамудың маңызды шарттарының бірі болып отыр. Бұл – жаһанданудың қоғамдық дамудың барысында туындаған қажеттілігі, пайдалы жағы.

(Д.Ысқақұлының «Жаһандану дегеніміз не?» мақаласынан)

6-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыздар.

Маған қиын болды.

Мен ... тапсырмаларды орындадым.

Мен ... екендігін түсіндім.

Мен ... үйрендім.

Тақырып 4.2 Қазақстан энергетикасы қорының жағдайы мен болашағы

1-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, жоспар құраңыздар.

Қазақстан энергетикасы қорының жағдайы мен болашағы

Ел экономикасының дамуы мен келешегі оның энергетикалық жағдайына, табиғи байлығының мүмкіндігіне байланысты.

Қазақстан – бағыт-бағдары белгіленген, шын кіріссе өзін-өзі қамтамасыз ете алатын, табиғи байлыққа бай дамушы мемлекет.

Қазақстан энергетикасы — электр энергиясы мен қуатын өндіру және электрмен жабдықтау жүйесі; ұлттық экономиканың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымындағы маңызды сала әрі өнеркәсіптің басқа салаларын дамытудың басты базасы.

Бізде «жасыл экономиканың» концепциясы қабылданды, бұл кәдімгі өзіміз айтып жүрген «жасыл энергетика». Ондағы бірінші қадам – баламалы энергетиканы қарқынды дамыту. Бұл орайда, бүгіндері Түркістан, Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарында іске асырылған жобалар бар. Мысалы, Түркістан облысы Қазығұрт ауданындағы Өгем өзенінің орта ағымында су электр стансасы каскадының алдын ала жобалау (ПредТЭО) жұмыстары басталды. Сол сияқты 2019 жылдың тамыз айында Төлеби ауданының Сайрамсу өзенінде қуаты 2,5 МВт (жобалық қуаты 3,75) «Кеңес-1» ШГЭС іске қосылды. Осы облыста МГЭС «Кеңес-1» ШГЭС жанында

«Ке-нес-2» ШГЭС жобалау жұмыс-тары және Ақсу, Арыс, Сайрамсу, Қасқасу өзендерінің бойында бірнеше ШГЭС жобалары, сон-дай-ак Отырарда қуаты 50 МВт күн электр стансасы салынып жатыр.

Бүгінде баламалы энергетика көзін дамыту жоспары мен нысандар құрылысын жүзеге асыруға қатысты барлық заң, заңна-малық актілер бар. Қазақстанда осы бағытты жүзеге асыруға барлық өңірде мүмкіндік бар.

2-тапсырма. Қазақстан энергетикасы саласы бойынша SWOT талдау жасаңдар.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктері	Қаупі

3-тапсырма. Сөйлемдерді сәйкестендіріңдер.

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік реттеу мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

энергия қуатын тұтынушылардың сұранысын жоғары-деңгейде қанағаттандыру және	сенімді де тұрақты жұмысын қамтамасыз ету;
Қазақстан Республикасы электр энергетикасы кешенінің	қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр жеткізу желілері мен қосалқы станциялардың жиынтығын құрайды.
еліміздің шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік кешенінде	тіршілікті қамтамасыз етудің маңызды құралы саналатын Қазақстан Республикасы электр энергетикасы кешенін басқарудың тұтастығы
Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикасы жүйесі (ҚР БЭЖ) республика тұтынушыларын сенімді әрі сапалы электрмен жабдықтауды	тұтынушылардың ішкі нарықта электр мен жылу энергиясын жеткізушілерді таңдау құқығына кепілдік беретін бәсекелестік жағдай тудыру жолымен электр және жылу энергиясы қатысушыларының құқықтарын қорғау;

4-тапсырма. Кім жылдам? Ел, болашақ, Отан жайлы мақал-мәтелдерді жазыңыздар. Мағынасын түсіндіріңдер.

Сөзжасамның аналитикалық тәсілі

Аналитикалық сөзжасамдық тәсіл – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнім- ді тәсіл. Аналитикалық тәсіл дегеніміз – екі я одан да көп сөзден (сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, қысқаруы арқылы) бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы.

Аналитикалық тәсіл барлық сөз табының сөзжасамынан кең орын алады. Мысалы: үшбұрыш, тікұшақ, көмір қышқылы, ақсақал, те- мірқазық (зат есімдер); қызыл ала, орта бойлы, қызыл шырайлы, ақ шашты (сын есімдер); қырық сегіз, он алты, екі жүз, бес мың (сан есімдер); кіріп шық, алып кел, алып бар (етістіктер); күні кеше, күндер- де бір күн, бүгін, биыл (үстеулер); тақ-тұқ, тарс-тұрс, жалт-жұлт (еліктеуіштер); пай-пай, ойпырмай, бәрекелді (одағайлар).

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер күрделі сөздер деп аталады. Күрделі сөздер толық мағыналы сөздерден жасалады.

Қазақ тілінде аналитикалық тәсілдің бірнеше түрі бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту.

Бұлардың әрқайсысы тілдің сөзжасамында өнімді қызмет атқарады. Аналитикалық тәсілдің осы ішкі төрт түрі күрделі сөздің төрт түрін жасайды. Олар: біріккен сөздер, қос сөздер, тіркескен күрделі сөздер, қысқарған сөздер.

Екі сөзден біріккен жалқы есімдер (Қажымұқан, Дүйсенәлі, Көк- шетау, Сырдария), терминдік атаулар (бесжылдық, матанализ), тұрақты тіркестер (ден қою, құлақ салу, тіс жару, тіл қату), кіріккен сөздер (ендігіден әрі – ендігәрі, алып кел – әкел), қос сөздер (бала- шаға, егжей-тегжей, қап-қара), қысқарған сөздер (БҰҰ, ҒА, ҚазТА7, кг, см) және т.б. аналитикалық тәсілмен жасалған.

5- тапсырма. Аналитикалық тәсілдің төрт түріне (сөзқосым, қосарлау, тіркестіру, қысқарту) мысалдар келтіріңдер.

6-тапсырма. Қарамен жазылған сөздерге морфологиялық талдау жасаңдар. Әрине, мемлекет **деңгейінде** экономиканы **эртараптандыру**, осы бағытта технологиялық, инновациялық қадам жасау, өңірлік саясат жүргізу, кадр дайындау кезек **күттірмейді**. Жалпы, энергетика саласы келешекте Қазақстан **экономикасын** дамыған елдер экономикасымен **теңестіруде** маңызды орын алады. Ол мақсатқа жету үшін **бүгіннен** бастап еліміздің барлық **өңірінде** жанартылатын энергия көзін көбейту, атом **энергетикасының** дамуын, сол бағытта атом стансасын салу, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру **шараларын** қамтамасыз етуіміз қажет.

Мысалы: деңгейінде

Деңгей – зат есім

- і - тәуелдік жалғаудың III жағы

-нде – жатыс септігінің жалғауы

Тақырып 4.3. Қостанай энергоорталығы

1-тапсырма. Мәтінді оқып шығыңыздар. Қостанай энергоорталығы тағы не білесіздер?

Қостанай энергоорталығы

«Қостанайский ЭнергоЦентр» ЖШС тұтынушыларды энергиямен жабдықтау бойынша қызметті жүзеге асырады және Қостанай облысының аумағында ең ірі Кепілді жеткізуші болып табылады. Электр энергиясының Кепілді жеткізушісі жауапкершілік аймағына сәйкес басқа энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен салыстырғанда тұрмыстық тұтынушылары көп энергиямен жабдықтаушы ұйымдар арасынан анықталады (2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 ҚР Энергетика министрінің бұйрығымен бекітілген «Электр энергиясының бөлшек сауда рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеу, сондай-ақ осы рынокқа қызметтер көрсету ережесінің» 12 тармағы).

«Қостанайский ЭнергоЦентр» ЖШС өндірістік қызметін энергия көздерімен, электр энергиясын беруді (тасымалдауды) жүзеге асыратын өңіраралық және өңірлік компаниялармен жасалған шарттар және электр энергиясын тұтынушылармен (заңды және жеке тұлғаларымен) жасалған шарттар негізінде жүзеге асырады. «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңының 25-бабына сәйкес электр энергиясын беру жөніндегі қызмет энергиямен жабдықтау жөніндегі қызметтен бөлінген. Заңның осы нормасына сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйым электр энергиясын берумен айналыса алмайды және өз желілері болмауы тиіс. Осыған байланысты, «Қостанайский ЭнергоЦентр» ЖШС энергия беруші компаниялармен электр энергиясын тасымалдауға шарттар жасайды, олардың желілері біздің тұтынушыларымызға дейін жүреді.

Қазіргі уақытта компанияның энергия ресурстарын негізгі жеткізуші «Севказэнерго» АҚ (Солтүстік Қазақстан облысы) болып табылады. «Қостанайский ЭнергоЦентр» ЖШС сатып алатын электр энергиясы тасымалдаушы компаниялардың желілері бойынша тұтынушыларға дейін жеткізіледі: өңіраралық желілер бойынша – «KEGOC» АҚ; кернеуі 35-110 кВ «Межрегионэнерготранзит» ЖШС өңірлік желілер бойынша; кернеуі 0,4 – 10 кВ «ЭПК-forfait» ЖШС өңірлік желілер бойынша; ҚТЖ ҰК АҚ; ССГПО АҚ, Atica ЖШС желілері бойынша.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес энергиямен жабдықтау қызметі қоғамдық маңызы бар қызметке жатады және мемлекетпен реттеледі, яғни электр энергиясының тарифтері уәкілетті органмен – «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау

комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті» РММ келісілгеннен кейін қолданылады.

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жеке тұлғалар абоненттерінің саны 205 000-нан астам тұтынушыны және заңды тұлғалардың саны 9 000-ға жуық тұтынушыны құрайды. «Қостанайский ЭнергоЦентр» ЖШС Қостанай қаласы, 516 елді мекен және Қостанай облысының 14 әкімшілік ауданы аумағында электрмен жабдықтау қызметін көрсетеді: Алтынсарин, Әуликөл, Денисов, Жітіқара, Қамысты, Қарабалық, Қарасу, Қостанай, Меңдіқара, Науырзым, Сарыкөл, Таран, Ұзынкөл, Федоров. «Қостанайский ЭнергоЦентр» ЖШС-нің ұжымы 250 адамға жуық.

2-тапсырма. Сөйлемдердің аудармасын мәтіннен тауып, сөйлемді жалғастырыңдар.

1. ТОО «КЭЦ» оказывает услуги по энергоснабжению на территории _____.
2. Основным поставщиком энергоресурсов Компании в настоящее время является _____.
3. Коллектив ТОО «Костанайский ЭнергоЦентр» насчитывает _____.
4. ТОО «Костанайский ЭнергоЦентр» осуществляет деятельность по _____.
5. Производственную деятельность ТОО «Костанайский ЭнергоЦентр» осуществляет _____ на _____ основании _____.

3-тапсырма. Сөйлемдерді сәйкестендіріңдер

Товарищество с ограниченной ответственностью “ЭПК-forfait” является	разработка и реализация комплекса мероприятий, направленных на обеспечение надежного электроснабжения потребителей области.
В структуру ТОО входят 12 районов электрических сетей (РЭС), 3 участка электрических сетей	и выполнения строительно-монтажных работ до включения электрооборудования в сеть.
Основной задачей компании является передача и распределение электрической энергии, а также	распределительной электросетевой компанией и осуществляет передачу и распределение электрической энергии потребителям Костанайской области.
Кроме этого, компания предоставляет обширный перечень услуг начиная от проектирования установки электрооборудования	входящих в состав Костанайского, Аулиекольского, Карасуского РЭС и Костанайская Горэлектросеть, которые обслуживают 14 административных районов области.

4-тапсырма. «Костанайский энергоцентр» сайтына кіріп, соңғы жаңалық қандай екенін біліп, дәптерге жазыңдар.

5- тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- А) Колледжді бітірген соң, қай жерге жұмысқа орналасқын келеді?
- Б) Қай жерлерден практикадан өттіңіз? Өтпесеңіз қай жерде өтуін жоспарлап отырсыз?
- В) Сіз қазір 3 курс студентісіз, мамандығыңызды толық меңгердіңіз бе?
- Г) Осы мамандықты таңдағаныңызға өкінбейсіз бе?

Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі

Ғылым салаларында лексика-семантикалық тәсіл арқылы термин- дер көп жасалған: сөз, буын, мағына, есім, шылау, үстеу (тіл білімі), күн, нарық (экономика), теңеу, суреттеу, өлең, әңгіме (әдебиет), қимыл, қозғалыс (физика), үшбұрыш, көбейту, қосу, алу (математи- ка) және т.б.

лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуі- не байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды. Конверсия жолымен жаңа сөздің жасалуы – өте көп тараған тәсіл. Мысалы, зат есімге заттану арқы- лы көшкен сөздер өте көп: бүлдірген, ағарған, қорған, қамал, айтыс, қоршау, ақ, асар, жетісі, екпін, жасау т.б.

лексика-семантикалық тәсілде сөз ешбір тілдік бірліктің көмегін- сіз, дыбыстық құрамын сақтай отырып, мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Мысалы, қорған, айтыс, жарыс, бірге, біреу т.б. Бұл сөздердің тілде дәл осы тұлғада, осы құрамда басқа мағыналары бар және ол мағыналары алғашқы негізгі мағынаға жатады. Мыса- лы: қорған, айтыс, жарыс – етістік, қимыл; бірге, біреу – сан есім, сандық ұғым.

лексика-семантикалық тәсілде мағынасы өзгерген сөз үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейді. Сондықтан лексика- семантикалық тәсілдің іштей айырмасы бар:

- 1) сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі: асар, жасау, қорған т.б.;
- 2) сөз жаңа мағына алса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы: құн, нарық (экономика), буын, есім (тіл білімі) және т.б.

6-тапсырма. Мәтіннен лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздерді табыңдар. Конверсия жолымен жасалған сөздердің қай сөз табынан қай сөз табына ауысқанын түсіндіріңдер.

Алғашқы негізгі мағынасы	Жаңа мағынасы

Әлемде болып жатқан кең ауқымды қайта құрулар ақпа- раттық- коммуникациялық технологиялардың қарқынды да- муымен тығыз байланысты. Ғаламдық ақпарат, ақпараттық- коммуникациялық

технологиялар – ХХІ ғасыр қоғамының қалыптасуына әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі.

Ақпараттық дамудың жаһандық жүйесі – қазіргі заманғы интеграциялық процестердің ішіндегі аса ықпалдысы. Оған коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану, жаһандық ақпарат



желілерінің пайда болуы және тез қарқынмен дамуы, адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерлендірілуі жатады. Сонымен қатар келешекте ақпараттық-коммуникациялық кешендердің көмегімен екі бағыттағы ғарыштық жүйені дамыту; бизнесті, өндірісті, үй шаруасын басқарудың біртұтас жүйесін құру; өмір сүру үрдістерінің мейлінше үлкен бөлігін компьютерлендіру мен роботтау жүреді. Олай болса, компьютерлік технологиялардың ғаламдық-ақпараттық кеңістікті қалыптастыруда, ақпараттық қоғамды дамытуда маңызы зор.

Тақырып 4.4 Қайталау- қорытындылау сабағы
1 тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударындар.

Электрик – это специалист, работа которого связана с электрическими приборами и оборудованием. Данные мастера имеют свою классификацию. Можно выделить простых электриков, которые занимаются бытовым электрическим оборудованием, и электромонтеров. Данные специалисты работают с высокими мощностями на ТЭС, ГЭС и т.д. Ежедневно они сталкиваются со всем спектром опасностей, которые таит в себе высокое напряжение. В работе электромонтера есть масса процессов. Для их выполнения есть правила допуска. Начинающий специалист никогда не будет иметь дело с высоким уровнем опасности (напряжение более 1000 В).

2-тапсырма. Электриктің міндеттерін тірек сызба түрінде жазындар.

3-тапсырма. Берілген суреттер мен керекті бірліктерді қатыстырып сөйлем құрастырындар.



Керекті бірліктер: іскер маман, электр тізбегі, электр тоғы, электр өлшеу, электр стансалары.

4 тапсырма. «Кадр бөлімінде» тақырыбында диалог құрастырындар,

5-тапсырма. «Бүгінгі студент-ертеңгі маман» тақырыбы аясында, өзіңді 10-15 жылдан кейін кім болатыныңды елестетіп көр. Ойларыңды жазбаша түрде жеткізіңдер.

1 бөлімге арналған тест тапсырмалары

1. «Сұлу» сөзінің синонимін табыңыз.

- A) Әдепті.
- B) *Әдемі.
- C) Сыпайы.
- D) Мықты.
- E) Салмақты.

2. Буын түрін анықтаңыз.

- A) Тұйық.
- B) Жалғау.
- C) Жалаң.
- D) Буын.
- E) Тасымал.

3. - дар, - дер, - тар, - тер, - лар, - лер жалғаудың қай түріне жататынын көрсетіңіз.

- A) Септік.
- B) Жіктік.
- D) Көптік.
- C) Тәуелдік.
- E) Етістік.

4. “Мамандық” ұғымына сәйкес келетін сөздер.

- A) даңғыл, көше
- B) орналасқан, түскен
- C) баспа, әкімшілік
- D) дәрігер, мұғалім
- E) тауар, зат

5. Берілген сөйлемді дұрыс аяқтаңыз. 30 тамыз -...

- A) Ынтымақ күні.
- B) Конституция күні.
- C) Тәуелсіздік күні.
- D) Республика күні.
- E) Жеңіс күні.

6. Қазақстанның көне қаласын белгілеңіз.

- A) Астана.
- B) Орал.
- C) Ақтау.
- D) Отырар.
- E) Атбасар.

7. Зергерлік бұйымдарды белгілеңіз.

- A) Алаша, көрпе, төсеніш.
- B) Кесе, қасық, пышақ.
- C) Кітап, дәптер, қалам.
- D) Шолпы, білезік, сырға, қапсырма.
- E) Қару - жарақ, ер - тұрман, қоржын.

8. Қазақ халқының ұлттық ойынын белгілеңіз.
- A) Шахмат.
 - B) Дойбы.
 - C) Баскетбол.
 - D) Тоғызқұмалақ.
 - E) Лото.
9. Күзден кейін келетін жыл мезгілін көрсетіңіз.
- A) Апта.
 - B) Қыс.
 - C) Жаз.
 - D) Күз.
 - E) Көктем.
10. Тіл Заңы қайта қаралып, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген жыл?
- A) Тіл Заңы қайта қаралып, 1989 жылы, 7 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген.
 - B) Тіл Заңы қайта қаралып, 1997 жылы, 7 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген.
 - C) Тіл Заңы қайта қаралып, 1991 жылы, 7 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген.
 - D) Тіл Заңы қайта қаралып, 1997 жылы, 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген.
 - E) Тіл Заңы қайта қаралып, 1991 жылы, 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген.
11. «Қоян жүрек» фразеологизмінің антонимін табыңыз.
- A) Қорқақ.
 - B) Әлсіз.
 - C) Салмақты.
 - D) Батыр.
 - E) Күшті.
12. Синонимдік қатарды көрсетіңіз.
- A) Іс, сапар.
 - B) Кінәлі, айыпты.
 - C) Апару, әкелу.
 - D) Жұмысшы, оқушы.
 - E) Мәртебелі, сыйсыз.
13. Тіл Заңы бірінші қай жылы қабылданды?
- A) Тіл Заңы бірінші 1989 жылы, 22 қыркүйекте қабылданды.
 - B) Тіл Заңы бірінші 1991 жылы, 22 қыркүйекте қабылданды.
 - C) Тіл Заңы бірінші 1989 жылы, 21 қыркүйекте қабылданды.
 - D) Тіл Заңы бірінші 1992 жылы, 22 қыркүйекте қабылданды.
 - E) Тіл Заңы бірінші 1990 жылы, 22 қыркүйекте қабылданды.
14. Жалғауы ұяң дауыссыздан басталып тұрған сөзді табыңыз:
- A) Оқушылар.

- В) Көйлектер.
С) Қонақтар.
D) Қайындар.
E) Дәптер.
15. Қанатты сөздерге не жатады?
A) ертегілер, мақал-мәтелдер
B) мақал-мәтелдер, нақыл сөздер
C) сөз тіркестері, нақыл сөздер
D) сөз таптары, жұмбақтар
E) тұрақты сөз тіркестері, ертегілер,
16. Тек үнді дауыссыздары бар сөзді табыңыз.
A) Сапар.
B) Айман.
C) Алпыс.
B) Азат.
E) Аймақ
17. Сөйлемдегі есімдіктердің түрін анықтаңыз: Мен ешқашан елімді сатпаймын!
A) Сілтеу, жалпылау.
B) Жіктеу, болымсыздық.
C) Жіктеу, сілтеу.
D) Жалпылау, белгісіздік.
E) Жіктеу, өздік.
18. Жалғаулық шылау қатысқан сөйлемді анықтаңыздар
A) 22 наурыз күні біз демаламыз.
B) Табиғатты аялайық.
C) Біресе мәтін оқимын, біресе теледидар қараймын.
D) Табиғат адамға бәрін береді.
E) Наурыз көжеге жеті түрлі дәм қосады.
19. Қазақ тілі түркі тілдес топтардың қайсысына жатады?
A) қыпшақ
B) ноғай
C) якут
D) құмық
E) қырғыз
20. Пусть исполнятся пожелания! сөзінің аудармасын көрсетіңіз.
A) Тілек қабыл болсын!
B) Арманыңызға жетіңіз!
C) Той тойға ұлассын!
D) Той құтты болсын!
E) Арманыңыз орындалсын!
21. Аударыңыз: *Культура, легенда*
A) Қаржы, негіз
B) Мәдениет, аңыз

- С) Ел, символ
 Д) Ахуал, саясат
 Е) әдебиет, аңыз
22. Тіл туралы Заң неше тарау және қанша баптан тараудан тұрады?
 А) Тіл туралы Заң 6 тарау және 27 баптан тараудан тұрады.
 В) Тіл туралы Заң 7 тарау және 27 баптан тараудан тұрады.
 С) Тіл туралы Заң 6 тарау және 28 баптан тараудан тұрады.
 Д) Тіл туралы Заң 7 тарау және 28 баптан тараудан тұрады.
 Е) Тіл туралы Заң 5 тарау және 27 баптан тараудан тұрады.
23. Тілін білмейтіндер емес,
 А) кемдігі жоқ.
 В) тіл айырар анасының баласын.
 С) тілімдегінің бәрі түрімде.
 Д) өз қадірін білмейді.
 Е) тілін білгісі келмейтіндер - мәңгүрт.
24. 9. Сөз мәдениеті дегеніміз не?
 А) Ресми түрде қабылданған, жалпыға ортақ емле ережесі.
 В) Құлаққа жағымды, көңілге қонымды, буын жігі бұзылмаған сөздер жиынтығы.
 С) Ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптармен қатар, өзіне тән нормаларды сақтау.
